1. О внесении изменений в постановление Правительства Республики Казахстан от 13 мая 2016 года № 292 "О внесении изменений и дополнений в постановление Правительства Республики Казахстан от 23 августа 2012 года № 1080 "Об утверждении государственных общеобязательных стандартов образования соответствующих уровней образования" (Постановление Правительства Республики Казахстан от 15 августа 2017 года № 485)

2. Групповая работа обучающихся как эффективная форма организации учебно-воспитательной деятельности. <https://infourok.ru/grupprovaya-rabota-obuchayuschihsya-kak-effektivnaya-forma-organizacii-uchebnovospitatelnoy-deyatelnosti-2123858.html>

3. Кайсина Н.А., Рогачева Т.В. Восемь форм группового обучения учеников: одна голова хорошо, а две лучше. <https://pedsouvet.su/publ/205-1-0-1133>

ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

АСАНОВА Гүлшат Сембекқызы

Балалар мен жасөспірімдер орталығы

Жамбыл облысы, Талас ауданы, Қаратау қаласы, Қазақстан

talas.zhasospirimderortalygy@mail.ru

Аннотация



Шетел тілін оқыту үрдісінде жаңа технологияларды қолданудың маңызы тақырыбы жайлы толық мағлұмат беру. Білім берудегі қазіргі оқу процессіндегі ағылшын тілін жылдам меңгеру технологиялары. Балалардың ағылшын тілін меңгерудегі жан –жақты дағдыларын дамыту.

Еліміз жылдар бойы аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізісімен, шетел тілі де мемлекетаралық тіл мәртебесіне ие болды. Ендігі кезекте шетел тілінің қолданылу аясын кеңейту кезек күттірмес мәселенің бірі болды. Осы орайда мектептерде ағылшын тілі пәніне көңіл де, ықылас та жылдан жылға артып, оны оқытудың тиімді әдіс- тәсілдері, технологиялары бойынша зерттеу жұмыстары, оларды тәжірибеге енгізу шаралары қолға алынды.

Менің мақсатым әр түрлі әдіс тәсілдерді қолдана отырып ағылшын тілі сабақтарын қызықтыра тиімді өткізу. Әр тәсілдің өзіндік ерекшеліктері мен оқушылардың қабылдау ерекшелігін ескере отырып меңгерту.

Ағылшын тілін саналы меңгерту, оны өз деңгейінде қажеттілікке айналдыру, бір жылғы мәселе емес, сондықтан ағылшын тілін оқыту ісімен шұғылданатын мамандар арасында туындайтын бір сұрақ: ағылшын тілінде өз ойын ауызша және жазбаша еркін жеткізе алуға қалай үйрету керек? Оқушыны ынталандыру үшін қандай әдіс-тәсілдерді, технологияларды қолданған жөн?

Білім берудегі қазіргі заманғы технологиялардың көмегімен жаңа білім беру парадигмасы іске асатын құрал ретінде қарастырылады. Білім беру технологияларының даму тенденциялары тұлғаның өзін-өзі тануына және өзін-өзі дамуына мүмкіндік беретін гуманитарлық білім берумен тікелей байланысты. "Білім беру технологиялары", "педагогикалық технология" терминімен қатар "оқыту технологиялары" термині қолданылады. Оның біріншісі көлемді болып келеді. Өйткені, білім беру технологиясында оқушының үйренушінің тұлғалық сапасын дамыту және құру мен байланысты болатын тәрбиелік аспекті бар.

Педагогикалық технология әр түрлі жағдайлардағы нақты өзара іс-қимылдарды, жүйеленген, бағдарланған, оқыту және тәрбиелеу стандарттарына сай тәсілдер негізінде компьютер мен техникалық құралдар қолдану арқылы да ұйымдастырылады. Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің құрылымдарында оқытудың айқындалған көптеген технологияларын пайдаланып жатқандығы белгілі. Болашақ маманға тәжірибе беруде ақпаратпен жұмыс істеу әдістеріне, жаңа білімдерді құру әдістеріне, ең маңыздысы - әлемнің дамуы туралы білімдердің қажетті деңгейін қалыптастыратын әдістерге үйрету. Сондықтан әрбір оқытушыға және оқушыға "оқыту" мен "үйрену" процестерін игеру үшін 3 тілді меңгеруі қажет: ана тілін, ғылым тілін және технология тілін. Сонымен технология көмегімен білімдерді, іскерлікті, дағдыларды игеру процесінде тұлғалық қасиеттің дамуында нәтижелі шешімге жету мүмкіндігі қамтамасыз етіледі. Ш.Т.Таубаева оқытудың қазіргі технологияларының аттарын атап көрсетіп, олардың мақсаттарын, тұжырымының және мазмұны мен әдістерінің ерекшеліктерін сипаттап көрсетеді. Жұмыста педагог-ғалымның зерттеулері басшылыққа алынған. Сонымен педагогикалық технологиялардан төмендегілерін бөле жарып көрсетуге болады:

- ойын арқылы оқыту технологиясы;
- проблемалық оқыту технологиясы;
- тірек сигналдары арқылы оқыту;
- деңгейлік саралап оқыту;
- міндетті нәтижелерге негізделген деңгейлік оқыту технологиясы;
- бағдарламалап оқыту технологиясы;
- оқытудың компьютерлік технологиясы;
- дидактикалық бірліктерді ірілендіру технологиясы;
- дамыта оқыту технологиясы;
- модульдік оқыту.

Сондай-ақ Қазақстандық ғалымдардың оқыту технологиялары белсенді түрде білім беру жүйесінде қолданылуда. Бұл технологиялардың өздеріне тән ерекшеліктері бар. Мәселен, В.Ф.Шаталовтың тірек сигналдары арқылы оқыту технологиясының ерекшелігі:

- үнемі қайталау;
- ірі блокпен оқыту, тіректі қолдану;
- жеке бағдарлы қарым-қатынас, ықпал;
- ізгілік;
- зорлықсыз, еркімен оқыту;
- әр оқушының табысының жариялылығын түзетуге, өсуге, табысқа жетуге жағдай жасау;
- оқыту мен тәрбиелеуді біріктіру.

Сондай-ақ әрбір педагогикалық технологияның өзіндік ерекшеліктері бар. Олардың негізгі қарастыратыны оқытуды нәтижелі ету. Педагогикалық жүйедегі негізгі өзекті мәселе – оқушылардың



ойлау қабілетін дамытып, өздігінен жұмыс істеуге баулу, өз ойын тұжырымдауға дағдыландыру болғандықтан сабақ барысында кеңінен деңгейлеп, дамыта оқытудың модульдік әдісін жиі пайдалану қолдау табуда.

Оқытудың қазіргі заманғы технологиялары - саралап деңгейлеп оқыту технологиясында оқытудың мазмұны мен әдістері шығармашылық ізденіс іс-әрекет жасау негізінде адамның инновациялық қабілеттерінің қалыптасуына бағытталады.


Деңгейлік саралау-оқушылардың бір сыныпта бір бағдарлама және бір оқулықпен оқу материалын түрлі деңгейде меңгеруі. Оқушыларды өзгермелі өмірде қорықпай, еркін өмір сүруге бағыттау. Білімі мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеге тәрбиелеу. Өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, дамыту. Аналитикалық ойлау қабілетін дамыту. Қазіргі қоғамда жүріп жатқан әлеуметтік терең өзгерістер білім беруді әдетке айналған оқу үрдісінде мұғалімге басымдылық рөл берілсе, ол қазір оқу үрдісінде оқушы белсенділік көрсетуі тиіс, оны оқытпайды, ол өздігінен оқу керек. Ал мұғалімнің негізгі көңіл аударатын жағдайы әрбір жеке қызығуымен мүмкіндіктерін ашу болмақ. Оқушылардың білім – білік дағдыларын жетілдіру үшін деңгейлеп саралап оқыту технологиясын өз тәжірибеме енгіземін. Саралаудың негізгі ұстанымы оқыту мазмұнын тарылту емес, ол мұғалім тарапынан оқушыларға берілетін көмек болуы тиіс. Негізінен тәжірибеде саралап оқытудың екі түрі кеңінен қолданылады:

- 1 . Деңгейлеп саралау
- 2 . Бағдарлық саралау

Модульді оқыту технологиясы

1. Инновация жолында модульдік технологияның алатын орны
- 2 . Модульдік оқыту технологиясының құрылымы
3. Оқыту модулін әзірлеуге ұсыныстар. Оқу модулін даярлау технологиясы модульдік технологиясы бойынша оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастыруда аймақтық компонентті пайдалана отырып, әр тақырыпты тірек-сызба арқылы түсіндіремін. Тірек-сызба мұғалімнің жұмысын жеңілдетеді, әрі оқушыларды осы тірек-сызба арқылы өз ойларын жүйелі түрде жеткізуге көмектеседі, яғни сөйлеу дағдысын қалыптастырады.

Мысалы: «My Family» тақырыбына тірек-сызба.



Қорыта келгенде, әр түрлі әдіс тәсілдерді қолдана отырып ағылшын тілі сабақтарын қызықтыра тиімді өткізу. Әр тәсілдің өзіндік ерекшеліктері мен оқушылардың қабылдау ерекшелігін ескере отырып оқушылармен жұмыс жасау.



САБАҚ БАРЫСЫНДА 7 МОДУЛЬДІ ЫҚПАЛДАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

АСАНОВА Марал Абдулхамитовна

«Қызылту ОМ» ММ

Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Жантеке ауылы, Қазақстан

maral_asanova_77@mail.ru

Қазіргі білім беру мектепте күннен-күнге дамып келе жатыр. Білім беру жүйесін жақсарту мақсатында мұғалім өз біліктіліктерін жетілдіріп отыруы керек. Ұстаз еңбегінің алтын арқауы-жаңа ізденіс, талпыныс. Әрбір бала табиғаттың ғажайып құбылысы. Сабақ-ұстаз бен шәкірттің адами қарым-қатынасы. Сабақтың мақсаты – баланың басқаға ұқсамайтын қасиетін анықтау. Ең алдымен сабаққа дайындықты неден бастау керек? Нақты тақырыпты ашу бағытындағы мақсат міндеттерді айқындау, сабаққа негіз болатын басты түсінікті анықтап алу, оны оқушының жас ерекшелігі мен қабылдау мүмкіндіктеріне орай жеткізуді көздеу, оқу материалын өз деңгейінде жеткізудегі өзіңіздің әрекет, тәсілдеріңізді ой елегінен өткізу керек. Сабақтың мақсатын айқындап белгілеуде шынайылыққа ұмтылып, өзің немесе оқушы үшін қажеттілігі неде екенін ойланып көру керек. Жаңа сабақ материалын даярлау барысында тақырыпқа сай әдебиеттерді таңдау қажет. Сыныптағы оқушының тек өзіне тән ерекшеліктері мен белсенділік деңгейін бақылау аса маңызды. Әр оқушының өзіндік, ешкімге ұқсамайтын қасиетін тануға назар аудару, арнайы тапсырма беру, бақылау нәтижесін баламен жұмыс барысында, сабақ құрылымын жүйелеуде пайдалану басты мақсат болып табылады. Сол себепті білім беру жүйесінде озық, жаңа тәсілдер сабақ оқытудағы үдеріске енгізілуде. Орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғарғы деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал оқыту әдістемелері арасында сындарлы теориялық оқытудағы негізделген тәсіл кең тараған. Сындарлы оқытуға негізделген сабақтар оқушыларға өз білімдері мен ұстанымдары жайында ойланып, сұрақтар қойып, білімін толықтырып, белгілі бір тақырыпты оқып-білу кезеңінде өз түсінігін өзгертуге мүмкіндік береді деген ойтолғамға келдім. Бұл үдеріс оқушының өз болжамына сенімсіздікпен, сол сенімсіздікке сыни тұрғыдан қарай отырып, соның ішіндегі әлем, тіршілік, жаратылыс туралы өзінің түсінігін терендетіп, кеңейтуге ұмтылу дағдысын қалыптастырады. Мектептегі тәжірибе кезінде бағдарламаның жеті модульін қарастырып, алғашқы сабағымнан бастап ықпалдастыра қолдануға тырыстым. Сондықтан, оқытудың жаңаша тәсілдерінің ерекшеліктерін ұғынып, тәжірибе кезінде қолдануды жөн көрдім. Бұрынғы дәстүрлі сабақтарыма өзгерістер енгізуді дұрыс деп қабылдадым.

Мұғалім оқушыларда Чиксентмихай «Өзіндік мақсат» деп атайтын және Раян мен Деки «Ішкі уәж» деп атайтын қасиеттердің болуына жағдай жасауға тырысуға тиіс. Яғни, оқушылар өз-өзін ынталандыра алады және осыған орай оларда ұмтылыс пен қызығушылық пайда болады. Нәтижесінде оқушылардың сабаққа деген құлшынысын, талпыныстары байқалды. Сындарлы оқу-мұғалімдерге оқушыларды оқыту барысында ең ұтымды, тиімді тәсіл. Себебі, баланың қандай деңгейде екендігін түсінуіне көмектеседі. Дәстүрлі сабақтар кезінде оқушы тек тыңдаушы болса, енді ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші, алған білімін өмірде қолдана алатын жеке тұлға. Ал мұғалім осы әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы, көшбасшы.

Жалпы өткізілетін сабақ барысында жеті модульді ықпалдастыра жұмыс жасауды қамтамасыз ету керек. Тек сонда ғана оқушылар білімдері дамып, ары қарай өмірде де пайдалана алады деген ой тұжырымдалады. Мұғалімнің баланы сабақта әртүрлі дамытудағы әдістер жаңаны үйренуде көмектесуімен өз шешімін табады. Оқушылардың таланты мен қабілетін ашып оларды оқыту барысында дамыту маңызды. Таланатты және дарынды санатындағы оқушылар өздерінің оқуларының нәтижелілігін арттыруға, өзін-өзі бақылау қабілетіне ие.

Жаңалыққа жаны құмар оқушылар әрдайым өз білімдерін толықтырып отырады. Оқушылар топтық жұмыста өз білімдерін жинақтайды. Оқушылар тақырыпқа сай өз білім дағдыларын анықтай алады, ізденушілік өздігінен орындалатын тапсырмаларға құлшыныс білдіреді. Талантты, дарынды оқушыларды анықтап, болашақта оларды дамытуда әртүрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланып, мысалы сергіту сәті, жас ерекшеліктеріне сай тапсырмалар, деңгейлік тапсырмалар, семантикалық карта, реттілігін анықтау, синквейн, сәйкестендіру кестесі тағы сол сияқты шығармашылық қабілеттерін анықтауда жұмыстар атқару қажет. Болашақтағы сабақтар барысында түрлі тәсілдерді пайдаланып, сабағымды пәнаралық байланыста өткізуді мысалы ән сабағымен оқушылардың икемділіктеріне қарай өткізуді мақсат етемін. Қазақстанның өркендеп дамуына өз үлесін қосатын болашақта елдің тұтқасын ұстайтын адал, еңбекқор, білімді, кез-келген қиындыққа төтеп беретін тұлға қалыптастыру үшін мұғалімдер көп еңбек ету керек. Сол себепті ұстаздар қауымы бір орында қалып қоймай, өз білімдерін әрқашан жетілдіріп, білімді де білікті жанашыр ізденімпаз адам болуы керек деген пікірді естен



шығармау қажет. Сабақ барысында «Кім көп біледі?», «Сөз ойла, тез ойла», сөзжұмбақ, ребус, сергіту сәттерінің әртүрлілігі оқушылардың пәнге деген, сабаққа деген көзқарастарын өзгертті және қызығушылық қабілеттерінің басымдылығы байқалды. Ертеңгі сабаққа мұғалім қандай қызықты көрнекі құралдар әкеледі, қалай топқа бөлінеміз деген сұрақтарды бір-біріне айтып жатқанынан аңғаруға болады. Оқушының пәнге деген көзқарасының ерекшелігін байқадым. Бойында сенімсіздік пен қорқыныш, көп алдына шығып өз ойын білдіруде жасқаншақ оқушылардың алға ұмтылысына қатты қуандым. Сындарлы оқыту тәсілдерінің тиімділігіне орай болашақтағы сабақтарда жүзеге асыруды мақсат етемін. Оқушылар қалай оқу керектігін үйренеді. Сонымен қатар өзінің ойын, көзқарасын толық жеткізе алатын, өз-өзіне сенімді, сыни ойлай алатын, қазіргі кездегі сандық жүйелерді меңгерген жеке тұлға қалыптасады. Ол үшін мұғалім жаңа тәсілдерді игеріп, бағдар беруші рөлін атқарады. Сабақ нәтижесі-оқушылардың іс-әрекетінен көрініс табады. Осыдан оқушылардың бұрынғы дәстүрлі сабақтардан жаңа сабаққа деген құлшыныстарының артқаны байқалды. Осы әдіс-тәсілдің артықшылығы уақыт үнемділігі, ұстаз бен оқушы шаршамайды, үдерісті басқару тиімділігінің артуы байқалады. Осы сабақтарды жүргізу барысында балалардың бойынан білімге деген құштарлығын, жаңашыл дүниеге қызығушылығын, өздеріне деген сенімділігін өзінің дүниесін өзгемен бөлісуін сынып ішіндегі ынтымақтастық атмосферасын өз-өздерін реттеу бәсекеге түсу арқылы топ үшін белсенділігін байқадым. Сонымен қатар тәжірибе барысында сыныптағы психологиялық ахуалға ерекше мән берілгеннің нәтижесінен оқушылардың өздерін еркін ұстауын байқадым. Сынып оқушыларын топтарға бөліп оқытудың тиімділігі қимылы баяу, белсенділігі төмен оқушылар көпшіліктің көлеңкесінде қалып қоймайды, әр оқушы өздігінен жұмыс жасайды. Заман талабына сай оқушы шығармашылығын дамытуға, мұғалім қажеттіліктеріне жан-жақты жауап беретін тиімді әдіс-тәсіл. Сыни ойлау-өзіндік және жеке ойлау. Себебі ойлау барысында әркім өз ойын және пікірін басқалардан тәуелсіз құра алады. Мәселені өз бетінше шешуді қамтамасыз етеді. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету тәсілінің дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы білімнің дайын күйінде берілмеуі. Оқушы мұғалім ұсынған әдісті пайдалана отырып, мәтінді оқиды, тыңдайды, жаңа мәліметті белгі қою немесе ойын қорыта жазу арқылы меңгеру қадамдарын жүзеге асырады. Оқушы өз қорындағы «жаңа» мәліметтерді «ескілермен» салыстыра қарап, мағынаны тану кезеңіндегі алынған ақпараттарды пайдалана отырып, жаңа игерілген материалды, тапсырмаларды орындау барысында қолдану мүмкіндігіне ие болады. Шығармашылық ізденіс, талдау, ақпаратты зерделеу жұмыстары жеке, жұп, топпен атқарылады. Жұмыс кезеңдерін нақты белгілеп, жүйелі ретті жұмыс істеуге бағыт береді. Шығармашылық деңгейде оқушы құбылысты өзі талдай келе, шағын зерттеу жұмысына бейімделеді. Бұл оқушының ойлау сатыларына бағдар берумен қатар, мұғалімнің де жұмыс барысындағы басқара білу шеберлігін шыңдайды. Оқушы тақырып бойынша білетіндерін еске түсіреді, мәліметтерді жүйелеп, қажет ақпараттарды білуге ұмтылады. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер өте тиімді. Әрбір ұстаз ізденісте болса, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы молаяды. Келешекте осы бағдарламаның жеті модульдерін ықпалдастыра отырып, сабақ барысын түрлендіргім келеді. Мұғалімнің алдында отырған әр бала – таңғажайып тылсым иесі. Сондықтан бар күш жігерімізді ынталандырып, дамыта білу-біздің ерекше іс-әрекетіміз болары анық.

Мұғалім білім беру үрдісін бақылап, бағыттап, қажетті ресурстарды дайындаумен айналысады. Ал, оқушы немен шұғылданады? – Оқушы өздігінен білім алып, соның нәтижесінде алған жаңа ақпаратты әлеуметтік ортада тиімді қолдана алады. Оқушыларды өздігінен білім беруге бағыттауда бұл курстың мазмұны негізгі жеті модуль аясында құрастырылған. Осы оқумен оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер арқылы оқушыларымыздың еркін сөйлеп, сөздерін дәлел келтіре отырып, өз-өздеріне сенімді, сыни пікір көзқарас бере алатын жеке тұлға қалыптастыруда көп септігі болады.

Топтық жұмыстардың маңыздылығын түсініп, оқушылардың жаңа білімді үйренуде үнемі топ ішінде орындауға арналған тапсырмалардың берілуін қадағалап отырдым. Осы топтық жұмыстарды, оқушылардың ойлауын сыни тұрғыдан дамытуда қолдандым. «Ой шақыру», «қызығушылықты ояту», «интербелсенді тақтамен жұмыс», «венн диаграммасы», сергіту сәті сияқты жұмыстар. Әсіресе, топтық жұмыстарда белсенді оқушылардың көшбасшылық қабілеттері байқалып отырады, себебі көшбасшы оқушы өз тобының әр мүшесіне көмектесіп, бағыт-бағдар ұсынып отырады. Көшбасшы үнемі өз тобын басқарады. Топ мүшелерінің ұйымшылдықпен жұмыс атқарулары бірлескен жұмысты және бірін-бірі тыңдай білу қағидаларын ұстануға үйренеді. Бірлесіп ойлауға, жұмыс жасауға топтық жұмыстың ықпалы зор. Топтық жұмыста «оқушы үні» негізге алынады.

Жоғарыда айтылған әдіс-тәсілдермен бірге, оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, оқыту маңызды. Бұл модуль бойынша әр тапсырма сараланып алынды. Осы орайда, оқушылардың шығармашылығын дамытуда үйге алдағы болатын тақырыпқа сай ізденушілік Наурыз мейрамы туралы мәліметтер жинастыру берілді. Бұл тапсырмалардың оқушыларымның үйде өз қабілетінде орындап, қызығушылық танытатынын байқадым. Қазіргі білім беруде ақпаратты-коммуникациялы



технологиялардың маңызы зор. АКТ оқушылардың қызығушылығын оятумен қатар, жан-жақты білім алуына ықпал етеді. Сондықтан, оқушыларымыздың сандық технологияда жұмыс атқара алуын көздедім. Сабақтарымызда АКТ енгізу барысында мынандай кедергілер кездесті. Бұрын интербелсенді тақтамен жұмыс жасап көрмеген оқушыларым тапсырмаларды тез қабылдай алмады. Бірақ, қызығушылықтарының бар екенін көрсетті. Сондықтан кейінгі сабақтарда интербелсенді тақтаны қолданғандықтан оқушылардың белсенділіктері артты. Александр (2001) «Сыныптағы бағалау тек қана техникалық тәсіл емес. «Мұғалімдер жазбаша немесе ауызша түрде баға қою жолымен бағалайды. Олар қолданатын кез-келген нысанның артында объективті немесе жеткілікті дәрежеде объективті емес нормалар мен стандарттар ғана емес, сондай-ақ баланың дамуы, оқуы мен ынтасы туралы түсінік, сонымен қатар өзін-өзі бағалау, қабілеттілік және күш-жігер сияқты ұғымдарға қатысты құндылықтар жатады»» деп айтқан. Осы тұжырымдамаға сүйене отырып, мен оқушыларымыздың әр жетістігін формативті бағалауға тырыстым.

Дарынды әрі талантты балаларды оқытуда балалар бір ғана пәннен емес, бірнеше академиялық пәндерден олардан күткеннен жоғары деңгей көрсетуі мүмкін: мәселен, әртістік, спорттық, музыкалық және басқа таланттарымен танылуы ықтимал. Осы сілтемеге сүйене отырып, мен сынып оқушыларының дарындылығы мен талантын дамытуда сергіту сәтін, арнайы тапсырманы, шығармашылық жұмыстарды, сурет салуды беріп отырдым. Әр оқушының өзіндік жеке қасиеті бар. Яғни, біз осы қасиеттерін ескере отырып, оны дамытып отыруымыз тиіс. Осы жұмыстағы оқушыларымыздың таланттарын анықтауда сергіту сәттерінде бейне материалдың әуені мен биі арқылы жүзеге асырдым.

Ұстаз алдындағы басты мақсат- сапалы білім мен саналы тәрбие беру, тұлғаның заман талабы мен ағымына сай қалыптасуына ықпал ету. Тұлғаны жан-жақты жетілдіруде таным баспалдақтарына жетелер дағды қалыптастыруға жол ашатын оқыту мен тәрбие тәсілдеріне жете білу, меңгеру, біліктілігін арттыру, әлемдік даму үдерісіне қатысатын тұлға даярлау- мұғалім мақсатының бастау көздері.

«Айналамыздағы әлем қалай тез өзгертін болса, еліміз бен қоғамымыз да солай жылдам өзгеруі тиіс», -деп Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев атап өткендей, әлемнің өзгерісінен кеш қалмай, білім кеңістігіне де өзгеріс қажет. Яғни, замануи инновациялық технологиядан алшақтамай, үнемі даму үрдісін жетілдіріп отыруымыз керек. Тұлғаны жан-жақты жетілдіруде таным баспалдақтарына жетелер дағды қалыптастыруға жол ашатын оқыту мен тәрбие тәсілдеріне жете білу, меңгеру, біліктілігін арттыру, әлемдік даму үдерісіне қатысатын тұлға даярлау-мұғалім мақсатының бастау көздері. Мұғалімнің өзіндік кәсіби дамуы арқылы оқыту мен оқуды жақсартуда 7 модульді ықпалдастыру тиімді болмақ. Сабақ барысында 7 модульдің қандай тиімді жақтары бар? Сабақ барысында қолданған тәсілдердің тиімділігін тәжірибелік сабақтардан байқауға болады. Оқушылардың сабаққа деген құлшынысының ерекшеліктеріне риза болдым. Бұл тәжірибе кезінде қолжеткізген жетістіктеріміздің бірі деп санадым. Сындарлы оқытуға негізделген сабақтар оқушыларға өз білімдері мен ұстанымдары жайында ойланып, сұрақтар қойып, білімін толықтырып, белгілі бір тақырыпты оқып-білу кезеңінде өз түсінігін өзгертуге мүмкіндік береді деген ойтолғамға келдім. Бұл үдеріс оқушының өз болжамына сенімсіздікпен, сол сенімсіздікке сыни тұрғыдан қарай отырып, соның ішіндегі әлем, тіршілік, жаратылыс туралы өзінің түсінігін тереңдетіп, кеңейтуге ұмтылу дағдысын қалыптастырады. Мектептегі тәжірибе кезінде бағдарламаның жеті модульін пайдаланып, алғашқы сабағымнан бастап ықпалдастыра қолдануға тырыстым. Сондықтан, оқытудың жаңаша тәсілдерінің ерекшеліктерін ұғынып, тәжірибе кезінде қолдануды жөн көрдім. Бұрынғы дәстүрлі сабақтарыма өзгерістер енгізуді дұрыс деп қабылдадым. Себебі, сабақты дәстүрлі сабақ сарынында өткізбей, жаңа тәсілдерді меңгеріп, білім сапасын арттыруға ықпалы бар екенін білдім. Әсіресе, топтық, жұптық жұмыстарда бірлескен оқу, диалогтік оқу, сыныптағы көшбасшылық, талантты әрі дарынды оқушыларды оқыту әдістерінің ерекшеліктері байқалды. Оқыту мен оқуды жетілдірудегі өзгерістер тек, маған ғана емес, мектептің де жаңа бағытқа өзгеруіне ықпалы болары анық.

«Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады», -деп К.Д. Ушинский айтқандай, мұғалім үздіксіз білім алумен және ізденумен шұғылданыуы тиіс.

Кері байланыс-мақсатқа жету жолындағы нақты әрекет, жағдайлар, даулы сұрақтарды шешуге түсініктеме беру және хабар алу үдерісі. Тиімді кері байланыс арқылы көшбасшылар: мұғалімдерге өз күші мен осал жерлерін, олардың өз жұмыстарын жақсартуға қаншалықты көмек беретінін түсінеді; жұмыс істегенде олардың оқытуын жақсартатындай тиімді кері байланыс құра алатындай жағдайда болады; сабақтарында кері байланыстың тиімді әдістерін жүзеге асыруды жоспарлауды іске асыра алуға бағыттайды». Міне, кері байланыс жұмыста мұғалімдермен жақсы қарым-қатынасты және



бірлескен жұмыс ортасын қалыптастырады. Мұғалімнің кәсіби дамуы үшін кері байланыстың орны ерекше болып табылады. «Жақсы сөз-жан жылытады», - дегендей, алғашқыда мұғалімнің мықты жағын айтып, ескерту айтпай ұсыныс айту қажет. Сонда мұғалімнің өзіне деген сенімі артады. Сенім пайда болды. Ал, сенім болғанда жұмысқа деген құлшыныс, жігер қалыптасады.

«Бұрынғы педагогикалық тәжірибеміздегі сабақты бақылау үдерісі білім сапасын арттыруға ықпал етті ме? Сол бақылау арқылы біз мұғалімнің оқыту тәжірибесін өзгерте алдық па? Сабақты бақылау нәтижесі оқушының білім алуына әсер етті ме?» деген сұрақтарды сындарлы оқыту теориясының негіздерін оқып білген соң қоя алдық. Сол кездегі сабақты бақылау әдісіміз бен бүгінгі әдістің арасында елеулі айырмашылық бар екеніне көзіміз жетеді.

Орта мерзімді жұмыс жоспарында оқып-үйренудің негізгі мақсаттары мен күтілетін нәтижелерін айқындап алуға төселдік. Оқытудағы қолданатын жаңа әдіс-тәсілдерді барлық оқушыларды жұмысқа тарту үшін қолданамыз. Мысалы, Блум таксономиясы, синквейн, диалогтік оқыту, сын тұрғысынан ойлау, кубизм әдістерін пайдаланамыз. Мұғалімдер дәстүрлі сабақтан арылды, яғни жаңа тәсілдердің үлесі бар деген сөз. Топтық, жұптық жұмыста оқушылар бірлескен жұмысқа дағдыланды, көшбасшы қасиетіне лайық оқушылар көрінді. Әсіресе, белсенді оқушылардың бірлескен жұмыс арқасында топты алып шығулары басымырақ болды. Алғашқыда оқушылар бір-біріне кері байланыс беруге қиынсынды, бірақ мұғалімдердің кері байланыс түрлерін қолдануының арқасында оқушылар тез дағдыланып қалды. Сабақтың әр бөлігінде жаңа тәсілдерді қолдану кезінде кері байланыс жасалынып отырды. Мысалы, эссе оқыған кезде келесі оқушы жазылған эсеге кері байланыс берді, үй тапсырмасын орындағанда немесе постер жұмыстарына да кері байланыс жасалды. Бұдан тек, сабақ соңында ғана емес, яғни кері байланыс сабақтың әр бөлігінде қолданылады деген сөз. Үйрену барысын бағалау кезінде «сендвич, бағдаршам, бас бармақ, еркін микрофон, тазалық құралдары, бес саусақ әдістерімен кері байланыс жасауға оқушылар дағдыланды. Сонымен қатар, оқушы үні де назарға алынды. Оқушылар сабақ туралы стикерлерге өз ойларын ашық жаза алуға қалыптасқандығын көруге болады. Яғни, «не үйрендім? нені түсінбедім? нені білгім келеді?» сауалдарына оқушылар ойларын ашық білдіре алды.

Мектепте үш одақтың: мұғалім, оқушы және ата-ананың бірлескен жұмысы жақсы нәтижеге қол жеткізері сөзсіз. Сондықтан ата-аналар қоғамдастығында ата-аналармен терминтер, ашық есік күндері, ашық әңгіме алаңдары өткізілді. Тренингтер жұмысында ата-аналардың мектеп туралы көзқарастары өзгерді. Ата-аналар да өз ойларын ашық жеткізуге үйренді. Мектептегі атқарылып жатқан іс-әрекеттердің барлығына ата-аналар қамтылды. Оқушылар қоғамдастығында балалармен пәндік іс-шаралар, танымдық ойындар және дарынды, талантты балалармен жұмыс түрлері жалғасын тауып жатты. Дарынды балалармен жұмыста талантты оқушыларды қалай дамыту керектігі жөнінде жаңа тәсілдер өз көмегін тигізді. Мысалы, ақындық өнерге, сурет өнеріне және актерлік өнерге бейім оқушыларға кинофильмнен үзінді көрсету арқылы берілген тапсырмалар, олардың қабілеттерін шыңдауға көп пайдасын көрсетті. Бұл тапсырманы оқушылар әсерлі түрде, қызығушылықпен орындады. Оқушылардың белсенділігін арттыру және оқушы үнін есту мақсатында ұйымдастырылған жұмыстар өз нәтижелері мен өзгерістерін берді. Қоғамдастық жұмысында оқушылардың қабілеттері шыңдалды және белсенділіктері артты, кері байланыс жасау дағдылары мен бірлескен орта қалыптасты. Оқушылар өз ойларын ашық айтып, кері байланыс жасау кезінде шынайы болуға тырысты. Өйткені, шынайы болуларының себебі, оқушылар сабақ барысында кері байланысты жиі қолданатындықтарының дәлелі деуге болады. Бұл оқушылардың да өзгеріске бет бұрғанының бір айғағы іспеттес. Әрдайым оқушылар өздеріне ұнаған сабақтарын жасырмай айта алады.

Жаһандану кезінде білім үрдісінде үздіксіз дамудың және жаңашылдықтың болуы заман талабының құралы болып табылады. Сондықтан мұғалімдердің құзыреттілігіне қойылатын талаптар жылдан-жылға күшейіп келеді. Мектепте мұғалімдер өзгеріс енгізу тетігі болатыны белгілі. Мұғалімнің жаңашылдыққа бет бұруы, өзгеруі мектептің даму құралына айналары сөзсіз.

Кемеңгер Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазір бой жарыстыратын заман емес, ой жарыстыратын заман» деген накыл сөзі бүгінгі күннің және болашақ ұрпақтың ойы кемел, саналы азамат болуы керек дегенді білдіреді. Білім көкжиегіндегі өзгерістер мен даму үрдісі болашақтың жарқын болуына өз үлесін қосары анық. Ойын, пікірін ашық білдіре алатын тұлға өз елінің нағыз патриоты болатынына кәміл сенемін. Көзі ашық, көкірегі ояу бүгінгі ұрпақ ел қазынасын таусылмайтын білім кенімен молайтатыны сөзсіз. Сондықтан оқушыларға тек білім ғана беріп қоймай, сол алған білімді қалай қолдану керектігін де үйреткеніміз абзал. Себебі, ол бүгінгі жаһандану заманының талабы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық
2. «Бастауыш сыныпта оқыту» әдістемелігі, 2019ж.



3. Бастауыш сыныпта оқу үдерісін ұйымдастыру туралы әдістемелік ұсыныстар, 2016

ОСОБЕННОСТИ ИЗУЧЕНИЯ АНГЛИЙСКИХ, РУССКИХ И ТАДЖИКСКИХ ТЕРМИНОВ НА ЗАНЯТИЯХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА.

АХМЕДОВА Нусрат Кадыровна

Худжандский Политехнический институт Таджикского технического университета имени академика
М.С.Осими

Худжанд, Таджикистан

nusrathon1959@mail.ru

Аннотация

Бұл мақалада ағылшын, орыс және тәжік терминдерін ағылшын тілі сабағында оқытудың ерекшеліктері туралы мәселе қарастырылған. Соңғы жылдары лингвистердің терминологияға деген назары арта түсті, бұл өте түсінікті және негізделген.

Ғылымның жекелеген салаларының, әсіресе гуманитарлық, экономикалық және физикалық ғылымдардың терминологиясын зерттеу проблемасы өте өзекті және сонымен бірге салыстырмалы лингвистика тұрғысынан аз дамыған. Терминдер мен кәсіби салалық лексика бір топқа кірмейді, бірақ әртүрлі қабаттарды құрайды. Терминдер - бұл ұғымның атауы болып табылатын ғылым, өндіріс, технология, ауыл шаруашылығы салаларында ресми түрде қабылданған сөздер.

Кілт сөздер: термин, терминология, гуманитарлық, экономикалық, физикалық, ғылым, технология

Аннотация

В данной статье рассматривается вопрос об особенностях изучения английских, русских и таджикских терминов на занятиях английского языка. Пристальное внимание лингвистов к терминологии усилилось в последние годы, что вполне понятно и оправдано. Проблема исследования терминологии отдельных областей науки, особенно гуманитарных, экономических и физических наук, являются весьма актуальной и в то же время мало разработанной с точки зрения сравнительного языкознания. Термины и профессионально отраслевая лексика не входит в одну группу, а составляют разные пласты. Терминами являются официально принятые в отраслях науки, промышленности, техники, сельского хозяйства слова, которые являются наименованием понятия.

Ключевые слова: термин, терминология, гуманитарные, экономические, физические, наука, техника

В настоящее время лингвистика большое внимание уделяет сопоставительному анализу языков. Всемирная активизация сопоставительно-типологического исследования языков объясняется возросшей необходимостью раскрыть глубоко и детально особенности функционирования системы каждого из языков и отдельных её элементов. [1.с.38]

В данной статье рассматривается вопрос об особенностях изучения английских, русских и таджикских терминов на занятиях английского языков. Пристальное внимание лингвистов к терминологии усилилось в последние годы, что вполне понятно и оправдано. Это ответная реакция на огромное количество терминологических наименований, которые формируются в различных отраслях знаний. Проблема исследования терминологии отдельных областей науки, особенно гуманитарных, экономических и физических наук, являются весьма актуальной и в то же время мало разработанной с точки зрения сравнительного языкознания, конкретного типологического изучения таджикского и английского языков. Необходимость изучения терминов вызвана очень бурным развитием культурных, научных телекоммуникационных связей, диктуется расширением сферы использования английского языка, как одного из самых распространённых и востребованных языков межнационального и международного общения [5.с.2-6]

Терминология является одним из специфических пластов лексики, который в силу особенностей структурного, семантического, словообразовательного и стилистического характера отличается от употребительных слов и тем самым занимает особое место в лексической системе языка. [3.с.289] анализ семантических отношений в терминологии даёт возможность не только раскрыть системные отношения в лексике сопоставляемых в работе таджикского, английского и в отдельных случаях русского языков, но и выявляет изоморфные и алломорфные отношения в терминологической системе названных языков.



В последние годы в области терминоведения, благодаря исследовательским работам Б.Г.Головина, Берёзина Ф.М, Винокура Г.О.Ахмановой, О.С.Бурдина, С.М.Герда, А.С.Даниленко, В.П.Канделаки Т.Л.Бердиевой, Т.Рустамова, Ш.Шаропова, Н.Тоджиева, Д.Гафарова Р.Шукурова и многих других, были достигнуты значительные успехи, обусловленные практическим подходом исследователей к рассмотрению терминологической лексики. [2.с.16]

Таким образом, мы попытаемся предложить наше определение понятия “Термин”. Понятия “термин” и “терминология” получили многочисленные определения, при этом иногда противоположны. **Термин-слово или словосочетание, обозначающие понятие специальной области знания или действительности.** Термины и профессионально-отраслевая лексика не входит в одну группу, а составляют разные пласты. Терминами являются официально принятые в отраслях науки, промышленности, техники, сельского хозяйства слова, которые являются наименованием понятия. Профессионально-отраслевая лексика, в отличие от терминов, является полуофициальными, распространёнными в определённой среде той или иной группы людей словами, и если говорить по существу, не выражает точные, научные понятия.[3 , с. 141]

40 лет работая преподавателем английского языка в средних школах, а затем в высших учебных заведениях пришла к выводу, что ученики и студенты при переводе с английского на русский или на таджикский язык приходится тяжело.[2.] Хочется привести несколько примеров, например спортивные термины. Отличительной чертой спортивных терминов является, то что они почти полностью состоят из терминов, присущих только данному виду деятельности, и большинство из них – это сложные слова заимствованные из греческого, латинского, французского немецкого и других языков.[2.]

В общеязыковой лексике и в терминологических системах любого языка словообразование играет заметную роль. Следует отметить, что большинство спортивные термины являются сложными чаще аффиксальными. Аффиксация представляет собой один из наиболее продуктивных способов в системе словообразования английского и таджикского языков. Так, среди аффиксов, наиболее продуктивных в английском языке, можно назвать префиксы **mis-, over-, up-**, суффиксы **ed-, ful-, ish-, -riss-, -y-, -er-, -ness-, -ing-, -ly-, -ward.** [4.с.6-9]

Одним из самых употребительных аффиксов английского языка, считается суффикс существительного – **er**: **carcher, swimmer, jumper, runner**, также же продуктивным является суффикс абстрактного существительного **-ing**, использующегося для обозначения процесса или внутреннего состояния: **running, driving, hiking, figure, skating, swimming, boxing, racing.** В таджикском языке самым продуктивным аффиксом является суффикс **-й** : **шиноварй, аспдавонй, завракронй, тирпаронй, муштзанй, найззанй, гүштингирй, олимпй, вазнбардорй** и другие. Другим терминообразовательными аффиксами, но менее продуктивным являются суффиксы **-чй, -гар-, -бозингар-, -игрок-, -варзишгар-, -спортсмен-, -химоягар-, -защитник-, -боксчй - боксёр-, -химоячй-, -судья** и другие.

В таджикском языке термины - толкования, носящие описательный характер, состоят обычно, из нескольких слов: **лижаҳои кӯҳи тезрав-ski, бозии биярд – pool, гелонии дар кӯҳ бо матрасҳои дамшаванда ва камераҳои автомобилӣ- tubing, соҳаи пластикии дамшаванда - Zozb** и др.

В таджикском языке более развита вербальное спортивное терминообразование: **давидан-бегать, пеш гузаштан-идти вперёд, ғолиб гардидан-победить, ғалаба ба даст овардан-выигрывать, ақиб мондан-отставать, мукофот гирифтан - получить награду, ҷаҳидан –прыгать, футболбозӣ кардан-играть.**

Так, общеупотребительные глаголы **задан – бози кардан - ғалаба кардан химоя кардан** обозначают важные футбольные шире - общеспортивные понятия т.е.являются футбольными общеспортивными терминами. В целом доля глаголов в футбольной терминологии достаточно весома. Так, спортивная терминология в романе J.Mitchel “The Way to the Olympus” используется для придания коорита соответствующей обстановки. К общеизвестным терминам относятся такие, как **star game - игра звёзд catcher- игрок защиты, стоящий позади игрока с битой, home run - далеко посланный мяч, infield- внутренняя часть бейсбольного поля, inning- один из девяти игровых периодов, на которые делятся матчи в бейсболе, infielder- бейсболист, занимающий позицию на внутренней площадке, heavy hitter - бейсболист , наносящий сильный удар по мячу и часто приносящий очки своей команде.**

Термины спорта таджикского и английского языков составляют значительную часть всей спортивной терминосистемы. При прохождении темы посвящённое к 9 мая –День Победы и 23 февраля День национальной армии мы на уроках используем следующие лексико-тематические разряды военной лексики обоих языках; [7.с.12-16]

а) кадровый состав: **англ. cadre, captain, descent, forse, general, commando, тадж. десант, кадр, капитан, кувва, генерал, чанговари дастаи махсус,**

б)военные строения: **англ. camp, canteen, garrison, command, parade, тадж.лашкаргоҳ, ошхона, гарнизон, гурӯҳ, парад.**



в) военные действия: **англ.** battle, charge, combat, field, fight, defense, offence, drive **тадж.** набард, гирифтор кардан, задухӯрд, майдон, муҳофизат, ҳучум, рондан.

г) оружие: **англ.** mine, missile, gun, piece etc. **тадж.** мина, ракета, аслиха, пора.

Немало фразеологизмов пришло из Библии, которая является важнейшим литературным источником фразеологических единиц: beat swords into plough - “перекочевать мечи на орала” перейти к мирному труду” - ба меҳнати озоишта гузаштан.

Большое число английских военных фразеологизмов связано с античной мифологией, историей, литературой. The apple of discord “яблоко раздора” sow dragon’s teeth-“ посеять зубы дракона” “сеять раздоры” “вызвать войну”-чангҷӯи кардан.

Военная лексика каждого из сопоставляемых языков представляет собой постоянно развивающуюся открытую систему, подверженную разного рода эволюционным изменениям.

На занятиях английского языка со студентами экономического факультета изучаем налоговые термины. В структурном плане налоговая терминология таджикского языка представлена простыми, т.е. однокорневыми, единицами – это корневые слова, состоящие из одного морфологического элемента. Например: бор- burden,- бремя; вуруд-import,-ввоз; каср—deduction,- вычет; андоз - tax,- налог; даромад- income—доход; қонун- law,-закон; назорат- control-контроль; қарз—credit,-кредит; имтиёз—privilege, -льгота; маблағ— sum, сумма; пардохт—payment, платёж; боҷ—duty, пошлина; низом— system, система; меъёр—rate, ставка; асос-base,- основа; муҳлат—term, - срок; натиҷа-result,- результат; тафтиш—check,- проверка и др.

В образовании налоговых терминов в современном таджикском языке участвует множество различных словообразовательных суффиксов, но не все они обладают одинаковой продуктивностью.[6.11-16]

Суффикс – **гар-** является продуктивным, образует имена деятеля в налоговой терминологии пардохтгар –payer- плательщик; бимагар- insuarant-страхователь; иҷрогар—functioner-функционар;

Суффикс – **-а** в процессе словообразования, присоединяясь к существительным, образует существительное с новым значением. Например: давра –period,-период; баҳра,-interests-проценты; таърифа-tariff-тариф;

Суффикс – **-а** образует абстрактные существительные от прилагательных андозбанда –taxation-налогообложение; саркашӣ - evasion-уклонение; иҷорадиҳӣ-renting,сдача в аренду;

Многие налоговые термины образуются от прилагательных қиматнок –valuable,- ценный, муҳлатнок- term, сведения, дароматнок- profitable- доходный.

Морфологический способ в налоговой терминосистеме английского языка является одним из основных путей пополнения и расширения терминосистемы. Суффикс –**ment-** assessment--налогообложение, investment-инвестиция, abatement-скидка.

Суффикс **-ing-** checking - контроль,accounting – отчёт, charging- взимание, taxing-налогообложение, dodging-уклонение

Семантическое значение суффиксов деятель,производящий действие.Основанием для такой трактовки служит общность словообразовательного значения, как разнообразных видов деятельности субъекта в экономике,образует по модели V+or-N: depositor-вкладчик, investor – инвестор, advisor-консультант, auditor- ревизор.

В налоговой терминологии английского языка, описывающей экономические процессы, производные термины, образованные при помощи суффиксов – (**ion, tion, sion, ation**) transaction-оборот, abolition - отмена, reduction - снижение, taxation - налогообложение, bonification- бонификация, fiscalization – фискализация, revision- ревизия, concession-льгота, evasion-уклонение, sanction-санкция и др.

В ходе изучения налоговых терминов студенты затрудняются в переводе сложных терминов, которые отражают морфологическую природу компонентов сложного термина и способ их объединения в цельно-оформленную единицу терминосистемы, такие как, custom – house - таможня; taxman - сборщик налогов; export – import - экспорт-импорт; duty – free - беспошлинный; tax-exempt - необлагаемый налогом; interest - free- беспроцентный; double-tax- двойное налогообложение; excise-duty- акцизный сбор; heavy-duty - высокий таможенный платёж; pay-pocket-конверт с заработной платой; pay - list платёжная ведомость; pay - back- возврат инвестированных средств; after-tax- прибыль после вычета налога; pre - tax-прибыль до вычета налога; offset- зачёт; offshore - оффшор; charge off - вычет; setback - переезд; burn - out- прекращение действия налоговых льгот; value – added - надбавленная стоимость; taxpaid - с уплаченным налогом; tax-ridden - обременённым налогом; money – making - накопительство; ballot-rigging - фальсификация; и др.

При прохождении занятий со студентами энергетического факультета по теме Electric Circuit и Ohm's Law мы используем такие термины как, [2.с. 58-64] circuit занчир, контур, conductor –



проводник, function- назначение, difference - фарқият, разница, open - кандашавй, обрыв, short -короткое замыкание, trouble - зарар, повреждение, no- ягон никакой, нисколько, to reduce to - ихтисор кардан, сокращать, supply to - таъмин кардан, снабжать, connect to- пайваст кардан, связывать, compare (with) - муқоиса кардан, сравнивать, to pass through - аз байн гузаштан, проходить через, to result in - оварда расонидан, натиҷа шудан, to result from - следовать, проистекать из

Translate into Tajik:

1. An open and a short are troubles in a circuit.
2. A trouble in a circuit results in no current in it.
3. What does an open in a circuit result in?
4. What does a short in a circuit result in?
5. What does a trouble in a circuit result from?

Cover the left column and translate the Tajik words back into English.

current ток, энергия, қувваи электриякӣ
resistance муқовимат, сопротивление
voltage to волтаж
suppose тасаввур кардан, предсавить
law қонун, закон

$$R = \frac{V}{I}$$

Resistance equals voltage divided by current.

$$I = \frac{V}{R}$$

Current equals voltage divided by resistance.

$V = IR$ Voltage equals current times resistance.

Таким образом, слово термин означает граница, предел. Это значит, что его значение свободно от субъективности жизненного опыта и имеет точно определенную область знаний, где он применяется.

Использованная литература

- 1.Ахманова О.С. Очерки по общей и русской лексикологии. М. Учпедгиз, 1957, стр.38.
2. Ахмедова Н.К. Учебно – методическое пособие для технических вузов. Худжанд. 2018. стр.120.
- 3.Даниленко В.П. Русская терминология. Опыт лингвистического описания.- М. Наука, 1977, стр.289.
- 4.Мирзоев З. Спортивная терминология в таджикском и английском языках. Д. 2009. стр. 2-9.
- 5.Пулатова Н.Ю. Семасиологические отношения в терминологии. Автореферат. Д. 2006 .стр.20
- 6.Сабирова С.Г. Структурно-семантический анализ налогового терминологии таджикского и английского языков. Д. 2007. стр. 20
- 7.Саидов Х.А. Сопоставительный анализ военной лексики в таджикском и английском языках. Д. 2006. стр.10-15.

4К МОДЕЛІ НЕГІЗІНДЕ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

БАЯНДИНА Ляйля Ермековна

МКҚК «Алтын бесік»

Петропавл, Қазақстан

nebo.11111111.ru@mail.ru



«Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында,
ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында»

Н.Ә.Назарбаев

Қазіргі таңда әлем өзгеруде. Әлеммен бірге қоршаған орта өзгеруде. Сонымен қатар қазіргі әлемде 21 ғасырдың кең ауқымды дағдылары әлеуметтік, мәдени, саяси, экономикалық қызметке белсенді қатысуына ықпал ететін негізгі факторлардың біріне айналады.

Заманауи білім берудің міндеттерінің бірі –21 ғасырдың кең ауқымды дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Бұл мектепке дейінгі білім беру үшін маңызды ма? Әрине - СӨЗСІЗ

Қазіргі бала - XXI ғасырдың тұрғыны, туғаннан бастап олар заманауи жоғары технологиялық жетістіктерге тап болады. Сондықтан да педагогтың міндеті-балаларға айналасындағы әлемді оңай қабылдауға көмектесу, кез-келген жағдайда бейімделуге, белсенді болуға, шығармашылық ойлауға, стандартты емес шешімдер табуға және мақсатына жетуге үйрету.

Оқытудың бастапқы кезеңінде - әр баланың талдау, синтез, салыстыру, жалпылау, жіктеу сияқты логикалық әдістерді қолдана отырып ойлау қабілетінің және 21 ғасыр кен ауқымды дағдыларының төмен дамуы яғни сыни тұрғысынан ойлауы, тілдік қарым-қатынасқа еркін түсе алуы, проблемаларды өздігінен шеше алуы, танымдық белсенділіктерінің артуы, талдау жасай алуы өзекті мәселеге айналды.

Бірақ, бұл өзекті мәселені қалай шешуге болады? Мектеп жасына дейінгі балалардың дағдыларының алғышарттарын қалыптастырудың өнімділігін қамтамасыз ету үшін не істеу керек, қандай технологияларды қолдану керек?

Өзекті мәселені шешуде негізгі идеяны – Елбасы, ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев 2018 жылы 5 қазанда халыққа арналған «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» жолдауында атап өтіп, «Білім беру үрдісінде 4К моделіне: креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге басты назар аударылуда» деп атап өткен болатын. Осы тұрғыда мектеп жасына дейінгі балалардың дағдыларын қалыптастыруда 4К моделін кәсіби педагогикалық іс әрекетімізде қолдануда тиімді болды.

Себебі Педагогтың қолында баға жетпес нәзік қазына ол – бала. Оның жұмысының нәтижесі - 21 ғасыр кен ауқымды дағдылары қалыптасқан жеке тұлға болып келеді.

Жыл басындағы балалардың даму деңгейінің диагностикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарлама мазмұнын игерудің төмен деңгейін көрсетті. Бұл жағдайдың себебі - мектеп жасына дейінгі баланың дағдыларының қалыптасу ерекшеліктерінде болды деп ойлаймын.

Зерттеу нәтижелерін алу үшін бірнеше әдістерді қолдандым: «Древо желаний» , «Пішіндерді аяқтап салу», «Графикалық диктант» , «Үлгі бойынша тапсырмаларды орындау»

- 5 % сын тұрғысынан ойлай алады;
- 40 % Кеністікте бағдарлай алады;
- 10 % Өздігінен дербестік іс әрекет жасай алады;
- 10% Өз ойынан ашық айта алады
- 35% Командада жұмыс істей алады.

Қазіргі кезеңде оқу қызметін ұйымдастырудың басты ерекшелігі - бұл білім беру салаларын интеграциялау аясында АКТ, жобалық іс-шаралар, проблемалық-оқыту жағдайларын процесске енгізе отырып, 4К моделін тиімді қолдану.

4К моделі жаңартылған білім беру бағдарламасының түйінді идеяларының бірі болып келеді. Проблемалық оқыту кезінде мәселелерді шешуге, ізденуге, сын тұрғысынан ойлауға, зерттеуге және белсенді позициясын дамытуға ықпал етеді. Тәрбие мен оқыту процесі барысында мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың жаңа мүмкіндіктерін ашатын заманауи педагогикалық технологиялар қолданылды. Сондай-ақ ойын технологиясын, STEM технология элементтерін, АКТ технологиясын кеңінен қолдандым. Түрлі шығармашылық, зияткерлік тапсырмаларды орындау барысында өздігінен дербестік іс әрекет жасауына жағдай жасалды. Олар мүмкіндігінше ерекше, қызықты, жағдайға сәйкес келеді сонымен қатар жеке, жұптық, топтық жұмыстары жүргізіледі. Мектеп жасына дейінгі балалардың дағдыларын жоғары деңгейде қалыптастыру үшін интербелсенді әдіс-тәсілдер ұйымдастырылды. Атап өтсек: «Квест тапсырмалары», «Интеллектуалды олимпиадалар», «Ой қозғау», «Миға шабуыл». «Ойлан, жұптас, бөліс», «Ойын жарысы», «Идеялар жәрменкесі», «Ребустар», «Жұмбақтар» , «Логикалық ойындар» «Қызықты жаттығулар» «Сюжетті-рөлдік ойындар» «Қимыл-қозғалыс ойындары» т.б.

4К моделі жоғары даму әлеуетіне ие, себебі ол баланың ынтымақтастық бастамшылдық және іскерлік, бейімделушілік, дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Бұл, ең алдымен, баланың іс-



әрекеті, онда ол өз бетінше немесе ересек адаммен бірге жаңа практикалық тәжірибе арқылы 21 ғасырдың кең ауқымды дағдыларын қалыптастыра алады.


Балалар әртүрлі проблемаларға тап болады, олармен қалай күресуге болатынын айта алады және ойын соңында белгілі бір нәтиже алады. Бұл, әрине, ойын барысында жүзеге асырылатын шығармашылық әрекет. 4К моделі мектеп жасына дейінгі балалар іс-әрекетінің заманауи тиімді білім беру нысаны болып табылады.

Ұйымдастырылған оқу қызметі әр түрлі форматта қызықты өтуі мүмкін. Бұл қызықты саяхаттар, танымдық экскурсиялар, дөңгелек үстелдер, қызықты кездесулер, бірақ кез-келген жағдайда мұғалімнің шығармашылық белсенділігінің көрінісі қажет. Балалар әрдайым педагогтің берген тапсырмаларын нақты орындауы міндетті емес, себебі келеңсіз, қиын жағдайлар туындаған кезде педагогтің өздігінен дамуына мүмкіндік туады. Педагог іздеу барысында сценарийлерді оңай өзгерте алады, тапсырмаларды қосады немесе алып тастай алады. Педагог тапсырмалардың немесе саяхаттың бағытын қатаң құрып, шектеу қойылса, ол баланың еркін таңдауында, шығармашылық қиялының дамуында қарамақайшылық туындайды.

Мектеп жасына дейінгі балалардың дағдыларын қалыптастыруда 4К моделінің ерекшеліктері

- 4К моделі бала үшін тартымды, тапсырмаларды орындау кезінде оның назарын аударуға және дағдыларын қалыптастыруда мүмкіндік береді;
- Балаға жетекші рөл беріледі, ал мұғалім тек өз қызметін дұрыс бағытқа бағыттайды;
- 4К моделінде ересектермен және балалармен еркін тілдік қарым-қатынасқа түсу дағдылары қалыптасады. Балалар өз жұмыстарын, достарының жұмысын бағалауды, бір-біріне колдау көмек көрсетуді үйрене алады;
- 4К моделі ынтымақтастық принципін жүзеге асыруға көмектеседі, достық қарым-қатынасты тәрбиелеуге ықпал етеді;

2019 – 2020 оқу жылғы қорытынды диагностика нәтижелері:



Өз кәсіби қызметінің нәтижелеріне қол жеткізу үшін мұғалім өзінің шығармашылық әлеуетін жүзеге асыра білуі қажет, сонымен бірге ол сауатты, парасатты абзал жан болуы керек. Тәрбиеленушіні жеке тұлға ретінде қалыптастырып дамыту үшін академиялық білімді дайын түрде қабылдаған кезде емес, "жаңа білімді ашуға" бағытталған қызмет барысында жүзеге асырылатындығын есте ұстаған жөн. Балалар өздігінен дербес іс-әрекет жасаған кезде ғана дағдыларының қалыптасып дамуына зор ықпалын тигізеді. Педагогтің күнделікті жұмысы, инновациялық технологиялары арқылы жас ерекшелігіне сәйкес келетін дағдыларын қалыптастыруға жағдай жасау.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Бургин М.С. Понятия и функции методологии педагогики / М.С. Бургин // Советская педагогика, 1990. – №10. – С. 73-77.
2. Бургин М.С. Нормативно-структурный анализ педагогических теорий / М.С. Бургин / И.С. Дмитрик / В.И. Кузнецов // Советская педагогика. – 1989. – №3. – С. 59-64.
3. Алексахина И.Ю. Педагогическая идея: зарождение, осмысление, воплощение: Практическая методология решения педагогических задач. - СПб.: Специальная литература, 2000. - 223 с.
4. Артемов В.А. Психология обучения иностранным языкам. М., 1969.
5. Банкевич Л.В. Система тестов в американской методике преподавания //ИЯШ. 1965. №6.
6. Бим И.Л. Теория и практика обучения иностранному языку в средней школе. М., 1988.
7. Блейхер В.М. Бурлачук Л.Ф. Психологическая диагностика интеллекта и личности. Киев: Высшая школа, 1978. - 88 с.

ПРОГРАММА ИНТЕГРИРОВАННОГО ПРИКЛАДНОГО КУРСА «МЕТАПРЕДМЕТНЫЙ ПОДХОД К ФОРМИРОВАНИЮ ЕСТЕСТВЕННОНАУЧНОЙ ГРАМОТНОСТИ МАТЕМАТИЧЕСКИМИ МЕТОДАМИ»

ГАРДТ Наталья Федоровна

КГУ «Киялинская средняя школа имени Андрея Хименко»
Аккайынский район Северо-Казахстанская область, Казахстан
sinyagina_natacha@mail.ru

Дерексіз

Мақалада автор жалпы білім беру мектептерінің оқушыларының құзыреттілігін қалыптастыруда қолданбалы курстың мүмкіндіктері туралы әңгімелейді. Қолданбалы курс білімін практикада қолданқ мүмкіндігін қалыптас тырады.

I. Пояснительная записка



Программа прикладного курса разработана с целью реализации одного из основных направлений Государственной программы развития образования Республики Казахстан, касающейся повышения конкурентоспособности образования и согласно Государственного общеобязательного стандарта образования. Введение программы прикладного курса должно способствовать достижению главной цели общего среднего образования: обеспечение равного доступа к качественному среднему образованию, формирование интеллектуально, физически, духовно развитого и успешного гражданина.

Актуальность определяется обновлением образовательной программы и новыми требованиями к результатам обучающихся, которые вызывают необходимость в изменении содержания обучения естественнонаучным дисциплинам на основе принципов метапредметности как условия достижения высокого качества образования. Метапредметный подход позволяет обеспечить переход от существующей практики дробления знаний на предметы к целостному образному восприятию мира, объединить учащегося знания из разных предметных областей в единое целое. Осуществление метапредметного подхода даёт возможность учащемуся осознать, где нужны будут эти знания. При использовании алгебраических методов и методов математического анализа в процессе решения задач по естественнонаучным дисциплинам формируются математическая и естественнонаучная грамотность.

Новизна курса заключается в разработке интегрированного курса по использованию алгебраических методов и методов математического анализа при решении задач естественнонаучных дисциплин. На основе модели разработана авторская программа, в которой представлена система заданий по естественнонаучным дисциплинам с применением алгебраических методов и методов математического анализа.

Задачи, предлагаемые на данном курсе, позволяют развивать функциональную грамотность учащихся в нестандартной ситуации. Вместе с тем, содержание курса позволяет ученику любого уровня активно включиться в учебно-познавательный процесс и максимально проявить себя. Направленность данного курса – развивающая, так как он ориентирован на удовлетворение и поощрение желаний учащихся получить дополнительные знания по научно-техническому, эколого-биологическому направлению.

Данный курс направлен на:

1. Реализацию субъективной позиции учащегося в учении и создание собственной траектории обучения.
2. Развитие функциональной грамотности учащихся; творческого и критического мышления; повышению интереса к предметам ЕМЦ.
3. Формирование компетенций, связанных с опытом применения математических знаний в практической деятельности.

II. Организационно-методический раздел

1. Общая характеристика прикладного курса

Межпредметный прикладной курс является интегрированным курсом. Объём данного курса 34 учебных часа для естественно-математического направления и является продолжением и углублением обязательного стандарта образования в старшей школе.

2. Цель курса:

Формирование функциональной естественнонаучной грамотности учащихся при решении задач по химии, биологии, физике математическими методами.

3. Задачи курса:

- формировать представление о единой научной картине мира;
- развивать метапредметные умения в процессе изучения естественнонаучных дисциплин;
- развивать умения решать задачи по химии, биологии, физике математическими методами;
- развивать умения строить и интерпретировать модели тех или иных практических задач и производственных процессов;
- формировать мотивации к изучению инженерных профессий.

4. Место курса в системе профильной подготовки

Курс ориентирован на профильную подготовку учащихся по предметам ЕМЦ. Он расширяет базовый курс по математике, физике, химии и биологии, является практико- и предметно-ориентированным и дает учащимся возможность познакомиться с интересными, нестандартными



вопросами, методами их решения. Данный прикладной курс будет способствовать совершенствованию и развитию функциональной грамотности в области математики, физики, химии и биологии, предусмотренных школьной программой, поможет оценить свои возможности и более осознанно выбрать профиль дальнейшего обучения.

5. Место курса в учебном плане и формы организации занятий.

Преподавание прикладного курса осуществляется по выбору учебного заведения как элемент естественно-математического профиля.

Разные виды занятий при построении прикладного курса обеспечивают развитие и совершенствование функциональной грамотности и мыслительной активности учащихся.

При изучении материала курса используются лекционные и практические занятия. Основной единицей курса является блок уроков, охватывающий определённую тему из алгебры и математического анализа. Каждый блок начинается с повторения основных понятий темы, законов, теорем, правил.

При выполнении практических работ учащиеся самостоятельно работают над темой, выполняя определённые задания. Учитель оказывает индивидуальную помощь, разъясняя принципиальные моменты выполняемой работы. Для успешного проведения занятий необходимо, чтобы у каждого ученика был персональный компьютер с программным обеспечением данного прикладного курса. Контроль знаний учащихся осуществляется учителем по результатам выполнения практических, контрольных заданий и творческих работ. Итоговый контроль проводится в виде урока-конференции, на котором осуществляется защита представляемых индивидуальных работ.

III. Содержание курса

Блок 1. Метапредметный подход к изучению естественнонаучных дисциплин.

Историческая справка о развитии метапредметных связей математики, физики, химии и биологии. Значимость математических методов при решении задач естественнонаучных дисциплин. Математические методы, используемые при решении задач естественнонаучных дисциплин.

Блок 2. Решение расчетных задач с помощью систем уравнений и пропорций (5 ч)

Использование свойств пропорции при решении задач на составление молекулярных формул, на расчет массы вещества по уравнению химических реакций. Решение задач на нахождение массы вещества в исходной смеси. Решение задач по кинематике и динамике с помощью систем уравнений.

Блок 3. Функциональная зависимость величин (8ч)

Задания функциональной зависимости в виде формул. Графическое представление различных процессов в физике, химии и биологии. Табличное задание функциональной зависимости исследуемых величин.

Блок 4. Применение формул комбинаторики и статистических законов. (5 ч.)

Применение статистических законов при решении прикладных задач.

Блок 5.Использование методов дифференциального и интегрального исчисления при решении задач (6 ч)

Решение физических задач на нахождение основных характеристик движения: координаты материальной точки, скорость, ускорение. Решение задач на нахождение изменяющейся величины.

Применение определённого и неопределённого интеграла к вычислению различных величин: путь, пройденный точкой; работа различных сил; давление жидкостей и газов; скорости химических реакций.

Блок 6. Решение задач смешанного типа. (6 ч)

Решение задач на растворы, расплавы, концентрацию веществ. Задачи по экологии. Решение задач из сборников тестов для подготовки к ЕНТ по математике, химии, физике и биологии.

Блок 7. Защита индивидуальных работ учащихся. (2 ч)

1. Дифференциалы и интегралы на вооружении у физиков.
2. Процентные вычисления в жизненных ситуациях.
3. Графическая интерпретация задач по биологии.
4. Элементы комбинаторики и статистики при выполнении лабораторных и практических работ по предметам ЕМЦ.

IV. Тематическое планирование курса

№	Тема	Кол час	Дата	Технология реализации	Контроль
---	------	------------	------	--------------------------	----------



1	Подготовительный этап: постановка цели, проверка владения базовыми навыками Историческая справка о развитии метапредметных связей математики, физики, химии и биологии. Значимость математических методов при решении задач естественнонаучных дисциплин. Математические методы, используемые при решении задач естественнонаучных дисциплин. Приложение 1	2		Беседа, практикум Лекция, выступления учащихся	Тестирование
2	Использование свойств пропорции при решении задач на составление молекулярных формул, на расчет массы вещества по уравнению химических реакций. Приложение 2	2		Лекция, практикум	
3	Решение задач на нахождение массы вещества в исходной смеси. Приложение 2	2		Практикум	
4	Решение задач по кинематике и динамике с помощью систем уравнений. Приложение 2	1		Дифференцированная практическая работа	Выполнение зачетной работы
5	Задания функциональной зависимости в виде формул. Приложение 3	2		Лекция, практикум	
6	Табличное задание функциональной зависимости исследуемых величин. Приложение 3	1		Практикум	
7	Графическое представление различных процессов в физике, химии и биологии. Приложение 3 Приложение 4	4		Практикум	
8	Выполнение заданий на проверку естественнонаучной функциональной грамотности	1		Тестовые задания	зачет
9	Применение формул комбинаторики и статистических законов при решении прикладных задач. Приложение 5	4		Лекция, практикум-исследование	Зачетная работа
10	Анализ тестовых заданий из сборников по подготовке к ЕНТ по физике, химии и биологии на комбинаторику и статистику	1		Практическая работа	Зачетная работа
11	Решение физических задач на нахождение основных характеристик движения: координаты материальной точки, скорость, ускорение. Приложение 6	2		Лекция, практикум	Письменный зачет
12	Применение определённого и неопределённого интеграла к вычислению различных величин: путь, пройденный точкой; работа различных сил; давление жидкостей и газов. Приложение 6	3		Лекция, практикум	Письменный зачет
13	Применение определённого и неопределённого интеграла к вычислению скорости химических реакций. Приложение 6	1		Лекция, практикум	Письменный зачет



14	Решение задач на растворы, расплавы, концентрацию веществ. Задачи по экологии. Приложение 7	3		Практикум	
15	Решение задач из сборников тестов для подготовки к ЕНТ по математике, химии, физике и биологии.	3		Тестирование	Зачет
16	Заключительное занятие	2		Научно-практическая конференция	Выполнение творческой работы

Заключение

Изучение данного курса способствует овладению учащимися необходимой системой общеобразовательных компетенций, которые определяют возможности активного взаимодействия выпускника школы с окружающим миром и эффективного решения задач, возникающих в разных сферах науки и практической деятельности людей.

Программа данного курса нацелена на формирование личности, отвечающей общественным потребностям, перспективам развития общества, способной адаптироваться и активно трудиться, уметь самостоятельно проектировать и осуществлять выбор своего жизненного пути.

Данный курс направлен на осмысление мотивации обучения, совершенствованию практических навыков работы с прикладными задачами. Математический аппарат является одним из методов описания и изучения различных процессов в физике, биологии, химии, технологических процессов и статистических данных.

V. Ожидаемые результаты.

В результате изучения курса ученик должен :

- знать и уметь описывать и объяснять физические, химические и природные явления посредством математического аппарата;
- уметь представлять результаты вычислений с помощью таблиц, графиков и выявлять на этой основе эмпирические зависимости;
- уметь самостоятельно осуществлять самостоятельный поиск информации естественнонаучного содержания с использованием различных источников (учебных текстов, справочных и научно-популярных изданий, компьютерных баз данных, ресурсов Интернета), ее обработку и представление в разных формах (словесно, с помощью графиков, математических символов, рисунков и структурных схем);
- уметь использовать приобретенные знания и умения в практической деятельности при решении задач повышенной сложности и подготовке к итоговой аттестации.

Используемые источники.

1. Учебные программы по предметам. Национальная академия образования им. Ы. Алтынсарина. Астана 2013 г.
2. Об особенностях преподавания основ наук в общеобразовательных организациях Республики Казахстан в 2016-2017 году. Инструктивно-методическое письмо. Национальная академия образования им. Ы. Алтынсарина. Астана 2016 г.
3. Проектирование содержания и проведения прикладных курсов
Учебно-методическое пособие. Национальная академия образования им. Ы. Алтынсарина. Астана 2014 г.
4. Перечень учебников, учебно-методических комплексов, пособий и другой дополнительной литературы, в том числе на электронных носителях, разрешенных к использованию в организациях образования, определённых приказом МОН РК от 27 сентября 2013 года № 400 (приказ о внесении изменений от 10 декабря 2014 года № 515)
5. Методическое пособие. Сабиева К. У., Корчевский В. Е. Развитие функциональной грамотности на уроках естественно-математических дисциплин (методические рекомендации). АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по СКО». Петропавловск 2014г.
6. Интернет ресурсы: nao.kz/files/blogs/moluch.ru/archive/ped-kopilka.ru/blogs/irinatak-toent/load/



**МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДІҢ
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**
**МУБАРАКОВА Гульнар Туяковна, АУБАКИРОВА Кульнар Шаметовна, АЙДАРХАНОВА
Анар Раушановна**

№5 «Жұлдыз» бөбектер бақшасы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорныны
Павлодар облысы, Екібастұз, Қазақстан
sad5@ekbgoo.gov.kz

Кіріспе

Білім беру балабақша табалдырығынан басталады десек ешқашан қателеспейміз. Барлық білімнің бастауы – балабақшада. Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбие мен білім саласында заманауи педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымның біріне айналды. Ендеше мектепке дейінгі білім беру саласының басты міндеттерінің бірі – өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбие беру үрдісіне заманауи әдістерін енгізу.

Жаңа заман баласы –ертеңгі еліміздің болашағы. Жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр-сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай жасау қажет.

Мектепке дейінгі мекеме балаларына үздіксіз тәрбие мен білім беру келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына тікелей әсер ететін балабақша мен тәрбиешілері. Мәселен, ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, балалардың жан-дүниесіне терең үңіліп оны ұғына білуді талап етеді.

Мектепке дейінгі шақ адам өміріндегі ең маңызды кезең болып келеді. Өйткені осы кезде баланың бойындағы табиғи бар дарындылық жан-жақты дами бастайды. Сондықтан осы шақта балалармен анағұрлым жан-жақты дамытушылық әрекеттер жүйелі жүргізілсе, жұмыс соншалықты нәтижелі болады. Тәрбиелі, білімді ұрпақ балабақшадан мектепке дайын шәкірт болып шығады.

Мектеп жасындағы дене тәрбиесінің маңызы мен міндеттері

Дене тәрбиесі үрдісі күрделі, әр жақты және мектептің басқа оқу-тәрбие жұмыстарымен өте тығыз байланысты болғандықтан, ол терең ой-толғаныстарын, көлемді білімділікті керек етеді. Дене тәрбиесі міндеттерін дұрыс түсінген жетекші жеке баланы таңдап алған спорт түрлерінен жоғарғы жетістіктерге жетуін ғана емес, барлық балалардың денсаулықтарын нығайту, қозғалыс ептілігі мен дағдыларын қалыптастыру арқылы оларды үлкен өмірге дайындайды. Жетекші балаларды дене жаттығуларымен тұрақты, жүйелі шұғылдануға үйретеді.

Осы барлық міндеттерді дұрыс бағалау, ұйымдастыру, орындау үшін мақсатты түрде жақсы, шебер жоспарлай білу қажет. Дұрыс ойластырылған барлық жұмыстар келісілген жоспар, жүйелі, тиянақты жұмыс тудырады.

Мектепке дейінгі кезеңде баланың денсаулығы, әр түрлі қабілеттері, адамгершілік қасиеттері, мінез-құлқы қалыптаса бастайды. Баланың денесін шынықтыру, өмірге керек қозғалыс шеберлігін қалыптастыру, гигиеналық және тазалықты сақтау әдеттерін бойларына сіңіру үшін осы бір балалық балғын шақ өте бір қолайлы кезең

Баланың ағзасының жан-жақты дамуының негізі, тәрбие көзі дене тәрбиесі болып табылады. Табиғи, дұрыс өсіп келе жатқан бала тұрақты түрде қозғалғысы келіп тұрады. Оның осы қозғалыс әрекетін жанұяда, бала бақшасында дұрыс ұйымдастыру оның жүрек-қан тамырлары, дем алу, жүйке жүйесі, зат алмасу жүйесі қызметтерін жақсартады, қозғалыс-тірек аппараттарын нығайтады. Баланың ауруға қарсылық күшін, ағзаның қорғаныс күшін күшейтеді. Қозғалыс арқылы бала өмірді, табиғатты тани бастайды, оның психологиясы, ерік-күші, өзіндік қасиеттері дамиды. Бала көбірек қозғалыстарды білген сайын оның таным, түйсік, қабылдау, сезім, қабілет және басқа да әр түрлі психикалық мүмкіншіліктері кең көлемде дамиды. Сондықтан да осы кезеңде дене тәрбиесі сауатты, дұрыс жүргізілмесе, өткізіп алған уақытты қуып жету, жіберілген қателіктерді түзету қиын болады.

Дене тәрбиесі жұмыстарын мектепке дейінгі балалар мекемелерінде міндетті түрде ұйымдастырылуы керек. Қазіргі кезде ата-аналары күні бойы жұмыста болғанда балалар бос қамалып отырмай, немесе жалданған бір тәрбиеші, бір мамандық иесінің ғана тәрбиесінде болмай, жоғары дәрежелі мамандардың қарауында болып, жан-жақты тәрбие, білім алулары керек болатын жағдай туды. Жоғары дәрежелі ұстаздар, өз кәсіптерін, мамандықтарын өте жақсы меңгерген адамдар күні



бойы жұмыста жүрген жұмысшылардың, қызметкерлердің балаларын өте жоғары деңгейде тәрбиелеуге міндетті. Сол тәрбиенің бірі, маңыздысы – дене тәрбиесі. Сондықтан да біз келешек дене тәрбиесі мамандары мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі жұмыстарын сауатты, білікті, әдістемелік дұрыс жолдармен іске асыруымыз керек.

Мектепке дейінгі жасындағы кезең әр түрлі қимыл-әрекеттерді үйретуге, жетілдіруге, өмірге қажет қимыл ептілігі мен дағдысын қалыптастыруға ең қолайлы кезең болып есептеледі. Осы кезеңде үйренбеген қимыл-әрекеттерді, кейін адам денесі қатып, буын жылжымалығы, сіңір созылымдылығы азайып, қозғалыс шеберлігі нашарлап қалған кезде үйрену, жетілдіру қиынға түседі. Бала кезінде әр түрлі, көп үйренген, жетілдірілген, дағдыланған қимыл-әрекеттер адамға кеңістікте оңтайлы, епті, жеңіл қозғалуға мүмкіншілік береді. Жаңа, күрделі қимыл-әрекеттерді жылдам үйреніп алуға жол ашады.

Мектепке дейінгі жасындағы балалардың денсаулығына, дене дайындығына, өмірге қажет әр түрлі қозғалыс іскерлігі мен дағдысының қалыптасуына дене тәрбиесінің маңызы өте зор. Осы кезеңде балалар дене тәрбиесі және спорттық қимыл-әрекеттермен белсенді шұғылданбаса, олардың денесі жан-жақты, толық дамымайды.

Мектеп жасында балалардың ағзаларына әсер ететін дене тәрбиесі жұмыстары дұрыс ұйымдастырылса, ол баланың дене және ақыл-ой жұмыс қабілеттілігі деңгейінің көтерілуіне себеп болады. Дұрыс ұйымдастырылған дене тәрбиесі жұмыстары балалармен жүргізілетін басқа өнегелік, эстетикалық, еңбек, ақыл-ой тәрбиелерінің міндеттерін орындауды оңайлатады, психологиялық және эмоционалдық күйлерін жақсартады.

Дене тәрбиесі жаттығулары, әр түрлі қозғалмалы ойындар осы қасиеттерді дамытады. Қозғалыс кезеңдерінде және қозғалмайтын статикалық жаттығулар кезінде мүсін түзулігін, тұлғаны қалыптастыру үшін отырғанда, тұрғанда, жүргенде, жаттығулар жасағанда тұлғаны түзететін арнайы жаттығулар беріп отыруымыз керек.

Оқушыларды бастауыш сыныптардан бастап Президенттік және Ұлттық сынама сынақтары оқушылардың жаттығуларын меңгеруге, орындауға дайындай бастағанымыз жөн.

Оқушылардың дене тәрбиесі мен спортқа деген ынтасын, қызығушылығын оятап, оларды спортпен тұрақты, жүйелі шұғылдануға дағдыландыру керек.

Балабақшада орыс тілін үйретудің тиімді жолдары

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға білім беру стандарты бойынша мектепке дейінгі тәрбиемен оқыту барысында бүлдіршіндерге орыс тілін үйретудің білім - деңгейі нақты бағдарламамен берілген. Орыс тілін оқыту Тұрпатты бағдарламамен жүзеге асырылады.

Заман талабына сай әр мұғалім өз сабағын жаңаша ұйымдастырып, шығармашылық ізденіспен өткізеді. Осы мақсат пен міндеттерді негізге ала отырып, қазақ балаларына орыс тілін үйретуде тек қана сөздерді қайталау арқылы үйретпей, оларды ойындар мен көрнекіліктер арқылы үйреткен тиімді болып табылады. Ойын мен көрнекілік — балалардың тілді үйренуге деген қызығушылығын арттырады, сенімін оятады. Ойын элементтері оқытудың бір түрі болып табылады. Бұл әдістің тиімділігі балалардың белсенділігін пәнге деген қызығушылығын, ынтасын арттыруында болып табылады.

Оқудың алғашқы кезінде балалардың тілдік материалдарды жеңіл меңгеріп кетуіне көмектеседі. Ойын түрлерін дұрыс өткізілген сабақта балалардың тілді үйренуіне ынтасы артып, сол тілді

білуге

қызығады.

Баланың шаршауын сейілтіп, қызығушылығын арттыратын тек ойын элементтері болып саналады. Ойын баланы бірігіп жұмыс істеуге бағыт береді, іздендіруге дағдысына қалыптастыруына мүмкіндік туғызады.

Орыс тілін оқытуда ойын түрлерін мынадай мақсатта қолдану тиімді.

1. Мұғалімнен кейін қайталау арқылы сөздердің фонетикалық жағын меңгерту.
 2. Балалардың тыңдау зейінін қалыптастырып сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру
 3. Балалардың сөздік қорын молайтып, оны дұрыс қолдана білуге үйрету.
- Балалардың ойын дамыту, дұрыс айту, дұрыс білу дағдысын қалыптастыру.

Балаларды орыс тілінде сөйлеуге қарым - қатынас жасауға орыс тілін әрбір мұғалім өз сабақтарында жаттығудың бір түрі ретінде ойындарды қолданып, сабақты қызықты өтуге, балалардың тілге деген қызығушылығын арттыруға білім деңгейін тексеру құралы ретінде пайдалануға болады.

Таңдап алынған ойындар балалардың тіл қорына сай болу керек. Мұғалім кез - келген ойынды өткізу үшін алдын - ала жоспар құрып алуы қажет. Сонымен бірге мұғалім ойынға қойылатын төмендегі әдістемелік талаптарын біліп орындауы тиіс.

Ол әдістемелік тұрғыдан алғанда мынадай бөліктерден тұрады:



1. Ойынның өтілетін сабақтарының мазмұны мен тақырыбына сай болуы.
2. Ойынға берілген уақытты нақты белгілеу.
3. Ойынның ойналу түрі, топ болып ойнау.
4. Ойынға қажетті материалдардың түгел дайындалып қойылуы.
5. Қолданылған сөздер, сөз тіркестері, өлең таңдау
6. Ойындардың өту барысының жоспарын жасау.

Мұғалім алдымен баланың оқуға қызығушылығын ояту қажет. Баланың қызығу жәрдемімен оқып үйрену барысында қабілеті ашылып, өз күшіне мүмкіндігіне сенімі арта бастайды.

Қызығуды туғызу үшін ойын түрлерін пайдаланудың орны бөлек. Тиімді пайдаланылған ойын түрлері мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын бүлдіршіндердің зор ынтамен тыңдап берік меңгеруіне көмектеседі. Өйткені балабақшадағы балалардың аңсары сабақтан гөрі ойынға ауыңқырап отырады. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез серігіп тапсырманы ынталанып әрі сапалы орындайтын болады. Бұл ойындарды барлық (ересек, ортаңғы, мектепалды) топтарда қолданамын.

Сонымен бірге топ ішінде ойнайтын ойындар мен іс - әрекеттер арқылы да оқытуға болады. Біз топ ішінде ойындарды қашан қолдануымыз керек. Мысалы ұйымдастырылған оқу қызметі үстінде жаңа сөздерді қайталау үшін, өтілген тақырыптарды еске түсіру үшін қолданған жөн. Ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде мынадай ойындарды ойнауға болады:

Сықырлы қоржын. (тақырыптар: «Жемістер», «Көкөністер», «Ыдыс - аяқ», «Ойыншықтар» т.б.)

2. Үйде кім жоқ? (тақырып: «Отбасы мүшелері»)

3. Аудармашы. (барлық тақырыптарға келеді. Мұғалім сөзді қазақша айтса бала орысшаға аударары, немесе мұғалім орысша айтып қазақша аудармасын сұрайды)

4. Снежный ком. (Балаларға сөздерді жаттатып отырып, бір сөзден төрт сөзге дейін жаттатып, үйрету, лексиканы үйрету кезіндегі барлық тақырыптарда қолдануға келеді.)

5. Не жоқ? (тақырыптар: «Үй жануарлары», «Жабайы жануарлар», «Киімдер» т.б.)

6. Кімнің дауысы? («Үй жануарлары, Жабайы аңдар, Үй құсары!» тақырыптарға қолдануға болады. Ұнтаспадан тыңдату немесе бір бала тақтаға шығып теріс қарап тұрады, мұғалім келесі бір баланы шақыртып («Үй жануарлары, Жабайы аңдар, Үй құсары!» дауысын айтуды сұрайды, бірінші бала кімнің дауысы екенін айтып және сол жануардың суретін көрсетеді)

7. Үстелде не жоқ? т. б. («Оқу құралдары», «Азық – түлік», «Киімдер» т. б.)

Бұл ойындар балалардың танымын кеңейтіп, білім мен білік дағдыларын жан - жақты дамып, қалыптасуына, тілдік материалдарды жақсы білуге көп көмектеседі.

Ойындар балалардың танымын, ақыл – ой белсенділігін қалыптастырудың маңызды құралы бола отырып, олардың бағдарлама материалының негізгі тақырыптары бойынша алған білімдерін тереңдете түсуді, әрі пысықтауды көздейді. Бұл ойындар балалардың сабақ үстіндегі жұмысын түрлендіре түседі, олардың пәнге қызығушылығын оятып, ынта – ықылас қоюына баулиды және бүлдіршіндердің зейінін, ойлау қабілеттерін дамытады. Ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндеттерді шешеді.

Ойынның мақсаты бағдарламада анықталған білім, білік, дағдылар жайында түсінік беру, оларды қалыптастыру, және тиянақтау және пысықтау немесе тексеру сипатында болып келеді. Ойынның міндеті баланың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттыру мақсатында іріктеліп алынған нақты мазмұнымен анықталады.

Ойын ұғымына түсінік берсек, бұл баланың мінез-құлқына өзі басқарумен қатар топпен жұмыс жүргізе білу әрекеті, ол баланың бір - біріне көмектесу, тез ойлау қабілетін, алға ұмтылу ісін дамытады.

Сондықтан бағдарлама бойынша ұйымдастырылған оқу іс - әрекеті кезінде ойын түрлерін үнемі пайдаланып отыру керек.

Қорыта келгенде, Ұйымдастырылған оқу іс - әрекеті кезінде «ойын түрлерін пайдалану біріншіден, балалардың білімін берік меңгерту құралы болса, екіншіден балалардың сабаққа деген қызығушылығын артыру болып табылады. Ойын түрлерін пайдалану мынадай нәтижеге жеткізеді.

Нәтиже

1. Әр баланың шығармашылығы артады.

2. Жылдам жұмыс істеуге дағдыланады

3. Баланың жеке қабілеті анықталады

4. Бала топ жаруға ұмтылады.

5. Баланың ойлау қабілеті дамиды

6. Әр бала өз деңгейімен бағаланады.

Сонымен қатар, балалардың тілдерін дамыту үшін әр сабақта өлең – тақпақ, жұмбақ, мақал – мәтел, сергіту сәттерін жиі пайдаланамыз. Жоспар бойынша мерекелік іс – шараларға өлеңдер, әндер жаттап, түрлі ойындар үйренеді.



Балабақшада тренингтік сабақтарды қолданудың тиімділігі

Мектеп жасына дейінгі балалардың жалпы психикалық дамуы, әлеуметтік ортаға бейімделу мүмкіндіктері, оқу-тәрбие процесіне психологиялық тұрғыдан даяр болуы олардың қарым-қатынас генезисі бойынша жасына лайық қарым-қатынас формасының қалыптасуымен тікелей байланысты. Мектепке дейінгі жастағы балалардың қарым-қатынас формасында ересектермен және басқа балалармен өзара әрекеттестік және ақпарат алмасатындығын айтады. Баланың жасына лайықты қарым-қатынас формасының қалыптасуына отбасы, балабақша, мектеп жасына даярлықтың әсер ету мүмкіндігі ерекше болатыны белгілі.

Сондықтан балалардың ересек адаммен, басқа балалармен қарым-қатынас формасының жасына сәйкес параметрлерінің қалыптасып, дамуы, мақсат-бағдарлы, жедел ұйымдастырылатын коррекциялық-дамытушы әдіс-құралдардың жүйесін қолдануды қажет етеді.

Қазіргі кезде тренингтік сабақтарды ұйымдастырып өткізудің жалпы шарттарын сақтаумен қатар, жас ерекшелік идеологиялық, психологиялық, әлеуметтік және ұлттық мәселелерге қатысты негіздерді енгізудің орны ерекше. Мектепке дейінгі жастағы балалардың қарым-қатынасын жетілдіруге арналған тренингтік сабақтарды тиімді ұйымдастырудың жағдайларын қарастыру.

Тренингтік сабақтар балалардың үйреншікті іс-әрекеттер аймағында өткізілуі керек (балабақша тобында, музыка залында, спортзалында).

Тренингтік сабақтарды аптасына екі рет өткізу ең ыңғайлы вариант болатыны анық.

Бұл жағдай, біріншіден, балалардың жаңа формада ұйымдастырылатын іс-әрекетке деген қызығушылықтарын ұзақ мерзімге сақтауға, жаңалыққа «тойынып алу» феноменімен, шаршаудан, қажудан сақтайды.

Екінші жағынан, балаларға біртіндеп тренингтік әсер болады да, оларды жинақтылық эффектісіне бар мәліметтердің негізінде абдырап, енжарлыққа бой ұрып қалмауға мүмкіндік береді. Соңында балалардың тренинг жүргізушіге бауыр басып қалып, өздерінің бұрынғы, тренингтен тыс болатын іс-әрекеттерінен, педагогтарынан аулақтап кетуден сақтайды.

Тренингтік сабақтарды өткізу жолдары мен мазмұнына даралау, саралау элементтерін енгізуге және сабақтардың тиімділігін білуге мүмкіндік береді.

Тренингтік сабақтардың аспектісін қарастыру – бұл тренинг бағдарламасын анықтау болып табылады. Тренингтік сабақтар балалардың қарым-қатынас дағдылары мен біліктерін жетілдіруге арналған дағдылар тренингі болып табылады, сабақ барысында психологиялық ахуал туғызады.

Тренингтік сабақтарда сергіту ойындар, сергіту сәттері, психожаттығулар, шеңберлер үлкен роль атқарады.

Сергіту ойындарын басқаша қыздыру жаттығулары деп те аталады. Бұл ойындар балаларды топтық іс-әрекетке эмоционалды түрде келтіретін, баптайтын мақсатқа бағытталады. Сергіту ойындары әрбір сабақтың алдында және соңында өткізіледі. Балалардың ойынын ғана қыздырып қоймай, белсенділіктерін арттыруға мүмкіндік беретін жаттығулар түрлері – жаңылтпаштап, сөздік ойындар, өтірік өлеңдер, т.с.с. Сюжетті-рөлдік ойындар тренингтік сабақтардың негізі. Мұндай ойындар түзету мақсатын көздейді.

Сюжеттік-рөлдік ойындардың психологиялық әсерімен балада:

- өз-өзіне деген сенімінің беку;
- этикалық және адамгершілік негізінде мінез-құлық, жүріс-тұрыстың меңгерілуі;
- қарым-қатынас дағдылары мен біліктерінің дамуы болатындай түрлері жинақталып,

іріктеледі.

Сюжетті-рөлдік ойында балалар сценарий ойнаушының рөліне толық кіргенде ғана, тренинг әсер алады. Сол себептен сюжетті-рөлді ойынның сценарийын алдын-ала жоспарлап, балаларға рөлдерді беріп, бірнеше рет түсіндіру. Берілген рөлдер бала жасына және ыңғайына лайықты болу керек. Ересек топ балалардың тренингтік сабақтарында ойналатын сюжетті-рөлді ойынға 1 – 1,5 сағат уақыт керек.

Балалардың қарым-қатынасын жетілдіруге арналған тренингтік сабақтардың базалық әдісі – ойын-пікірталас. Оның негізінде тренинг жүргізушінің балалармен, балалардың өзара қарым-қатынасы жатады. Балалардың жас ерекшелігі ескеріліп пікірталас ойын формасында өтеді. Басқаша айтқанда пікірталас барысы қарым-қатынасқа ойын арқылы үйретумен сипатталады. Ойын-пікірталасының құндылығы – оның әрбір баланың өзін-өзі көрсетуін талап ете отырып, бір-бірін, ересектерді тыңдауға, әңгіме мазмұнына назар аудару біліктерін дамытып, әңгімені толықтыруға, пікір айтуға, сұрақ қоюға, суырып салушылыққа дағдылануға мүмкіндік беретіндігінде.

Ойын-пікірталасты ұйымдастырудың қажетті шарты – балалардың жұмысына психологиялық, эмоциялық қолайлы жағдай жасау. Ойын-пікірталас кезінде балалардың дөңгелене отыруы тиімді әсер береді. Ұялу қасиеттері бар балалардың да топтық пікірталасқа қатынасуы үшін сөз кезекпен дөңгелек



бойынша беріледі. Ұялақ балаларды да ойын-пікірталасқа тарту үшін, асықтырмай, ойлануға уақыт беру қажет. Ойын-пікірталасқа 10-15 уақыт беріледі.

Ойын-пікірталасты ұйымдастырып, жүргізу алгоритмі:

1. Пікірталас тақырыбы мен мақсаты тұжырымдау.
2. Пікірталас бойынша мәлімет жинау (балаларға сұрақтар беру, пікірлерін тыңдау, барлық балалардың пікірлерін білу).

3. Алынған мәліметтердің ішінен ең мәндісін бөліп көрсету.

4. Жалпы қорытынды жасап, әрбір баланың мақсатқа сәйкес пікірталас жасауда қосқан үлесін атап кету.

Тренингтік сабақтардың мақсатына және балалардың жас ерекшеліктеріне орай ойын-пікірталастың тақырыптарын алдымен іріктеп дайындалады.

Осы қарастырылған балабақша балаларына арналған тренингтік сабақтарына құрамдас компоненттерімен қоса рәсімдік сәттер де бар. Ол әрбір тренингтік сабақтың бастапқы және соңғы кезеңдеріндегі сәлемдесу, және қоштасу, шаттық шеңберлері жасалынуы болып табылады. Тренингтік сабақтардың құрылым компоненттерінің – психожаттығу, психологиялық ойындар түрлері, тренингтер және пікірталас пен рәсімдердің мазмұны әр жақты. Сондықтан шығармашылық қадам жасалса, яғни түрлі әр мақсат-міндеттер, топтық ерекшеліктер ескеріле отырып тренингтік сабақтар әсері күшті болмақ.

Қорыта келе, барлық нәрсенің өлшемі – адам, оның жан-жақты тәрбиесі қайта құру процесінің бұлжымас заңына айналып отырған қазіргі кезеңде тәрбие әдісі теориясын және практикасын одан әрі жетілдіру актуалды мәселе екені айқын.

Қазіргі кезеңде тәрбие әдісінің негізгі мәні – баланы жан-жақты қалыптастырудағы әлеуметтік міндетті жүзеге асырудың басты құралы болып табылатын тәрбиенің әдістерін жетілдіру.

Тәрбие әдістерін психологиялық тұрғыдан оны баланың жеке басына жанасудың, ықпал етудің құралы ретінде қарастырса, педагогикалық еңбектерінде оны тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің іс-әрекеттерінің өзара байланыс тәсілдері деп сипатталады.

Тәрбиенің әдістеріне берілген мұндай әртүрлі анықтамаларға талдау жасасақ, онда:

- жеке басқа ықпал ету құралы;
- тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің іс-әрекеттерінің өзара байланыс тәсілдері;
- тәрбиенің мақсатына сай баланың санасы мен ерік-күшіне ықпал ету тәсілдерінің жиынтығы;
- тәрбие мақсатына жету жолдары ретінде қарастырылғанын байқаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ядэшко В. И., Сокин Ф. А. Мектепке дейінгі педагогика. - Алматы, 1982
2. Нурлыбекова А. Б. Принципы педагогики развития при построении программ физического воспитания дошкольников. – Алматы, 1998.
3. Сағындықова Е. Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы, 1991.
4. Дьяконов Г.В., Психология педагогического общения.- Кировоград.,1992.
- Зимняя .А., Гализина И.Ф., Педагогическая психология.-М.,2000.
5. Балалар психологиясы: оқулық / Ж.Қ.Дүйсенова, Қ.Н.Нығметова / - 2012.
6. С.Әбенбаев «Тәрбие теориясы мен әдістемесі», Алматы – Дарын 2004 ж.
7. Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К. «Жалпы педагогика» , Алматы – 2005 ж.
8. Айтмамбетов Б.Р. «Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері» Алматы –1991 ж

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ КОММУНИКАЦИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**ДЖУМАШЕВА Гульаим Жилкайдаровна, СЫМТИКОВА Жанаргуль Кабдылхамитовна,
КИЗИРОВА Мадина Камешовна**

№5 «Жұлдыз» бөбектер бақшасы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорныны

Павлодар облысы, Екібастұз, Қазақстан

sad5@ekbgoo.gov.kz

Аңдатпа

Тіл- ұлт мәдениетінің қайнар көзі, Әр халықтың ұлттық дәстүрінің, сана сезімінің, сөйлеу, ойлау тәсілінің, мінез-құлқының, мәдениеті мен әдебиетінің айрықша белгілері тіл арқылы бейнеленеді. Тіл өнерінің құнын халқымыз өте биік бағалап, «Өнер алды- қызыл тіл» деген.



Балабақшадағы балаларда сөйлеу коммуникациясын қалыптастыру мамандардың маңызды міндеттерінің бірі, себебі мектепке дейінгі жастағы уақытта оны шешу үшін неғұрлым сензитивті болып табылады.

Педагогикалық және психологиялық әдебиетте мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу коммуникациясын меңгеру процесін А. Н. Гвоздев, В. И. Бельтюков, Д. Б. Эльконин, М. Е. Хватцев еңбектерінде толық зерттелген және сипаттамалар берілген [1,2,3,4].

Олардың пікірінше, дұрыс дыбысты айтуға үйрету, сөйлеу коммуникациясын меңгеруді мүмкіндігінше ертерек бастау қажет.

Кез келген балабақшаларда тұлғаны қалыптастыру мектепке дейінгі балалардың өз ой-пікірін ана тілінде еркін, дұрыс, түсінікті жеткізе білуден басталады. Мектепке дейінгі бала айтайын деген ойын, біріншіден, жасқанбай жеткізе білуі; екіншіден, сөйлемдерді дұрыс та нақты құрастыра алуы; үшіншіден, сөйлеу мәдениетінің алғашқы қарапайым бастамасын меңгеруі; төртіншіден, қоршаған ортаға сай қарым-қатынас жасай білуі тиіс. Сайып келгенде, осының бәрі, тұжырымдамада көрсетілгендей, тілдік қатынастың басты қағидалары мен ұстанымдарын меңгеруді қажет етеді. Сондықтан балабақшаларда балалардың ауызша сөйлеу дағдысын қалыптастыру қазіргі кезде өзекті мәселеге айналып отыр.

Мектепке дейінгі жас — бұл баланың сөйлеу тілін белсенді меңгеруі, фонетикалық, лексикалық, грамматикалық тілдің барлық жақтарын қалыптастыру және дамыту кезеңі. Мектепке дейінгі балалық шақта ана тілін толық меңгеру балалардың ақыл-ой, эстетикалық және адамгершілік тәрбиесі міндеттерін шешудің қажетті шарты болып табылады. Бұл ретте ол білім алып қана қоймай, ойлауға үйренеді, өйткені ойлау - бұл дауыстап сөйлеуді білдіреді, яғни айта отырып ойлау. Балалар өз ойларын, сезімдерін білдіру үшін сөйлейді, яғни қоршаған ортаға өздерінің әсерлерін және пікірлерін жеткізеді.

Кез келген адам үшін оның ішінде балалар үшін ең бастысы қоршаған ортаға бейімделу, қарым – қатынасқа түсе білу, оқуға қажетті білім, дағды, шеберлікті меңгере білу.

Осының ішінде мектепке дейінгі балалардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мен дамыту маңызды орын алады. Қазіргі заманның талабына сай мектепке дейінгі мекемелерде сөйлеу дағдылары жөнінде көптеген мәселелер қаралып, олар философиялық, педагогикалық, психологиялық тұрғыдан зерттелінген және зерттелініп жатыр.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыру ауқымды мәселе. Көптеген жұмысты талап етеді. Дұрыс тілдің қалыптасуы мектепке дейінгі білімнің негізгі бір міндеті болып табылады. Бірақ та соңғы бірнеше жылдағы тәжірибелік жағдайдың динамикалық анализі бойынша мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу ақауларының саны жыл сайын өсіп келеді. Жақсы тіл — баланың жан — жақты толық дамуындағы маңызды шарты болып табылады. Баланың тілі неғұрлым бай және дұрыс болса, соғұрлым оған өз ойын айтуға жеңіл, оның айнала әрекетін тану мүмкіндіктері кең болады. Сондықтан баланың тілінің уақытылы қалыптасуын ойлау керек. Тілдің әр түрлі ақаулары қандай да дәрежеде болмасын баланың мінезі мен әрекетінде көрінуі мүмкін. Жаман сөйлейтін балалар, өзінің жетіспеушіліктерін түсіне келе, жабық, ұялшақ болып, батыл болмайды [5].

Әрине, балабақшада да өзіндік әдіс - тәсілдерін қолданады, сабақтар өткізіліп, балалармен жұмыс жүргізіп, сөйлеу дағдыларын дамытады. Алайда баланың жан - жақты дамуына, олардың сөйлеу коммуникациясының дамуына ата - аналар көп әсер етеді.

Зерттеу Екібастұз қаласы әкімдігі білім бөлімінің №5 «Жұлдыз» бөбектер бақшасы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының базасында өткізілді. Мектепке дейінгі ересек жастағы (5-6 жас) 36 баланы тексердік. Зерттеу екі топта өтті: «Балғын» мектепалды даярлық тобында - 17 бала (эксперименттік топ), «Қарлығаш» мектепалды даярлық тобында - 19 бала (бақылау тобы). Сөйлеу коммуникациясын зерттеу үшін біз келесі әдістемелерді қолдандық: сауалнама, бақылау, әңгімелесу, «Баламен сұхбат», «Әңгімелерді жанғырту» әдісі.

Балалардың сөйлеу дағдысын қалыптастыруда тапсырмаларды құру барысында балалардың жас ерекшеліктеріне, сөйлеу тіл мүмкіндіктеріне, – тапсырмаларды қалай түсінетініне назар аударылды. Тапсырмалар ауызша және көрнекілік арқылы берілді.

Бірінші кезеңде ортаңғы, ересек, мектепалды даярлық топтарының тәрбиешілеріне сауалнама жүргіздік. Зерттеу мәселесі бойынша сауалнама әзірледік. Топ тәрбиешілеріне келесі сұрақтарға жауап беру ұсынылды:

1. Сөйлеу коммуникациясы деп нені түсінесіз?
2. Сіздің ойыңызша, бала өмірінде сөйлеу коммуникациясы қандай маңызға ие?
3. Балалар ертегі, мультфильм және т. б. мазмұнын айта алады ма?
4. Баланың сөздік қорын қалай бағалайсыз?
5. Бала ойын барысында құрдастарымен сөйлесе алады ма?



6. Баланың ересектермен байланыс деңгейін қалай бағалайсыз?
7. Бала басқалармен қарым-қатынас жасаудың қажеті жоқ қызмет түрлерін ұната ма?
8. Сіздің ойыңызша балада қарым-қатынас барысында қандай қиындықтар туындайды?
9. Сөйлеу коммуникациясын тиімді дамыту үшін не істеу керек?
10. Баланың сөйлеу коммуникациясын дамыту үшін ата-аналарға қандай ұсыныстар жасар едіңіз?

Зерттеу көрсеткендей, барлық тәрбиешілер «сөйлеу коммуникациясы» ұғымының мәнін дұрыс түсінеді, олар бала өмірінде ерекше орын алады деп санайды, балалардағы сөйлеу коммуникациясының даму деңгейін бағалағанда, бірқатар факторларды бөліп, көрсете білді. Мысалы, балалардағы белсенді сөздік қоры әртүрлі, қарым-қатынас үшін бір балалар ересектерді, басқалар құрдастарды таңдайды, балалардың бір-бірін түсінбеуі салдарынан дау-жанжал туындайды.

Барлық тәрбиешілердің пікірінше, отбасы, баланың ата-аналары баланың өмірінде үлкен рөл атқарады, сондықтан олар баланың сөйлеуін тиімді дамыту үшін көп жұмыс жасай алады.

Бала тілінің дамуы ата-ананың баланы жалғыз теледидар не компьютер алдына отырғызып, ғаламтордан түрлі бағдарламалар мен фильмдерді көруіне жағдай жасаумен емес, керісінше, ертегілерді бірге көріп, не болмаса ертегіні ата-ана өзі оқып беріп, баланың ертегіні түсінгенін, я түсінбегенін байқап, сұрақтарына жауап бергенде ғана нәтижелі болады. Сондықтан әрбір ата-ана өз баласының мүмкіндігін, жас ерекшелігіне тән сөздік қорын жетілдіріп отыруға тырысуы тиіс. Ата-аналарға ұсыныстар ретінде олар өз балаларымен әртүрлі тақырыптарға көбірек сөйлесуді, баланы тыңдауды, оның проблемаларымен қызығуды, баламен бірге ойнауды, баланың қарым-қатынас аясын кеңейтуді, балаларға балалар кітаптарын оқуды ұсынады. Біздің зерттеуіміздің бірінші кезеңінде мектепке дейінгі балалардың сөйлеу коммуникациясының қалыптасу деңгейін анықтау үшін біз бақылауды пайдаландық.

Бақылау табиғи жағдайда өткізілді: сабақта, серуендеуде, ойын ұйымдастырылған оқу қызметінде, еркін қызметте. Сөйлеу коммуникациясының даму жағдайы екі бағытта зерттелді: ересектермен қарым-қатынаста сөйлеу дағдысының қалыптасу деңгейін анықтау және құрдастарымен қарым-қатынаста сөйлеу коммуникациясының қалыптасуы.

Ересектермен қарым-қатынаста мектепке дейінгі балалардың сөйлеу коммуникациясының қалыптасу деңгейін бағалау келесі критерийлерді ескере отырып жүргізілді:

1. Ересек адамға қалай жүгінеді: тәрбиешіні, тәрбиешінің аты, әкесінің аты бойынша көмекшісін атай ма, сыпайы, сабырлы, өз ниетін, өтінішін білдіре ала ма, ересектердің талап етілетін тапсырмаларды орындаудан бас тартуына қалай жауап береді, сыпайы сөздерді қолдана ма, қай және қандай жағдайларда.

2. Үлкендермен жүзіне қарап, тыныш сөйлесе алады ма; ересек адамды үзіліссіз тыңдай ма; өз кезегін күте ме.

3. Бала ересек адамға қаншалықты мұқият. Ересек адамның өтінішіне қалай жауап береді, оның тапсырмаларын қалай орындайды. Ересектерге қатысты қамқорлық, көңіл, сезімталдық таныта ма?

II. Құрдастарымен қарым-қатынас.

1. Ол өз құрдастарымен достық қарым-қатынаста: сәлемдесу және қоштасу әдеті бар ма; ол сыпайы сөздерді қолдана ма?.

2. Құрдастарына мұқият; оның көңіл-күйін байқайды; көмектесуге тырысады; қызмет атқару кезінде құрдастарын алаңдатпайды, кедергі жасамауды біледі; оның пікірі деп есептеледі немесе тек өз мүддесінде әрекет етеді.

3. Құрдастарымен қайшылықтар қаншалықты жиі және қандай себептермен пайда болады, баланың оларды қалай ажыратады. Қақтығыс жағдайларында өзін қалай ұстайды (орын береді немесе айқайлайды, дөрекі сөйлейді), ересек адамнан көмек іздейді және т.б.

4. Құрдастарымен қарым-қатынаста қандай қатынастар басым болады: барлық балаларға немқұрайлы қарау; жасырын теріс; ашық теріс; таңдамалы.

Осылайша, басқа балаға көңіл бөлу және қызығушылық, әріптестің әсерлерін қабылдаудың эмоционалдық бояуы, басқаның қызығушылығын тудыруға ұмтылу, өзіне назар аудару, баланың оған әріптес көрсететін қарым - қатынасқа сезімталдығы сияқты сөйлеу коммуникациясының критерийлерін анықтай отырып, біз сөйлеу коммуникациясының көрсеткіштерін бөлдік: қарым-қатынас барысында балалардың қанағаттандыратын қажеттіліктің мазмұны; баланы оған итермелейтін себептер; басқа адамдармен қарым-қатынас жасайтын құралдар.

Бақылау деректері бойынша «Балғын» тобында анықталғаны:

Жоғары деңгей - 4 бала (23,6%);

Орташа деңгей - 8 бала (47%);

Төмен деңгей - 5 бала (29,4%).



«Қарлығаш» тобында анықталғаны:

Жоғары деңгей - 4 бала (23,5%);

Орташа деңгей - 9 бала (53%);

Төмен деңгей - 4 бала (23,5%).

Сөйлеу коммуникациясының жоғары деңгейі бар балалар үлкендер мен құрдастарына сыпайы қарым-қатынас жасай алады, өз ниеттерін, өтініштерін тыныш білдіреді. Олар әрдайым тыныш сөйлейді, сөйлеушіні бөлмейді. Үлкендерге мұқият қарайды: қамқорлық, назар, көңіл бөлу. Осындай мектепке дейінгі балалар құрдастарымен сәлемдеседі: амандасады және қоштасады, аты бойынша атайды. Басқа балаларға мұқият болады, көмектесуге тырысады, басқа балалардың пікірімен санасады. Ол жанжалға сирек түседі. Жанжал жағдайларында олар қалай берілуді біледі, айқайламайды. Олар құрдастарымен тең және достық қарым-қатынаста.

Орта деңгейге қарым-қатынас мәдениетін білетін, бірақ оларды үнемі қолдана бермейтін балалар кіреді. Мектепке дейінгі жастағы бала ересек адамға немесе басқа балаға сыпайы сөздер қолданады. Ересектермен тыныш сөйлесе алады, бірақ кейде сөйлеушіге кедергі келтіреді. Ересек адамның нұсқауларын өз бетінше орындайды, бірақ саналы түрде емес, оның өтініші бойынша. Ол ересек адамдар тобына кіргенде, қарым-қатынас мәдениеті ережелерін әрдайым есіне түсіре бермейді. Құрдастармен достық қарым-қатынаста, бірақ сәлемдесу және қоштасу әдеті күн сайын қалыптаспайды. Іс-әрекеттерді орындау кезінде кейде көңілі басқа жаққа аударылады. Ол мерзімді жанжалға түседі. Жанжал жағдайларында ересек адамның көмегіне жүгінеді. Балалармен қарым-қатынас таңдамалы, тең.

Мектеп жасына дейінгі балаларда сөйлеу қарым-қатынасының қалыптасу деңгейінің төмендігі ересектермен амандасу және қоштасу, оларды аты, әкесінің аты арқылы шақыру қабілетінің жоқтығымен сипатталады. Бала іс жүзінде сыпайы сөздерді қолданбайды, сөйлеушінің сөзін бөледі. Ересек адамға көңіл аудармайды, көмек сұрауға тиісті түрде жауап бермейді. Ол құрдастарымен достық қарым-қатынаста емес, сыпайы сөздерді қолданбайды, дөрекі. Бірлескен іс-шараларды орындау барысында назары бөлініп, басқаларға кедергі жасайды. Жанжал тудырады. Жанжал жағдайларында төбелеседі, ренжиді. Құрдастарымен қарым-қатынас көбінесе теріс, таңдамалы болады.

Балалардың коммуникативтік қарым-қатынас деңгейін зерттеу мақсатында біз «Баламен сұхбат» әдістемесін өткіздік. Өткізу әдісі: балаға бірқатар негізгі сұрақтар ұсынылады[6].

- Үйде кіммен тұрасың?
 - Егер елестететін «Отбасы» ойынын ойнасаң, онда сен кімді: анаңды, әкеңді немесе өзіңді бейнелейсің?
 - Егер үйде ешкім болмаса, бірінші кезекте кімді күтіп тұрар едің: әкеңді, анаңды?
 - Егер сен қайғыға душар болсаң, біреу сені ренжітсе, сен ол туралы анаңа айтармедің, онымен бөлісермедің, әлде жоқ па? (бұл сұрақ әкесіне қатысты қайталанатын).
 - Айтшы, сен анаңның (әкеңнің) сені жазалайтынынан қорқасың ба, жоқ па?
 - Егер сен өсіп, өзің ата-ана болсаң, сенің балаларың болса, онда сен оларды сенің ата-анаң сені тәрбиелеп жатқандай, тәрбиелермедің?
 - Сен өскен соң, әкең (анан) сияқты жұмыс істейсің бе?
- Сөздік қоры, коммуникабельділігі бағаланады.

4-кесте. «Баламен сұхбат» әдістемесі бойынша зерттеу нәтижелері

Деңгей	Эксперименттік топ				Бақылау топ			
	Сөздік қоры		Коммуникабельділік		Сөздік қоры		Коммуникабельділік	
	адам	%	адам	%	адам	%	адам	%
жоғары	4	23,6	5	29,4	3	17,6	2	11,7
орташа	8	47	7	41,2	10	58,8	11	64,7
төмен	5	29,4	5	29,4	4	23,6	4	23,6

Бақылау экспериментін өткізу кезінде келесі мақсат қойылды: тәрбиешінің сөздік қоры бай, тілі орамды, стилі жатық, дыбыстау мәдениеті өрісті де өрелі болғаны. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу коммуникациясының дамыту үшін әр-түрлі лингвистикалық ойындар ұйымдастыру.

Лингвистикалық ойындар балалармен күніне 2 рет, 5-7 мин. уақыт аралығында жүргізіліп отырды. Сабақтарда негізгі педагогикалық принциптер – материалдың бірізділігі, біртіндеп күрделенуі



және қайталануы сақталды. Лингвистикалық ойындарды жүргізгенде көрнекіліктер қолданылып отырды. Ол балалардың жас ерекшелігін ескеруден туындап, балалардың жалығып кетпеуіне жағдай жасалды. Ұйымдастырылған ойындар барысында балалардың эмоциялық жағдайы, көңіл-күйі және қызығушылықтары да ескерілді.

Осылайша, жүргізілген эксперименталды жұмыс мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу коммуникациясының дамуында оң динамиканы көрсетті.

Бүгінгі өмірдің бізді- «Жас буынның рухани дүниесінің сәулеткері, қоғам өзінің ең қымбаттысын, ең құндысын, өзінің өмірі мен болашағын тапсырған сенімді өкілі» деп аса жоғары бағалап отырғаны мәлім. Сапалы білім берудің күн сайын тиімді жолдарын ойластырып отыруды ерекше талап етіп отырған жаңа кезеңде, әрине, балабақшадан бастап жас жеткіншектің дұрыс сөйлеу дағдысын жетілдіру, дамыту үшін келешек тәрбиешілік жұмысымызда өз шеберлігімізді шыңдай түсуге міндетті екенімізді түсінеміз.

Қолданылған әдебиеттер

1. Гвоздев А.Н. Вопросы изучения детской речи – М.: Просвещение, 2015. –306с.
2. Бельтюков В.И. Взаимодействие анализаторов в процессе восприятия устной речи. - М.: Издательство: Педагогика, 1977.-350с.
3. Эльконин Д.Б. Детская психология.- М.: Просвещение, 2015. –306с.
4. Хватцев М.Е. Логопедическая работа с детьми дошкольного возраста М.: Академия, 2017. –348с.
5. Жукова Н.П. Риторика и культура речи. – М.: Просвещение, 2004.-240с.
6. Люблинская А.А. Детская психология. – М.: Просвещение, 2001. – 416с.

РАЗВИТИЕ ГРАМОТНОСТИ ЧТЕНИЯ КАК КОМПОНЕНТА ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ В ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ШКОЛЕ

ДЬЯКОВА Елена Анатольевна

КГУ «СОШ №41»

ВКО, Семей, Казахстан

diakova71@mail.ru

Аннотация

$$y_i = \begin{cases} +1, wx_i > b; \\ -1, wx_i < b. \end{cases} \quad (11)$$

Equation (11) describes at zero hyperplane. It is known that the vector w perpendicular to the desired separation line with the corresponding properties: The best possible separation line Distant from nearest thereto classes separation points. Note that the distance between these points defines the separation strip which corresponds to the condition $-1 < wx_i - b < 1$ and a band edge point no elements, the width of the separation strip is $2/|w|$.

To improve the linear classification problem, an increase of the space dimension is used. The space is expanded by the mapping function to the new space. To expand the two-dimensional space in three-dimensional, the display function is represented as follows:

$$\phi(x) = \phi(x_1, x_2) = (x_1^2, x_2^2, \sqrt{2}x_1x_2). \quad (12)$$

$$\phi(x) = \phi(x_1, x_2, \dots, x_n). \quad (13)$$

It should be noted that the classification boundaries may become distorted during expansion space. Education class boundaries is a flexible tool that also allows to use and field classes. Thereby expanding, class limits and compensating for errors of their determination. Flexibility visually determining class boundaries based analysis allows the data structure to determine the required amounts of classes. This makes it necessary for the accuracy of the analysis to determine the classification of objects.

The data represent the classes well and are grouped by generalized attributes. The two-dimensional representation shows that the data well represents the classes to which they relate. At the same time, the classes are fairly well spaced.




Figure 1

Three groups of objects are well grouped and the groups are located far enough in the two-dimensional space. Since the objects are from the training set, we determine that these groups represent classes.




Figure 2

Next, we define a class graphically grouping boundaries. It is important not only to the Class B limits, as well as the definition of fields of class boundaries. Visually, we can define a parameter a (Fig. 2) as a class field. We can graphically become the minimum distance from the boundary to the class object. It allows to visually providing the opportunity generalized model for each class. Since the margin area can be defined quite flexibly, depending on the separability of classes, which generally can be uneven across the data area. For some classes of the border can take place quite clearly without the possibility of flexible formation.




Figure 3

Generalized opportunity model is determined based on the separability of classes. Visual determination of the boundaries of classes allows graphically piecewise-linear method to establish the boundaries of classes and generalization performance models.




Figure 4

In the general case, it is necessary to position the indicated class of objects relative to the boundary bounding the class. In this case, there will be no objects that are between classes. The system is trained by graphic determination of class boundaries.

4. Conclusion and discussion

In this study, we determined the goals of using visual analytics workflow that focus on obtaining the final product - a model: a human-oriented visual analytic workflow builds a mental model, machine-oriented visual analytic workflow - builds a formal model. Using the concept of 'using opposite model', an information technology has been developed that allows the machine to obtain a model based on a mental model and demonstrates the possibility of using this concept. This allows the machine to fully use the intellectual capabilities of a human based on a model.

Information technology was developed to demonstrate the concept of 'using opposite model'. The formal model is entirely based on the mental model. The capabilities of the machine were not used for data classification. More promising is the use of the concept of model synchronization. In this case, the advantages will be used for the construction of models, both human and machine.

REFERENCES

1. Endert, A., Hossain, M. S., Ramakrishnan, N., North, C., Fiaux, P., Andrews C. The human is the loop: new directions for visual analytics. *Journal of Intelligent Information Systems*, 43(3), 2014, pp. 411–435.
2. Chen, M. and Golan, A. What may visualization processes optimize? *IEEE Trans. on Visualization and Computer Graphics*, 22(12), 2016, pp. 2619–2632,.
3. Chen, M. and Jänicke H. An information-theoretic framework for visualization. *IEEE Transactions on Visualization and Computer Graphics*, 16(6), 2010, pp. 1206–1215.
4. Andrienko, N., Lammarsch, T., Andrienko, G., Fuchs, G., Keim, D., Miksch, S. and Rind, A. Viewing visual analytics as model building. *Computer Graphics Forum*, 37(6), 2018, pp. 275-299.
5. Murdoch, W.J., Singh, C., Kumbier, K., Abbasi-Asl, R., Yu, B. (2019) Interpretable machine learning: definitions, methods, and applications arXiv:1901.04592
6. Zhao, X., Yan, X., Van Hentenryck, P. (2019) Modeling Heterogeneity in Mode-Switching Behavior Under a Mobility-on-Demand Transit System: An Interpretable Machine Learning Approach arXiv:1902.02904
7. Krak, I.V., Kudin, G.I., Kulyas, A.I. Multidimensional Scaling by Means of



ОҚУШЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ АРҚЫЛЫ МАТЕМАТИКАНЫҢ САПАСЫН АРТТЫРУ ЖОЛЖАНОВА Шолпан Есболаевна

№15 орта мектеп
Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Қазақстан
sholpan.75.75@mail.ru

Қазіргі заман мектебі қоғамда жүріп жатқан өзгерістерге үнемі бейімделуде. Сондықтан алған білімдерін өмірде қолдана білетін, әр уақытта білімдерін толықтырып, ізденісте жүретін азамат даярлау мектептің, мұғалімнің негізгі борышы. Қоғамда математиканың алатын орны ежелден ерекше, соған қарамастан математиканы оқушылардың көпшілігі «қиын пән» деп қабылдайды. Есептерді шығару барысында типтік есептерді оқушылар шығарады, ал егер қиындау болса есепті шығарудан бас тартады.

Сауалнама жүргізу арқылы оқушылардың математика пәніне қызығушылықтарының не себептен төмен екенін анықтадым. Мәселен, 10 сынып оқушыларынан алған сауалнама нәтижесі бойынша математиканы 5% сүйікті пән ретінде, 10% келешекте мамандығына қажет болатындықтан, 50% аттестатқа жақсы баға түсуі үшін керек деп, ал 13% жоғары оқу орнына түсуіне көмектесетінін айтты. Сонымен қатар 12% оқушы ата-ананың қатал талабына сәйкес оқитынын және 10% әр-түрлі себептерді айтты.



Нәтижелерді саралай отырып, математикаға қызығушылықты ояту үшін оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру керек деп шештім.

Танымдық даму- оқушының оқу және проблемаларды шешу қабілеті. Яғни, танымдық қабілет деп оқуға деген қабілеттік, сөйлеу дағдылары, зейін, ойлау және негіздеу, шығармашылық зияткерлік деп атап айтуға болады. Танымдық белсенділік қалыптасуының 4 деңгейін көрсетуге болады:

1) **Сыни.** Бұл деңгей оқушылары алған білімдерін қарапайым типтік есептерде қолдана алады, есептерді оқушы үлгіні қолданып өзі шығарады. Егер берілген есеп үлгіге сәйкес келмесе, немесе азғана өзгеріс болса ол бұл есепті шығара алмайды, немесе бұндай есептерді шығарған жоқпыз деп бас тартады. Бұл оқушылардың математикаға қызығушылығы аз.

2) **Туындатқыш.** Бұл деңгей оқушылары бірнеше анықтама, әдіс-тәсілдердің ішінен біреуін тандап жаңа есепті шығаруда қолдана алады. Оқушылар білімдерін жинақтап және анализдей алады, талқылай отырып білетін әдістерді саралап, есеп шығаруға тиімдісін тандап алады.

3) **Ортаға бейімдеп модельдеу- ізденушілік.** Бұл деңгей оқушылары бар білімдерін жинақтап есеп топтамаларын шығаруда қолдана алады, басқа тарау есептерін шығаруда да жинақталған білімдерін қолдана алады. Оқушылар талдау, жинақтау, анализдеу, абстрактілеу ой әрекеттерін қолдана отырып, нәтижелерін бағалай алады, өз оқуын жоспарлай алады.

4) **Шығармашылық.** Бұл деңгейде оқушылар өздеріне таныс емес есептерді шешуде өзіндік ізденеді, есепті шығару жоспарын құрып, гипотеза қоя алады, шығару жолдарын іздестіреді, тәжірибе қояды.

Зерттеу сыныбы ретінде өзім алгебра және геометрия пәнін оқытатын 10 «а» сыныбын тандадым. Бұл тандауыма оқушылардың 11 сыныптан Ұлттық Біріңғай Тестілеу сынағынан өтетіні түрткі болды. Мен сынып оқушыларының деңгейін анықтау мақсатында тест алып, оқушылардың жауаптарына сәйкес оқушыларды топтарға бөлдім.

Сыни деңгей-6 оқушы; туындатқыш деңгей-11 оқушы; ізденушілік деңгей- 5 оқушы; шығармашылық деңгей-1 оқушы.




Сыныптағы оқушылардың басым көпшілігі сыни және туындатқыш деңгей оқушылары болғандықтан, олардың деңгейін көтеріп, ізденетін, шығармашыл оқушы қатарына қосу үшін проблемалық оқыту әдісін тандап алдым. Сабақта топтық әдіс, жұптық әдіс, жеке жұмыс түрлерін сабақ мақсатына сай ұйымдастырдым. Сонымен қатар сындарлы оқыту теориясының модульдерін кеңінен қолдандым. Бұл біріншіден оқушылардың ынтымақтасуына көмектессе, екіншіден математиканы «қиын пән» тұғырынан «қызықты пән» тұғырына орнатуға көмектесті. Сабақтарымды жоспарлауда проблемалық оқытудың келесі бөлімдерін қолдандым:

- 1) Проблемалық ахуал туындату;
- 2) Проблема қою;
- 3) Проблеманы зерттеу;
- 4) Қойылған мақсатқа жету;
- 5) Шешімнің дұрыстығын негіздеу;
- 6) Шешу жолы мен нәтижесін зерттеу;
- 7) Практикада қолдану;
- 8) Басқа шешімін іздеу;
- 9) Жұмысты қорытындылау.


Мәселен, алгебра және анализ бастамалары пәні бойынша «Функцияның ең үлкен және ең кіші мәндері» тақырыбында жүргізген сабағымда алдымен оқушыларға «32 сіріңкеден, ауданы ең үлкен болатындай тік төртбұрышты құрыңыз», - деген тапсырманы практикалық орындауын ұсындым. Оқушылар топпен тіктөртбұрыштар құрастырып, ауданын тапты. Салыстырып, қай топтың қате орындағанын анықтады. Екінші бөлімде мұғаліммен бірлікте $S(x)=x(16-x)$ функциясын құрастырып, мұғалімнің нұсқауы бойынша туындысын, сындық нүктелерін анықтап, сындық нүктелерінің $[0;16]$ кесіндісіне тиістісін таңдады. Кесіндінің шеткі нүктелері мен кесіндіге тиісті сындық нүктелеріндегі мәнін анықтап салыстырды. Жауабы: қабырғасы 8 сіріңкеден тұратын квадрат. Оқушылар өздерінің бастапқы жауаптарының дұрыс-бұрыстығына көз жеткізгеннен кейін функцияның ең үлкен және ең кіші мәнін табу алгоритмі жасақталды. Алгоритмді оқулықта берілген алгоритммен салыстырып, дұрыстығына көз жеткіздік. Алгоритмді қолдану мақсатында оқулықтағы А деңгей есептері жеке тапсырма ретінде шығарылды және деңгейлік тапсырма ретінде ҰБТ кездесетін есептер берілді. Көріп тұрғаныңыздай бір сабақтың ішінде проблемалық оқыту мен топтық жұмыс, деңгейлік тапсырмалар мен қалыптастырушы бағалау бірлікте жүргізілді. Бұл әрине тыңғылықты дайындықты қажет етеді.

Сыныптан тыс уақытта да оқушылармен дайындық жұмыстары жүргізілуде. Факультатив сабақтарында математика пәнінен олимпиадалық есептер, логикалық есептер шығару ұйымдастырылып, коррекциялық жұмыстар жүргізілуде. 3 тоқсанның қорытындысы бойынша келесі нәтижелерге жеттік.



IV тоқсан басында оқушылардың тест тапсырмасы және алынды. Тест нәтижесі бойынша оқушыларды деңгейге және бөлдім. Бұл бөлініс барысында оқушылардың алға ілгерілеін байқадым.

Сыни деңгей-4 оқушы; туындатқыш деңгей-11 оқушы; ізденушілік деңгей- 6 оқушы; шығармашылық деңгей-2 оқушы.



Зерттеу барысында келесі факторларды сәтті өтті деп айта аламын:

- Оқушылардың математикаға қызығушылығы артты;
- Сабақты түрлендіріп жүргізу оқушылардың логикасы мен ізденушілігіне түрткі болды;
- Интеллектуалды ойындар мен қашықтық олимпиадаларға қызығушылығы артты;
- Математика сапасы артты.

Сонымен қатар зерттеу жүргізу барысында кедергілер де кездесті:

- Сыныпта әлі де белсенді емес оқушылар бар;
- Кейбір сабақтарда уақыт үнемделмейді;
- Тексеру, бақылау жұмыстарында оқушылар уақыт үнемдемейді.

Зерттеу жұмысының кезекті қорытындысын шығара отырып болашақта өзіме келесі мақсаттарды айқындадым:

-Зерттеу жұмысын жалғастыру;

-Кез-келген іс-әрекетті жоспарлау, орындау, талдау және талқылау қадамдарын қамту үшін мектептегі әріптестермен күш біріктіремін;

-Уақытты үнемдеу үшін АКТ-ны тиімді қолдану;

-Зерттеу нәтижелерімен әріптестермен бөлісіп тұру.

«Болашақта еңбек етіп өмір сүретіндер- бүгінгі мектеп оқушылары. Мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады, сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр», деп Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай, қазіргі заман ұстазы осы міндетті толыққанда атқару үшін міндетті түрде зерттеуші болуы тиіс.

Әдебиеттер:

1. «Математика»журналы.- №2.-2007.
2. «Алгебра және анализ бастамалары» оқулық.-Алматы: «Мектеп» баспасы, 2019ж
3. И.П. Рустюмова, С.Т. Рустюмова Математикадан ҰБТ дайындық әдістемесі.- Алматы.- 2010ж

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ЖУБАНДЫКОВА Ақгүл Мурзалиевна

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университет

Алматы, Қазақстан

akgul71@mail.ru

Андатпа

Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық дағдыларын қалыптастыру мәселесі тұрала жазылған.

Мектеп жасына дейінгі балалардың өнер туындыларын қабылдау мен бейнелеудің икемділіктері мен дағдыларын меңгерумен байланысты сипатталады. Бейнелеу өнері шығармаларын жоғары дәрежеде қабылдау үшін бала бейнелеу өнер тілін меңгерген жөн. Өнерді қабылдау баланың



арнайы сурет салуды үйренуді қажет етеді. Сонымен қатар мақалада баланың көркем бейнелеудің алғашқы міндеті ретінде шынайылықты қабылдау қабілеттілігін дамытатыны жөнінде айтылған.

Кілтті сөздер: шығармашылық, тұлға, қабілет, дағды, ұйымдастырылған оқу қызметі

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы) Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту деп атап көрсетеді [1, 4 б.].

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды ерте жастағы балаларда қалыптастыру қажеттілігі туралы айтылған [2, 3 б.].

Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында (2018 жылғы 5 қазан) «мектепке дейінгі білім беру сапасын түбегейлі жақсарту керек. Ойлау негіздері, ақыл-ой мен шығармашылық қабілеттер, жаңа дағдылар сонау бала кезден қалыптасады. Білім беру ісінде 4К моделіне: креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге басты назар аударылуда» [3, 2 б.] деп көрсетілген.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғасы мен санасының дамуы қарқынды жүретін, ерекше құнды да қайталанбас кезең. Сондықтан бала бойындағы қабілетті осы бастапқы кезеңде ашу – баланың шығармашылық бағытта дамуына жете мән беру болып табылады. Мұны біртұтас педагогикалық үдерістегі оқытуды ұйымдастыруға тұжырымдамалық жаңа тұрғыдан келу негізінде шешуге болады.

Шығармашылық қабілеті, өзіндік жұмыс істеу іскерлігі мен дағдылары өздігінен пайда болмайды, ол мақсатты түрде ұйымдастырылған оқу қызметі мен шығармашылық, тәжірибелік сипаттағы әртүрлі тапсырмаларды орындау үдерісінде қалыптастырылады.

Білім мен тәрбие берудің шынайы тәжірибесінде мектепке дейінгі ұйымдарда өнер түрлері, оның ішінде, бейнелеу өнері іс-әрекеті арқылы қазіргі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселесіне әлі де өз деңгейінде мән берілмеуде. Көбіне, бейнелеу тәжірибесінің жалпы білім, қабілет, дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға ғана басты назар аударылады.

Бейнелеу өнерінен көркемдік білім беру саласындағы педагог ғалымдар В.С.Кузин, Жеделов К., Т.А.Левченко, Ф.Жұмабекова т.б. бейнелеу өнері шығармашылығын зерттеуге ерекше көңіл бөлген.

Н.Н.Ростовцев бейнелеу шығармашылығын қалыптастырудың негізі – нұсқаға қарап сурет салу екенін, шығармашылық еңбекке жетудің бастауы, бейнелеу сауаттылығын меңгеру болып табылатындығын көрсеткен [4, 88 б.].

Қ.Ералин «бейнелеу өнері шығармашылығын, графика, кескіндеме мүсін туындыларын, немесе сәндік бұйымдарын жобалаумен жасауға бағытталған іс-әрекеттер жүйесі» деп анықтаған. Ол шығармашылық қызметінің негізі бейнелеу сауаттылығын меңгеру болып табылатындығын көрсеткен. Шығармашылық қабілетті дамытуды жоспарлы жүргізуге көңіл бөлген.

Шығармашылық дегеніміз – жаңа туындыны жасауға бағытталған іс-әрекет. Қабілет дегеніміз – ойлау мен белгілі іс-әрекетті орындау бағытындағы жеке тұлға шығармашылық қызметінің нәтижесі түрінде танылады. Қабілет белгілі білім мен іс-әрекетті икемділіктерінің жоспарлы түрде меңгерту нәтижесінде қалыптасады. Осы қағидаларды негізге ала отырып шығармашылық қабілет дегеніміз жаңа бейнелеу өнері туындыларын жобалау мен жасауға бағытталған жеке тұлға қызметі [5, 15 б.].

Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылығын қалыптастыру өзіндік ерешелігі бар педагогикалық үдеріс. Бұл мектеп жасына дейінгі балалардың өнер туындыларын қабылдау мен бейнелеудің икемділіктері мен дағдыларын меңгерумен байланысты сипатталады. Қалыптастыру ұғымы педагогикалық әдебиеттерде жеке тұлғаның білімін икемділіктері мен дағдыларын арттыруға бағытталған жоспарлы іс-әрекеттер нәтижелері.

Дәстүрлі білім беруде бала білім, білік, дағдылардың белгілі жиынтығын меңгертуге ғана бағытталып, олардың жеке басының дамуына, тұлға ретінде қалыптасуына жете көңіл бөлінбеді. Ал қазіргі заманғы ғылыми-техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдына мүлдем жаңа мақсат қойып отыр: оқу әрекетін қалыптастыру негізінде баланы жеке тұлға тұрғысында тәрбиелеу, яғни әр баланың өзін-өзі өзгертуші субъект дәрежесіне көтерілуін қамтамасыз ету міндеті тұр.

Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық дағдыларын қалыптастыру мәселесі психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде ерекше орын алған және бірнеше ғалымдардың



зерттеулерінен көрініс тапқан. (В.И.Шацкая, Е.А.Флерина, Н.П.Сакулина, Н.А.Ветлугина, Т.С.Комарова, Р.Г.Казакова, Ф.Жұмабекова, Т.Левченко т.б.).

Жоғарыда аталған еңбектер мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық дағдыларын қалыптастыру мәселесі бойынша біршама зерттеу жұмыстары жүзеге асырылғандығын көрсетеді. Дегенмен осы саладағы еңбектерге талдау жасау мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық дағдыларын бейнелеу іс-әрекеті арқылы қалыптастыру мәселесінің ғылыми-теориялық тұрғыда зерттелуі мен оның ғылыми-әдістемелік жүйесінің дайындалуы мәселесінің заман талабына сай мазмұнының ашылмай отырғандығын көрсетті.

Білім беру қазіргі ғылымның, мәдениеттің, ғылыми-техникалық прогрестің даму деңгейіне сай болуы керек. Жалпы білімнің мазмұны ғылымдардың өзара байланысы өндіріс пен қоғамдық дамудың жаңару үдерісіне тікелей ықпал жасайды.

Бейнелеу өнері шығармаларын жоғары дәрежеде қабылдау үшін бала бейнелеу өнер тілін меңгерген жөн. Өнерді қабылдау баланың арнайы сурет салуды үйренуді қажет етеді. Бұл жағдайда баланың көркем бейнелеудің алғашқы міндеті ретінде шынайылықты қабылдау қабілеттілігін дамытады.

Қабілет деп адамның белгілі бір іс - әрекетті біршама жеңіл атқаратын және жоғары сапаны қамтамасыз ететін жеке ерекшеліктерін түсінеміз. Қабілет туа біткен қасиет емес, ол даму үдерісінде ғана өмір сүреді және нақты іс - әрекетсіз дами алмайды. Кез - келген іс - әрекетке деген қабілет әр адам бойында бар, бірақ та туа біткен нышандарға байланысты олардың даму дәрежесі барлық адамдарда әртүрлі. Дамудың ең жоғары баспалдағына дарынды, талантты, алуан түрлі нышандар бойында қолайлы үйлескен адамдар жете алады.

Бейнелеу іс-әрекетіне деген қабілеттілік арнаулы қабілет қатарына жатады. Әрбір қабілет жетекші, негізгі және құрастырушы фонға бөлінетін жан-дүниенің ерекшеліктеріне тәуелді күрделі құрылымға ие.

Бейнелеу іс-әрекетінде қабілеттің жетекші қасиеттері қиялдау болып табылады, қиялсыз ойдың өз көрінісін табуы мүмкін емес.

Бейнелеу қабілетінің құрылымында оның негізгі қасиеттері қабылдауды қамтамасыз ететін жоғарғы табиғи көру сезімталдығы; дағдыларды шапшаң және жақсы меңгеруге көмектесетін қолдың ерекше іскерлігі болып табылады.

Бейнелеу сауатын құрайтын бейнелеу құралдары мен әдістерінің барлық жиынтығын бала бірден меңгере алмайды. Әрбір өнердің әсерлі құралдарының ерекшеліктерін педагогтың білуі олардың әрқайсысын бала түсініп, игеретінін және қайсысы түсініксіз екенін анықтауға жәрдемдеседі.

Бейнелеу өнері негіздерін оқып үйрену үдерісінде шығармалардың идеясына, мазмұнына, шебердің өзіндік жеке ерекшеліктеріне байланысты суретшілердің алуан түрлі бейнелеу құралдарын пайдалануы өзгеше болатынын балалар меңгереді.

Бейнелеу өнерімен шұғылдану болмысты танудың тиімді құралы болып табылады және сонымен бірге көзбен көріп қабылдау, қиялдау, кеңістікті елестете білу, есте сақтау, сезім және басқа психикалық үдерістердің дамуы мен қалыптасуына жәрдемдеседі.

Бейнелеу іс-әрекетінде мектеп жасына дейінгі балалар бірқатар графикалық және кескіндемелік білім мен дағдыларды меңгеріп, қоршаған дүниедегі заттар мен құбылыстарды талдауға үйренеді.

Сурет салу, мүсін жасау, конструкциялау сабақтарында жеке басының табандылық, мақсаттылық, ұқыптылық, еңбексүйгіштік сияқты қасиеттері қалыптасады.

Бейнелеу өнерімен шұғылдану балалардың шығармашылығының, тілінің дамуына, олардың сөздік қорының байи түсуіне жәрдемдеседі. Педагог үйретудің негізгі әдістерінің бірі ретінде сөзді пайдаланады: оқу қызметінің тақырыбын хабарлайды, тапсырманың орындалу ретін әңгімелеп береді. Тәрбиешінің айқын, әсерлі сөзі балаға бейнелеу үдерісін терең ой елегінен өткізуге көмектеседі.

Балалардың бейнелеу қабілеттерін дамыту аса маңызды мәселе. Ал кез келген іс-әрекетке деген қабілет әрбір тұлға бойында бар болғанымен туа біткен нышандарға байланысты олардың даму дәрежесі барлық адамдарда әр түрлі. Дамудың ең жоғарғы баспалдағына дарынды талантты, алуан түрлі нышандар бойында қолайлы үйлескен адамдар жете алады.

Психологияда ұғымдарды жалпы және арнаулы қабілет деп бөледі. Бейнелеу іс - әрекетіне деген қабілеттілік арнаулы қабілет қатарына жатады.

Әрбір қабілет жетекші, негізгі және құрастырушы фонға бөлінетін психиканың ерекшеліктеріне тәуелді күрделі құрылымға ие.

Бейнелеу іс-әрекетіне қабілеттің жетекші қасиеттері қиялдау болып табылады, қиялсыз ойдың өз көрінісін табуы мүмкін емес.



Бейнелеу қабілетінің құрылымында оның негізгі қасиеттері толық қабылдауды қамтамасыз ететін жоғарғы табиғи көру сезімталдығы; дағдыларды шапшаң және жақсы меңгеруге көмектесетін қолдың ерекше іскерлігі болып табылады.

Бейнелеу іс-әрекетін қамтамасыз ететін және осы іс-әрекет фонын құрайтын қасиеттер белгілі бір эмоциялық көңіл-күй болып табылады.

Оқыту жүйесін жасаған кезде бейнелеу және құрастыру әрекеті құрылымының осы ерекшеліктерін ескерген жөн.

Бейнелеу әрекетіне қабілеттілік әр адамның бойында дамыған болуы мүмкін. Бірақ осы іс-әрекетке туа біткен жақсы нышандары бар адам өнер саласында шығармашылықпен жұмыс істей алатындай дәрежеге дейін қабілетін дамыта алады, бұл кезде қолайлы нышандары неғұрлым аз адамдар қабілетін заттарды сауатты, графикалық жағынан дұрыс бейнелей алатындай дәрежеге дейін ғана дамыта алады.

Бейнелеу қабілетін дамыту үшін маңызды мәні бар анатомио – физиологиялық ерекшеліктерді қарастырып көрелік.

Кез келген саладағы қабілеттілікті дамытуда үлкен роль жоғары дәрежелі нерв қызметінің үлесіне тиеді. И.П.Павлов адам бойында оның қабілетін анықтайтын жоғары дәрежелі нерв қызметінің екі типі – көркемдік және ойшылдық (ақыл-ой) туралы жазған болатын.

Бірінші – көркемдік типте ойлау бейнелі, айқын, әсерлі болып келеді. Екінші – ойшыл типте ойлау абстракциялы, сөздік формаларға ие. Көптеген адамдар аралас типке жатады, олардың ойлауы бейнелі де, абстракциялы да болып келеді.

Тиісті жағдайларда жоғары дәрежелі нерв қызметінің көркемдік типіне жататын адамдарда бейнелеу қабілеттілігі неғұрлым жоғары даму дәрежесіне жете алады.

Бейнелеу қабілеттілігін ойдағыдай дамыту үшін көру аппараттары құрылысының да маңызы бар. Көздің анатомиясындағы немесе физиологиясындағы болмашы кемістік түсті сезе білуге әсерін тигізеді, ал түсті сезе білу суретші үшін соншалықты маңызды. Көзінің тор қабығының қолбалық аппаратының әрекеті бұзылған адам түсті ішінара ажырата алмаудан жапа шегеді, көбіне қызыл немесе жасыл түстерді ажырата алмайды (дальтонизм). Дальтонизмнен жапа шегетін адамдар спектр түсін негізгі екі тонда – сары және көгілдір тонда қабылдайды. Мұндай адам айналадағы заттардың бояуын дұрыс қабылдап, оны живопись құралдарымен бере алмайтыны айқын.

Көздің өткірлігі де, яғни заттарды алыс қашықтықтан айыра білу қабілеті де көру аппаратының құрылысына байланысты. Көздің белгілі бір қашықтықтан айыратын заты неғұрлым кіші болған сайын, оның өткірлігі де соғұрлым жоғары болады. Кеңістікті көру көздің микроқозғалыстарының көру актісіне қатысуына байланысты.

Көру аппаратының кемістігі бар адам живопись саласында бейнелеу қабілетін дамытудың жоғары сатысына жете алмайды, ол бар болғаны дұрыс графикалық бейнелей білуге ғана ие болуы мүмкін. Скульптура саласында шығармашылықпен жұмыс істеу қабілетін дамытуға көздегі кемістік көп кедергі жасамайды, дегенмен де толыққанды шығармашылықпен айналысу мүмкіндігін шектейді.

Бейнелеу іс-әрекеті үдерісінде заттардың формасын, олардың пропорциясын, түсін көзбен көру арқылы қабылдай отырып, адам көргенін салыстырады, байытады, яғни шығармашылық кезінде ойлау үдерісі күшейе түседі.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы// adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988
2. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669>
3. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында (2018 жылғы 5 қазан)
4. Н.Н.Ростовцев. Методика преподавания изобразительного искусства в школе. Уч. Пособие для ХГФ в пединститутах. М., 1998г
5. Левченко Т.А., Жубандыкова А.М. Теория и методика изобразительного творчества/Алматы:Онон, 2015 г.



АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕ МНЕМО ӨЛЕҢДЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ
ТУСУПБЕКОВА Мадина Жанбырбаевна, ЖУМАНОВА Нұргүль Сайлаубаевна
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, ҚР ПІБ МО «Қарлығаш» балабақшасы РМК
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Tusupbekova_mzh@mail.ru, nurgul_semei@mail.ru

Аннотация

Ағылшын тілін үйретудің басты міндеті – білімгерлердің тілдік қарым-қатынас дағдысын қалыптастырып, біліктіліктерін жетілдіру. Мнемо өлеңдер балалардың ақыл-ой, адамгершілік және эстетикалық тәрбиесін арттырады. Мектепке дейінгі жаста балаларды өлеңді қабылдау, бағалау, көркемдік талғамға тәрбиелеудің маңызы зор. Авторлардың айтуы бойынша, тілге үйрету сабағында өлеңдерді қолдану балаларды дыбыстармен ойнауға, сөздерді қайталауға және өлеңдерді жаттау процесін жеңілдетеді. Бұл мақалада ағылшын тілін үйретуде мнемо өлеңдерді қолдану жолдары қарастырылып, олардың маңыздылығы анықталады.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінің алғашқы кезеңінің мақсаты балалардың оқу процесіне қызығушылықты қалыптастыру, оны ынталандыру, сөйлеуді дамыту және қалыптастыру. Мектепке дейінгі жастағы балалармен жұмыс істеу барысында жаңа материалды игеру процесін жеңілдететін, жүйелейтін және бағыт беретін көмекші құралдарды қолдану болып саналады. Ең тиімді құралдардың бірі – мнемотехникалық кестелер. Мнемотехникалық кестелер әсіресе ағылшын тілін оқытуда қолдануы танымдық, визуалды, моторлы, ассоциативті жадыны қолдануға әсерлі болып саналады. Мнемотехникалық кестелерді қолдану мектеп жасына дейінгі балалардың ақыл-ой қабілеттерін дамытады. Ересек мектеп жасына дейінгі балалар әлі де болса ауызша есте сақтау қабілеті жеткіліксіз дамыған, кейде есте сақтаудың өнімділігі нашарлайды, сондықтан мектепке дейінгі жастағы балалардың өлеңдерін жаттаған кезде мнемотехникалық кестелер қолдану тиімді жұмыс әдісі бола алады. Осыған байланысты жоғары мектеп жасына дейінгі мектепке дейінгі балалармен психологиялық-педагогикалық жұмысты ұйымдастырудың ерекшеліктерін, сонымен қатар поэтикалық мәтіндерді жақсы жаттауға ықпал ететін мнемотехниканы таңдаудың маңыздылығы өте маңызды [1].

Мектеп жасына дейінгі балаға динамикалық даму тән. Мектеп жасына дейінгі кезеңде әр түрлі бағытта елеулі өзгерістер орын алады, оның қызметінің негізгі түрлері жетілдіріледі, психикалық процестер белсенді дамып келеді. Мектепке дейінгі жастағы балалар өз бетімен берілген тақырып бойынша дәйекті түрде ашылатын сюжеті бар шағын ертегі ойлап таба алады. Олар мнемотехникалық кестелер арқылы өз қиялын белгілі бір жоспарға бағындыра алады, алдын ала белгіленген жоспар бойынша жүреді, оған табиғи түрде кейбір түзетулер енгізеді. Мнемотехникалық кестелер арқылы өлеңдер жаттап үйренуге болады. Мнемо өлеңдер мектеп жасына дейінгі балаларды сөйлеуді дамыту және өлеңге деген сүйіспеншілігін оятуға, өлеңмен таныстыруға, және мәнерлі түрде көбейту қабілеттерін дамытуға ерекше орын алады.

Мнемо өлеңдер балалардың ақыл-ой, адамгершілік және эстетикалық тәрбиесін арттырады. Мектепке дейінгі жаста балаларды өлеңді қабылдау, бағалау, көркемдік талғамға тәрбиелеудің маңызы зор. Авторлардың айтуы бойынша, тілге үйрету сабағында өлеңдерді қолдану балаларды дыбыстармен ойнауға, сөздерді қайталауға және өлеңдерді жаттау процесін жеңілдетеді. Өлеңді үйрене отырып, балалар оның мазмұнын мнемо суреттер мен кестелер арқылы елестетеді. Мнемо кестелер арқылы берілген өлеңдер есте жақсы сақталады [2].

Қазіргі таңда, ағылшын тілін үйретуде көптеген жаңа тәсілдер қолданылады. Ағылшын тілін үйретудің басты міндеті – білімгерлердің тілдік қарым-қатынас дағдысын қалыптастырып, біліктіліктерін жетілдіру. Сабақ барысында, оқытушылар, әсіресе балабақшада ағылшын тілін үйретуде мнемо өлеңдерді қолданудың маңыздылығы, қандай озық тәжірибелер бар деген сұрақтар мазалайды. Осыған орай, ағылшын тілін ерте жастан үйретуде кездесетін тіл кедергілерін мнемотехника әдісі арқылы жою, сөздік қорын дамытуда, байланыстыра сөйлеу мүмкіндіктерін ашуда маңыздылығы байқалады.

Балабақшада ағылшын тілін оқытуда мнемотехника әдісі өте тиімді. Осыған орай, балаларға арнайы ағылшын тілінде мнемо өлеңдер жинағы қолданылады. Бұл жинақта 10 тақырып және әр тақырыпта 5-6 өлең ұсынылған (Сурет 1).



Сурет 1 – Ағылшын тілінде ұсынылған мнемo өлең

MY KINDERGARTEN / МЕНІҢ БАЛАБАҚШАМ WHAT DO YOU LIKE?

Do you run?
Do you play?
Do you sing?
Will you it today?



Мнемo өлеңдер балалардың көрнекілік-бейнелік есте сақтауын дамыту, баланың қызығушылығын тудыру, әрі қайталау жұмыстарын өткізуі болып саналады. Мнемo өлеңдер жинағының басты міндеті:

- мнемотехника әдісі арқылы тақырыпқа сай өлеңдерді мнемокестеде топтастыру;
- баланың дамуы мен оқуына жинақтың түсінікті әрі қызықты болуы;
- өзара белсенділік таныту арқылы тілдік ортаға бейімдеу;
- баланың жанжақтылық пен үйлесімділікте дамуы;
- танымдық дамуы: (ойлау, есте сақтау, қиялдау);
- эмоциональды ортада дамуы;
- баланың қауіпсіздік және шынығу негізінде дамуы;
- коммуникативті бағыттары, лексикалық және грамматикалық, фонетикалық, тыңдауға арналған материалдарды жинақтау, топтастыру;
- ұжымдық, топтық, жеке жұмыс түрлерін үйлестіру;
- ағылшын тілін үйретуде пәнаралық байланыс принципін ұстану.

Мнемотехниканың басты «құпиясы» өте қарапайым және белгілі. Адам өзінің қиялында бірнеше көрнекі бейнелерді байланыстырған кезде ми бұл қатынасты жазады. Кейінірек, осы ассоциацияның бір бейнесін еске түсіре отырып, ми бұрын байланысқан барлық бейнелерді шығарады. «Мидың тілі» - бұл бейнелер екендігі белгілі. Және, ең алдымен, визуалды бейнелер. Егер біз миға оның тілінде сөйлесетін болсақ, ол біздің кез-келген командаларымызды орындайды [3].

Мектеп жасына дейінгі жас - бұл сананың бейнелі формаларының жасы, ал баланың осы жаста меңгеруінің негізгі құралы - бейнелі құралдар: сенсорлық эталондар, түрлі белгілер мен белгілер (ең алдымен, бұл барлық көрнекі модельдер, сызбалар, кестелер, суреттер және басқалары). Мектеп жасына дейінгі балаларда мнемотехниканың мәні болып табылатын есте сақтауды жеңілдететін және есте сақтау көлемін көбейтетін жасанды ассоциациялардың пайда болуының негізін қалайтын белгілерді, схемаларды қолдана отырып, визуалды-бейнелі ойлауды дамыту өте маңызды. Көрнекі кескінге сүйену өте маңызды және міндетті, өйткені егер мәтінді көбейту кезінде бұл визуалды бейне қиялда пайда болмаса, онда бала бұл мәтінді түсінбейді. Сонымен, символизация әдісі - сөзбе-сөз қайталауды қажет ететін, мысалы, өлеңде ақпаратты есте сақтау және дәл беру процесін қалыптастырудың ең қысқа жолы. Мнемоникалық кестелер өлең оқығанда әсіресе тиімді. Төменгі жол - әр сөзге немесе кішкене сөз тіркесіне сурет (сурет) ойлап табылған; осылайша, бүкіл өлең схемалық түрде сызылады. Осыдан кейін бала жадынан графикалық бейнені қолдана отырып, өлеңді толығымен шығарады (Сурет 2).

Сурет 2 – Суреттер арқылы өлеңді толдығымен шығару жаттығу





Полянскаяның ойынша, мнемикалық кестелермен жұмыс істеу техникасын меңгеру жаттығу уақытын едәуір қысқартады. Өлеңдерді жаттауға үйрету үшін анықтамалық суреттерді пайдалану балаларды баурап алады, сабақты ойынға айналдырады. Баланың тыңдаудан кейін сақтаған визуалды бейнесі, суреттерді қарауымен сүйемелденіп, мәтінді тезірек есте сақтауға мүмкіндік береді [4].

Сабақ барысында қолданылып отырған мнемо өлеңдер жинағында әр өлеңді үйрену үшін мнемикалық кесте жасалып құрастырылады, таңдалған өлеңге суреттер таңдалады (өлеңнің әр жолына). Сонымен, бірте-бірте мнемикалық кесте құрастырылған. Бұл өлеңдерде бір-бірімен байланысты емес суреттер бір сюжетке біріктіріледі, оның көмегімен сигналдық схемалық кескіндер ойлау процестерін белсендіруге көмектеседі. Мнемотехникалық кестелер және мнемо өлеңдер арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың жады нығаяды, олардың қиялы ойлауы дамиды, олар мәтіндерді әлдеқайда жақсы, көлемді, жеңіл және эмоционалды түрде жаттайды. Осындай жұмыс әдісімен өлең толығымен жатталады. Оқыту мектеп жасына дейінгі балалардың көңілді, эмоционалды ісіне айналады, сонымен бірге мәтіннің мазмұны сезілетін, көрінетін, елестететін болады. Мнемокестелермен жұмыс үш кезеңнен тұрады:

- 1) кестені қарастыру және онда не көрсетілгенін талдау;
- 2) ақпаратты қайта жазу жүзеге асырылады (дерексіз белгілерден суреттерге айналдыру);
- 3) жазусыз берілген суреттерге өлең құралады.

Өлең жаттау жұмысында мнемотехниканы қолдану - балалардың сөйлеу тілін дамытудағы маңызды әдістеме. Мнемотехника - бұл ақпаратты есте сақтауды және көбейтуді қамтамасыз ететін әдістер мен тәсілдер жүйесі. Мнемотехникада жеке бөліктердің схемалық кескіндері қолданылады - мнемикалық кестелер. Олар, әсіресе, өлең үйрену кезінде тиімді. Төменгі жол - әр сөзге немесе кішкене сөз тіркесіне сурет (сурет) ойлап табылған; осылайша, бүкіл өлең схемалық түрде сызылады. Осыдан кейін бала жадынан графикалық бейнені қолдана отырып, өлеңді толығымен шығарады. Мнемотехниканы қолдану мектеп жасына дейінгі балалардың өлең жаттау процесін едәуір жеңілдетеді. Мектепке дейінгі жаста бала мнемотехниканы қолдану кезінде қажетті бейнелі құралдарды игереді. Өлеңдерді жаттауға үйрету үшін анықтамалық суреттерді пайдалану балаларды баурап алады, сабақты ойынға айналдырады.

Қолданылған әдебиеттер

- 1 Козаренко В. А. Учебник мнемотехники // Система запоминания «Джордано». М.: Самиздат. – 2007. – 350 с.
- 2 Алексеева М. М., Яшина В. И. Методика развития речи и обучения родному языку дошкольников. – 2007. – 400 с.
- 3 Крайнова Е. А. Использование мнемотехники в логопедической работе / Сб. матер. V Всерос. научно-практ. конф. – Коломна, 2019. – С. 144.
- 4 Полянская Т. Б. Использование метода мнемотехники в обучении рассказыванию детей дошкольного возраста //СПб.: Детство-Пресс. – 2009. – С. 4-5.

ШЕТТІЛДІК СӨЗДЕРДІҢ ЛАТЫННЕГІЗДІ ӘЛІПБИ БОЙЫНША ТАҢБАЛАНУЫ

ЖУРСИНАЛИНА Гулжанат Курмашевна, УРАЗБАЕВА Гулдан Женискызы

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, №30 орта мектебі

Қостанай, Қазақстан

urazbaevaguldan@mail.ru

Қай тілдің болмасын сөздік құрамы үнемі жаңарып, заман талабына сай толығып отыратын белгілі. Еліміздегі қоғамдық, саяси, экономикалық, өндірістік салаларындағы өзгерістер тілдегі жаңа сөздердің, соның ішінде шеттілдік сөздердің пайда болуына негіз болуда. Латын графикасына көшуімізге байланысты шеттілдік сөздердің орфограммасы да өзгеретіні белгілі. Қазіргі уақытта шеттілдік сөздер екі түрлі жазылып келеді. Біріншісі ауызша канал арқылы меңгерілген кірме сөздер болса, екіншісі, орыс тілінің орфографиясы негізінде жазылып жүрген шеттілдік сөздер. Ауызша канал арқылы меңгерілген кірме сөздер қазақ тілінің фонетикалық заңдылығына сәйкес бейімделіп жазылып, төл сөзімізге ұқсап кеткен. Бұл мәселе жөнінде өз кезеңінде профессор Қ.Жұбанов термин есебінде алынған интернационал сөздердің қазақ тіліне судай сіңіп, бойына тарап, өз сөзіндей болып кетуі керектігін, осыған байланысты *самаурын, бөкебай, жәшік* сияқты орыс сөздерін тілші мамандар болмаса, жалпы жұртшылық біле бермейді, «қазақтың төл сөзі» деп ойлайтынын айтады [1.171]. Түбі бір түркі тілдері орфографиясында да орыс тілінен енген сөздердің жазылуы осы принциптерге



негізделіп жазылады. Көпшілігінде орыс тілінен енген сөздер екі түрлі жазылады: бір тобы - өткен кезеңдерде ауызекі тіл арқылы еніп, қабылдаушы тілдің айтылу заңдылықтарымен өзгеріп кеткендіктен, сол өзгерген күйінде, дәстүрлі түрде, айтылуы бойынша жазылса, екінші тобы - орыс тіліндегі орфографиясы негізінде жазылады. Соңғы топқа түркі тілдеріне кеңес дәуірінде көптеп енген, жазба тіл арқылы қалыптасқан терминдік сөздер жатады.

Ғалым Рәбиға Сыздықтың пікірінше, орыс тілінен және орыс тілі арқылы енген және көбіне термин болып келетін сөздердің басым көпшілігі орыс орфографиясы бойынша жазылады: *алюминий, антоним, аудитория*. Сонымен қатар ғалым орыс тілінен енген сөздердің ішінде дыбысталуы өзгеріп қалыптасқан бірқатар сөздер сол өзгерген күйінде жазылатынын және олардың дені қазақ тіліне ертеректе ауызша сөйлеу тілі арқылы енген сөздер екенін көрсетеді. Бұл сөздерге тұрмыстық зат, бұйым атауларын, әкімшілік, сот, сауда, шаруашылық салаларына қатысты сөздерді жатқызады. Мысалы, *барқыт, бәтеңке, бәтес, бөрене, бөшке, сот, тауар, зауыт, болыс* сөздерін алуға болады.

Осы негізде, Н.Әміржанова: «1938 жылға дейін кірме сөздер қазақ тілінің заңдылықтарына толықтай бағындырылды. 1929-1938 жылдар аралығында кірме сөздердің дыбыстық құрамы мен тұлғасы өзгеріп, сындырып (қазақшалап) жазу үрдісіне бағынды. Шет тілінен енген сөздерді жазу барысында көптеген қиындық орын алды. Оның себебін шеттілдік сөздер фонетикалық принциппен жазылғандықтан, әркім өзінше естіп, өзінше таңбалауымен байланыстырды» деп атап өтеді [2.35]. Бұған дәлел ретінде сол кезде шыққан әдеби шығармалардың тілін алуға болады. Олай болса, 1929-1938 жылдар аралығында кірме сөздер қазақ тілінің әуезіне, фонетикалық заңдылығына сәйкес игеріліп жазылды десек, 1940 жылдан бастап ауызша игерудің бұл механизмі жұмыс істемей қалды да, керісінше орыс тілі арқылы енген шеттілдік сөздер мен терминдер орыс тілінің орфографиясы бойынша жазыла бастады.

Ал қазіргі таңда латын қаріпінне көшуге байланысты *э, ц, я, ю, ё, и, ь, ъ* әріптерімен келетін шеттілдік сөздер қалай жазылады деген сұрақ туындайды. Шеттілдік сөздердің жазылуының стандартты үлгісін жасаған Анар Фазылжанованың айтуынша, өзге тілден енген сөздерді тіліміздің дыбыстық ерекшелігіне икемдеп жазу ұлттық жазуға әкелетінін, алайда алғашқы аралық кезеңде жаңа жазуға жұртшылықтың санасы трансформацияланып жатқан кезде шеттен енген сөздерді қазақшалауға сақтықпен қарау қажет [3.17].

Халық назарына ұсынылған жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелерінде шеттілдік сөздердің орфограммасының стандартты үлгісі, 22 параграф бойынша іріктеліп, жүйелі берілген деуге болады. Айталық, шеттілдік сөздердегі *э* әрпінің орнына *е* әрпінің жазылуы. Мысалы, *экология - ekologia, экономика - ekonomika, экран - ekran* және т.б. Мұндай процесс жазу тарихында бар. 1940 жылға дейін сөздің барлық позициясында орыс тіліндегі *э* дыбысы қазақ тіліндегі <е> арқылы берілді және алмастырылды: *эбонит - ebonit, экран - ekran, эксперимент - eksperiment, элемент - element, электр - elektir, экономика - ekonomijke* деп берілген болатын [4.22].

Емле ережеде орыс тілінен енген *ц* әрпі сөз басында да, сөз ортасында да, сөз аяғында да *s* әрпімен таңбаланады деп берілген. Мысалы, *цирк - sirk, цикл - sikl, цилиндр - silindr, дециметр - desimetr, иприц - shpris, офицер - ofiser, эвакуация - evak'asia*. *Ц* әрпінің *s* әрпімен берілуі де жазу тарихымызда кездеседі. 1929 жылы *ц* дыбысына байланысты бір ғана ереже болды. Ал 1938 жылы *ц* дыбысына байланысты тағы бір ереже қабылданды. Ол *ц* дыбысының сөздің орта және соңғы жақ позициясында келген жағдайда *ts* қосындысы арқылы жазу ережесі болды. Мысалы, *konstitutsia, protses, printsip* [2.13].

Қазақ тіліндегі *ә, ө, ү* дыбыстары тілдің қатысына қарай жіңішке дауыстыларға жататыны мәлім. Жіңішкелік белгісі (*ь*) бар буынға жіңішке дауыстылардың жазылуы шеттілдік сөздерді қазақшалаудың бірден-бір жолы болып саналады. Мысалы, *алкоголь-alkogól, ансамбль-ansámbľ, асфальт-asfált, альбатрос-álbatros, альбом-álbom, альфа-álfa, альпинист-álpıms*. Алайда жіңішкелік белгісі тұрған буында жіңішке дауыстылар болса, жоғарыда келтірілген ереже ескерілмейді. Мысалы, *аквель-akvarel, фильм-film, премьера-premera*. Ал бұл сөздерге қосымшалар үндестік заңына сай жалғанады.

Қ.Күдеринова: «Қазақ-кирил әліпбиіндегі өлі әріптердің (*ь, ъ*), екі-үш дыбысқа ортақ теліме әріптердің (*я, ю*) және *ц, и, ё, э*-лардың ұлттық тіліміз үшін графемалық жүктемесі болған жоқ. Бұлар орыс тілінен енген сөздерді орыс тілінің орфографиясы бойынша жазу үшін қолданылды. Сөйтіп, кирилше қазақ әліпбиі гетерогенді сипаттағы қосамжар орфографияны жасады. Тіліміздегі терминдердің барлығы орыс тілі емлесімен бірдей болды» дейді [5.2].

Демек, орыс тілі арқылы енген *ю* әрпінің латыннегізді емле бойынша *ı* (*y*) әрпімен берілуі, сондай-ақ *я* әрпінің латыннегізді емле бойынша *á* (*ə*) әрпімен берілуі және *и* әрпінің *sh* әріптерімен таңбалануы шеттілдік сөздердің игеріліп жазылуының бірден-бір механизмі болып табылады. А.Байтұрсынұлы «Сәбитке жауап» деген мақаласында: «Жат сөздерді басқалар, мәселен, орыстар өз



тілінің заңына үйлестіріп алғанда, солай алуға біздің де қақымыз бар»,- деген сөзі қазіргі таңдағы латыннегізді төл әліпбиіміздің тура жолда екенін дәлелдей түседі [6.3].

Қазақ тіл білімінде өзге тілдерден қабылданған, ауызша-жазбаша коммуникацияға түскен аталымдар үшін кірме сөз, шетел сөзі, интернационал сөздер, халықаралық терминдер, ксенизм, экзотизм, экзотикалық атаулар, локализм деген терминдер қолданылып келеді. Аталғандар сөздер өзара терминдік-ұғымдық айырмашылықтарға ие. Оларды жинақтап атау мақсатында кірме сөз және шеттілдік сөздер деп аталатын терминдер қолданылып келеді. Қазақ әліпбиін латыннегізді графикаға көшіру – қазақ жазуын жаңа ұлттық әліпби негізінде реформалау проблемасының аса маңызды тұстарының бірі ретінде қазақ әдеби тілінің сөздік құрамындағы шеттілдік сөздердің таңбалануы айрықша назар аудартуда. Бір қарағанда, қоғам дамуы мен қазақ әдеби тілі динамикасының қазіргі сипатында шеттілдік сөздердің қазақ ұлтының когнитивті санасына, тілдік санасына мейлінше еніп, коммуникативтік қабілеттің жоғары көрінісі дәрежесіне көтерілгені соншалықты, өзге тілге тән сөздерді латыннегізді әліпби арқылы таңбалау айтарлықтай талдау-зерделеуді қажет ете қоймайтын да сияқты.

Дегенмен, ұлттық болмысты сақтау мен жаңғырту, қазақ тілін табиғи қалпына келтіру жолындағы маңызды жұмыстарды жүзеге асыруда шет тілден енген сөздердің, терминдердің орфограммасы да бірқатар мәселелерді тағы бір мәрте тарқатып айтудың маңыздылығы байқалады. Кірме сөздер – қабылдаушы тілде фонетикалық жағынан бейімделген, қабылдаушы тіл жүйесіне енген, тілдің төл иесі үшін бөгде тіл сөзі екендігі байқалмайтын сөздер[4.13] екенін назарда ұстағанымыз абзал.

Шеттілдік сөздер – тілдің лексикалық жүйесінің ерекше саласын құрайтын, өздерінің «шетелдік» бейнесін сақтаған, сондықтан да тілді пайдаланушыларға «шетелдік» қасиеті көрініп тұратын, тілдік санада шетел сөздер ретінде қабылданатын сөздер [4.13]. Кірме сөздердің ену көздері – орыс (және орыс тілі арқылы), түрік, өзбек, басқа да түркітөкес тілдер, араб-парсы тілі. Шеттілдік сөздердің негізгі құрамын дәнекер (донор тіл) орыс тілі арқылы енген латын, грек, славян, роман-герман, орыс, қытай тілдерінің тілдік бірліктері құрайды. Шеттілдік сөздер жазба коммуникация арқылы енген, сондықтан сыртқы тұрпаты сақталып, айтылуы орыс тілінің орфоэпиялық заңдылықтарына бағындырылған. Тілдердің ағылшыншандануы мен америкаландырылуы қазіргі кезеңде көптеген ұлт тілдерінде байқалады, сондықтан кейбір зерттеулерде «лингвистикалық жаһандану» деген термин қолданылады. Қазақ қоғамының қазіргі саяси-әлеуметтік, мәдени келбеті мен болашаққа даму барысы халықаралық терминдердің/шетел сөздердің енуіне шектеу қоя алмайды. Мәселен, соңғы жылдарда компьютерлік технологияға байланысты енген терминдік аталымдардың көлемі 70 пайызға жуық. Қазіргі жағдайда негізінен ағылшын негізді сөздер қоғам мүшесінің білімдік-танымдық индексі көрсетеді. Белгілі бір сала бойынша білімі бар адам коммуникативтік актінің тақырыбы мен коммуникация жағдаятына сәйкес мағынасын біршама дәрежеде түсіне отырып, шетел сөзін қолданысқа түсіреді; сөйтіп, нақты бір шеттілдік лексема идиолектіден социолектіге қарай өтеді (драйвер, факс, аккаунт, релиз, ноу-хау, кастинг, реалити-шоу, брифинг, ри лтор, брокер, менеджер, логистик, геймер, тайминг, депозит, ипотека, референс киім атаулары – тотал-лук, саундшарф). Еңбек, күнделікті тұрмыс-тіршілік қажеттіліктерін өтеу мүддесінде қарым-қатынасқа араласатын салаларда қоғам мүшесінің шеттілдік сөздерді тану және пайдалану қажеттіліктері пайда болады; бұл ретте жеке адам өзге тілдік лексеманың мағынасын жете ұғына қоймауы мүмкін (респект, инстаграм, фейсбук, лайк, гугл, блоггер, гаджет, вебсайт, пиар, хостел, френд, шопинг, сондай-ақ жеміс-жидек, тағам атаулары – фаст-фуд, фишбургер, мангостин, маракуйя, артишок, питахай, папай). Әлемдік лингвистика бойынша еңбектерде шеттілдік сөздердің осындай тобы «агноним» деген терминмен сараланып келеді. Демек, шеттілдік сөздердің көпшілігінің ұғымдық жағынан гөрі коммуникативтік белсенділігі жоғары және олар коммуникативтік қажеттілікті өтеуге бағытталған лексемалар. Көрсетілген факторлар барлық дерлік дамыған тілдерге тән. басқа тілдерден сөз ену үдерісіне тоқтау салу қиын жағдайда. сондықтан олардың енуі мен қалыптануын, бейімделуін дер кезінде қадағалап, реттеу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы: Ғылым, 1999.-581 б.
2. Әміржанова Н. Латын әліпбиі негізіндегі қазақ жазуының графикасы мен орфографиясы. канд. дисс. Алматы, 2010
3. Фазылжанова А. Латынға көшуде ұлттық ерекшелік сақталуы керек. Айқын, 28 тамыз, 2018.
4. Әміржанова Н. Қазақстандағы латын жазуының тарихи тағылымы. - Алматы, 2012.
5. Күдерінова Қ. Жаңа емле - сындарлы қадам. Егемен Қазақстан. 18.01.2019.
6. Байтұрсынұлы А. Сәбитке жауап // Еңбекші қазақ. 26.01.28.



РАЗВИТИЕ НАВЫКОВ ЧТЕНИЯ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА КАК СПОСОБ ФОРМИРОВАНИЯ АНАЛИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ И ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ НАВЫКОВ ШКОЛЬНИКОВ

ЗАБОРНИК Любовь Степановна, БЕЛЯВСКАЯ Любовь Ивановна

Назарбаев Интеллектуальная школа ФМН

Кокшетау, Казахстан

belyavskaya_l@kt.nis.edu.kz, zabornik_l@kt.nis.edu.kz

Аннотация

В статье рассматривается эффективное применение инновационных стратегий чтения на уроках английского языка из опыта обучения учащихся основной школы. Представленные методы способствуют развитию аналитических навыков учащихся при работе с текстом разной степени сложности. Апробированные стратегии рекомендуется применять в основной и старшей школе.

Аннотация

Мақалада ағылшын тілі пәні бойынша негізгі мектеп оқушыларын оқыту тәжірибесінен алынған оқылым дағдысына негізделген инновациялық стратегиялардың тиімді түрлері қарастырылған. Берілген әдістер әртүрлі деңгейдегі мәтіндермен жұмыс жасаудағы оқушылардың талдау дағдыларын дамытуға жағдай жасайды. Тәжірибеден өткен стратегиялар негізгі және жоғары мектеп оқушылары үшін қолдануға ұсынылады.

Современный ученик получает информацию из различных источников посредством чтения. У учащихся должны быть сформированы такие навыки чтения и работы с текстом как: поиск информации, выделение нужной информации для решения практической или учебной задачи, систематизация, сопоставление, анализ и обобщение имеющихся в тексте идей, их интерпретация и преобразование. При этом ученики используют различные стратегии чтения: ознакомительное, поисковое, изучающее, требующие разных подходов и методических приемов. Овладение различными стратегиями чтения способствует повышению информационной и читательской культуры учащихся, помогает индивидуализировать процесс чтения, так как каждый ученик имеет возможность читать тексты в соответствии со своим темпом, уровнем обученности, своими потребностями и интересами, выбирая и используя наиболее подходящий для него метод чтения для решения поставленной задачи.

Как сделать процесс чтения более эффективным и при этом помочь учащимся развить навыки рефлексии, анализа и исследования? Чтобы ответить на поставленный вопрос, мы решили исследовать различные подходы и методы организации процесса чтения с учащимися 9 классов. Одной из выбранных стратегий мы определили Чтение с текста с текстовыделением. При работе с текстом учащиеся пользуются текстовыделителями иногда разных цветов для выделения ответов или доказательств к разным вопросам, заданиям или задачам.

Соңғы жылдары мемлекетте жаңа ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы және оны білім беру саласына енгізу оқушы тұлғасының дамуына да қатты әсер етті. Білім ошақтары қоғамның бір бөлшегі болғандықтан, бүкіл елде болып жатқан өзгерістер білім ошақтарында да орын алуда. Сол себептен мектептердегі оқыту үрдісін оқушы қызығушылығын, белсенділігін, шығармашылығын арттырып, өз еңбегінің жемісін көретіндей етіп ұйымдастыру керек. Осы мақсаттың шешімінде мұғалімге оқытудың дәстүрлі әдістері мен заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сабақ үрдісінде тиімді пайдалану өзекті мәселелердің бірі болды. Заманауи тәсілдің ең негізгі ерекшелігі оқушылардың алған білімдерін жәй ғана иеленіп ғана қоймай, оларды орынды жерде қолдана білуіне басты назар аудару болып отыр. Елбасының Қазақстан халқына 2012 жылғы 27 қаңтардағы Жолдауында «Қазақстанда адам капиталының сапалы өсуі – бұл, ең алдымен, білім және денсаулық сақтау. Оқыту үрдісіне заманауи әдістеме мен технологияны енгізу, педагогикалық құрамның сапасын арттыру, біліктілікті растайтын тәуелсіз жүйені құру, жастар үшін білімге қолжетімділік аясын кеңейту қажет. Білім тек білім беріп қана қоймай, сондай-ақ алған білімін әлеуметтік бейімделу үрдісінде пайдалануға икемделуі керек» делінген [1].

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттар ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім ордаларының басты міндеті. Өйткені, мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны енгізуді міндеттейді.

Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналды.

Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық ойлау-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны пайдалану дағдыларын қалыптастыру және шығармашылығын дамыту. Ақпараттық технология – ақпараттарды жинау, сақтау және өңдеу үшін бір технологиялық тізбекте біріктірілген әдістер, технологиялық құралдардың жиынтығы. Оқыту үрдісінде ақпараттық технологияны қолдану білім сапасының жақсаруына, оқушылардың шығармашылықпен жұмыс жасауына әсер етеді. Сонымен қатар, көрнекіліктер қорын молынан пайдалануға, ұсынылатын мәліметтер қорын әртүрлі формада ұйымдастыруға, мақсатқа жетуге көмегін тигізеді [2]. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11-бап, 9-тармағында «Оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану» міндеті қойылған [3]. Қазіргі ғылым мен техниканың дамыған шағында мұғалім өз сабақтарында ақпараттық құзыреттілік арқылы нақты объектілер көмегімен қажетті ақпаратты іздеу, талдап тандап (іріктеп) алу, ұйымдастыру, түрлендіру, сақтау және ақпаратты беру біліктері қалыптастырады. Бұл құзыреттілік оқушылардың оқу пәндеріндегі және білім аймақтарындағы, сонымен бірге қоршаған дүниедегі ақпараттармен жұмыс істей білу дағдыларын қамтамасыз етеді.



Жаңа ақпараттық технологияларды сабақта жан-жақты қолдану мұғалім қызметі мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты орнатып, іскерлік ұстанымды жаңа тәсілдердің пайда болуына мүмкіндік туғызды. Ақпараттық технология көмегімен оқушының оқу-таным үрдісінің талдауы, өзіндік баға беруі, өзін-өзі бағдарлауы дами бастайды. Оқу үрдісіне енген ақпараттық технологиялар оқушы зиятының дамуына әсерін тигізеді. Мұндай үрдіс кезінде «оқушы - ақпараттық құрылғы - мұғалім» байланысы жүзеге асады.

Мұғалім интернет-платформалар мен электрондық білім беру платформаларын, сондай-ақ, электрондық поштаны, басқа да байланыс құралдарын пайдалану арқылы оқушылармен байланысын жеке-дара жақындаса алатындай жолмен жүргізуге мүмкіндік алады. Ақпараттық технологиялар көмегімен сабақ берудің тиімділігі көп:

1. Мұғалім оқушы білімін бағалауды интернет-платформалардағы бағдарламаларға жүктейді. Бұл бағалау көрсеткіштерінің нақты, дәл болуын қамтамасыз етеді.

2. Оқушы жеке жұмыс жасайды.

3. Мұғалім сыныптағы оқушылардың жағдайын толық көріп, әрбір оқушының қабілетіне қарай онымен жеке жұмыс жасау мүмкіндігіне ие болады.

Түрлі интернет платформалары арқылы оқыту оқушылардың өзара ақпарат алмасуын қамтамасыз етеді, танымдық қызметін арттырады, білім алуға қызығушылық ұлғайтып, өз бетінше ізденуге ұмтылдырады. Оқушылардың мұндай қабілеттерін ашып, танымдық іс-әрекетін қалыптастыратын тұлға мұғалім. Оқытудың бұл жүйелерінде мұғалім тек басшылық жасайды әрі ұйымдастырушы, бағыттаушы рөлінде болады.

Мысалы, қашықтықтан оқыту жағдайында оқу тапсырмаларының нақты көлемін анықтау үшін оқу пәндерін екі топқа бөлу ұсынылғаны:

1-топ – өз бетінше оқуға арналған ауызша тапсырмалармен қатар оқу тапсырмасы жазбаша түрде беріледі және оны орындау уақыты әр оқу пәні бойынша 10-20 минуттан аспайды.

Бірінші топқа келесі оқу пәндері жатқызылады: қазақ тілі, қазақ әдебиеті, орыс тілі, орыс әдебиеті, қазақ тілі және әдебиеті, орыс тілі және әдебиеті, шет тілі, математика, алгебра, геометрия, физика, биология, химия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, география, жаратылыстану, дүниетану.

2-топ – оқу тапсырмасы өз бетінше оқу үшін беріледі, білім алушылардан міндетті кері байланыс талап етілмейді.

Екінші топқа келесі оқу пәндері жатқызылады: информатика, көркем еңбек, музыка, өзін-өзі тану, құқық негіздері, алғашқы әскери және технологиялық дайындық, дене шынықтыру, кәсіпкерлік және бизнес негіздері, графика және жобалау.

Демек, оқу тапсырмаларының мазмұны мен көлемі сабақ мақсаттарымен немесе сабақ жүйесімен, оқу бағдарламасы тақырыптарына сәйкес жұмыс барысымен және білімді игерудің қосалқы құралдарын тарту қажеттілігімен анықталады [4].

Ақпараттық технологиялар көмегімен орындалатын әр тапсырма оқушының логикалық қабілетін дамытады, бағалау мен өзін-өзі бақылауын қалыптастырады, еңбек ету мен дағдыларының жинақтылығын қамтамасыз етеді, жалпы мәдени дүниетанымын қалыптастырады.

Сабақтарда қолданылатын мультимедиялық презентациялар (сызбалар; кестелер; графиктер; бейнефильмдер) оқу материалының толық баяндалуына үлкен үлес қосады:

- өзіндік білімді тексеру жүйесі;
- өзіндік бақылау жүйесі;
- мәтіндік үзінділермен жұмыс істеу жүйесі;
- әдістемелік нұсқаулар;
- терминдік сөздер;
- қысқаша конспектілер.

Заман ағымына сай күнделікті сабақтарда бейне, аудио қондырғылар мен теледидарды, компьютер көмегімен интернет платформаларын қолдану айтарлықтай нәтижелер беруде. Бұндай қондырғылар оқушылардың қызығушылығын арттырып, зейін қойып тыңдауымен қатар, түсінбей қалған сәттерін қайталап көруге, тыңдауға және алған мағлұматты нақтылауға мүмкіндік береді. Оқушылардың өздері де алынған ақпаратты көшіріп алып, онымен өз ыңғайына қарай жұмыс жасауына жол ашады.

Адамның тұлғалық қалыптасуы – үздіксіз және күрделі үрдіс. Оқушыларға білім бере отырып, біз олардың жан-жақты дамуына мүмкіндік жасауымыз қажет.

Тұңғыш Президентіміз Н.Ә. Назарбаев «Соңғы 10-15 жыл бойында бәсекеге қабілеттіліктің жаңа өлшемі пайда болды: салмақ жаһандық экономикалық жаңа сапаға – «білім экономикасына» өтуіне түсіріледі», - деген болатын. Олай болса, әр күні өзгеріске толы бүгінгі жауапты кезеңде замана көшінен қалып қоймай уақыт талабына сай ертеңгі болашақ жас ұрпақты білімді етіп тәрбиелеу



ұстаздарға зор жауапкершілікті жүктейді. Ол мұғалімнен үздіксіз ізденуді, өз білімін үнемі жетілдіріп отыруды талап етеді. Өйткені, еліміздің ертеңі жас ұрпақтың қолында. Оқушының шығармашылығын дамыту ісі үздіксіз жүргізіле бермек. Бұл қоғам талабына сай туындайтын қажеттілік.

Оқытудың жаңа педагогикалық технологияларының барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оқыту үрдісін жүзеге асыру оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға мүмкіндік береді, өз бетімен танымдық және тәжірибелік-зерттеушілік қызметін меңгеруге көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты халыққа Жолдауы// Егемен Қазақстан., 2012.-№41-42 (27114). – 28 қаңтар.
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық бірінші (ілгері) деңгей «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ педагогикалық шеберлігі орталығының баспасы, 2013 ж.
3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
4. Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты шектеу шаралары кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық сыныптарында оқу қызметтерін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыным.

БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА МАЗМҰНЫ – ЗАМАН ТАЛАБЫ КАКЕНОВА Эльмира Тарбакбаевна, СЕЙДАЛЫҚЫЗЫ Дана

«Гуманитарлық колледж» МКҚК

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

elmir_29@mail.ru, sdana78@mail.ru

Қазақстанның бәсекеге қабілетті, қуатты мемлекет болып қалыптасуын қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі және оның дамуының өзегі – білім беру жүйесі. Білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндет – білім сапасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру, бұл өз кезегінде азаматтардың кез келген салада бәсекеге қабілетті болуын талап етеді. Осыған орай Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған елдердің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім» екенін айта келіп, ол үшін «Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет», – деп білім беру жүйесін жетілдіру мәселесін алға қойған болатын.

Білім беруді жаңғырту ХХІ ғасырдың жаһандық және пәнаралық құзыреттері волонтерлік, азаматтық және әлеуметтік жауапкершілік, көшбасшылық, коммуникативтік, зерттеу дағдылары, іскерлік және орта білім берудің жаңартылған мазмұны контекстінде жүзеге асырылады [1]. Елімізде бұл бастама білім беру мазмұнын жаңарту шеңберіндегі білім беру үдерісінің құрылымы мен мазмұнына елеулі өзгерістер енгізумен басталып, жоспарлы түрде жүзеге асырылуда.

Қазақстан Республикасында 2016-2019 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында орта білім берудің жалпы білім беру бағдарламалары «білім мазмұнын саралау, интеграциялау және кәсібилендіру негізінде әзірленетін болады» деп стратегиялық түрде айқындады. Демек, мемлекетіміздің білім беру үрдісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын құзыреттілікке және сапаға бағытталған тың бағдарлама.

Кезең-кезеңімен жаңартылған бағдарламаларға өтуде кең спектрлі дағдыларға баса назар аударылады: білімді функционалдық және шығармашылық тұрғыдан қолдану, сыни ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, АКТ пайдалану, коммуникацияның әртүрлі тәсілдерін қолдану, топта және жеке жұмыс істей білу, проблемаларды шешу және шешімдер қабылдау.

Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – білім алушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу. Жаңа білім беру бағдарламасы сыни тұрғыдан ойлауға, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) үйретеді.



Сондай тәсілдердің бірі топтық жұмыс, ол оқытудың өте ықпалды тәсілдерінің бірі. Білім алушылар оқытушыға тәуелді болмауы үшін тапсырмалар жоспарымен алдын ала таныса алады және оларды өздері ұйымдастыра алады. Бұл тәсіл:

- уақытты ұтымды жоспарлауға;
- инновациялық көзқарастар мен идеяларды ұжыммен талқылауға;
- топтағы жұмысқа дейін қандай да бір жеке-дара қызмет немесе ойластыру қажет пе екендігін анықтауға;
- топ ішінде рөлдерді анықтауға (басшы, хатшы, тілші, бақылаушы және т.б.) немесе топ мүшелеріне тапсырмаларды бөліп тапсыруға;
- тапсырмаларды орындау барысында келісімге қол жеткізуге мүмкіндік береді [2].

Өз тәжірибемізден мысал келтіретін болсақ, топты ұйымдастырудың түрлі тәсілдерін қолданып, білім алушыларды топ атауына қатысты бастапқы әріп қиындыларын үлестіріп, әртүрлі түстерді пайдаланып 3 топқа бөлеміз. Топқа бұлай бөлудегі мақсатымыз белсенді, енжар немесе сабақ үлгірімі төмен студенттердің бір топқа түсіп қалмауын ескеру. Бұрын дәстүрлі сабақтарда олардың өз қалауын ескерсек, топ басшысын оқытушы тағайындағаны дұрыс деп ойласақ, қазір топқа бөлуді оқытушы өз ыңғайына бейімдеп, топ мүшелерінің рөлін бөлуді топ мүшелерінің өз еріктеріне беру керек екендігін түсіндік.

«Қазақ жеріндегі ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер, қазақ мәдениетінің бастауы: сақ мәдениеті» тақырыбына сәйкес «Алтын адамның табылу тарихына» байланысты видео материал көрсетіп, «Ойлан-жұптас-бөліс» стратегиясы бойынша көрсетілген материал негізінде өз ойларынды айтып, түсінгендеріңізді талқылайсыздар тапсырмасын орындауда, әр топ «Алтын адамның» қазақ мәдениетіндегі орны мен материалдық құндылық ретіндегі маңыздылығына тоқталып, өз ойларын ортаға салды.

Бұдан кейін бірлескен топтық жұмысқа негізделіп дайындалған үлестірме материалдарды әр қатысушыға таратып, алдымен жеке оқып танысуға, содан кейін жұпта талқылауға 5-8 минут уақыт берілді. Осыдан аңғаруға болатындығы студенттердің уақытты тиімді қолдануда дағдыларының қалыптасқандығын көруге болды. Тапсырмалар бойынша әр қатысушы мәтінде жазылған тақырыпқа қатысты ұқсас мәтіндерді тауып, олармен бір партаға отырады. Үлестірме материалды оқып, жұпта, кейін топта талқылап, түйінді ойларын қағаз бетіне түсіріп кезбелерін қорғайды.

Жаңа әдісті қолданып ұсынған тапсырмаларда білім алушылар бір-бірімен тығыз қарым-қатынас жасап, өздеріне ұсынылған тапсырманы орындау жолдарын іздеу барысында топпен шешіп, бір-бірінің көмегіне жүгінді. Бұл жерде Мерсер (2000) сипаттағандай, білімді бірлесіп алуда немесе «пікір алмасу» барысында тең құқылы серіктестер болып табылады [3]. Бұдан білім алушыларды топтық жұмысқа итермелеу арқылы, әрқайсысы өз қабілеттеріне қарай ойларымен бөлісуге ерікті. Берілген тапсырманы орындау барысында әркім өз идеяларын ортаға тастап, өзара рөлдерге бөліне отырып, берілген уақытты тиімді пайдалануға тырысты. Түсінгендерін топпен қорғау барысында топтар бір-біріне сұрақ-жауап арқылы талқыға түсті. Бірлескен топтық жұмысты ұйымдастырудағы мен үшін маңызды болғаны топта ынтымақтаса жұмыс істеу ережесін құрып, тақырып бойынша талқыланатын мәселелерді бірлесіп шешуге болады.

Бірлескен топтық жұмысты ұйымдастыруды сабақтарды жоспарлау барысында педагог пен білім алушының рөлін нақтылап анықтап алғанда нәтижелі жұмысқа қол жеткізуге болатындығын аңғару қиын емес. Білім алушылар кіші топтарда жұмыс істеу тәсілдерін, топтық жұмыстардың тиімді түрлерін сабақ тақырыбына байланысты жоспар жасау дағдыларын меңгере алады.

Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені, қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Білім алушыларды заманауи әдіс-тәсілдермен оқытып, ой-өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Демек, жаңа бағдарламаның мәні, баланың сауатты, заман талабының сұранысына жауап беретіндей қалыптастыру. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Жаңартылған білім – болашақтың кепілі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>
2. Ажибекова А. Д. «Оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдері арқылы табысты оқытуға қол жеткізу» -Шымкент: «КІТАП» ЖШС, 2014
3. Студентке арналған нұсқаулық «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015



ПРИМЕНЕНИЕ ТЕХНОЛОГИИ ВЕБ-КВЕСТА В ОБУЧЕНИИ КАЛДЫКОВА С.Е., ИСКАКОВА С.А., МАКХАМОВ А.

Средняя школа № 17 им.Лермонтова

Шымкент, Казахстан

sandugash.73@mail.ru

Аннотация

Бұл мақалада оқытуда веб-квест технологиясын қолдану мәселелері қарастырылады. Авторлар білім беретін веб-квесттердің түрлерін сипаттап, оқу квесттерінің құрылымын анықтады. Сондай-ақ, мақалада әзірленген білім беру веб-тапсырмалары берілген.

Аннотация

В данной статье рассматриваются вопросы применения технологии веб-квеста в обучении. Авторы описали типы образовательных веб-квестов, определили структуру учебных квестов. Также в статье даны разработанные образовательные веб-квесты.

Основной целью обучения русскому языку на современном этапе является формирование коммуникативной компетенции. Глобальный процесс информатизации общества, культуры ставит новые задачи перед образовательной системой. Информационно-коммуникативные технологии становятся неотъемлемой частью жизни современного школьника. Применение данных технологий играет немалую роль в формировании коммуникативной компетенции, так как они реализуют личностно-ориентированный подход. Широкий спектр компьютерных учебных материалов позволяет внедрять информационно-коммуникационные технологии в дистанционные формы обучения. Таких технологий в настоящее время достаточно много. Одна из них – образовательные веб-квесты, широко представленные в сети Интернет.

Веб-квест (webquest) в педагогике – это проблемное задание с элементами ролевой игры, для выполнения которого используются информационные ресурсы интернета. Веб-квест представляет собой мини-проект, основанный на поиске информации в Интернете. Веб-квест может быть составлен учителем или учеником в зависимости от целей, поставленной перед учеником. Разработчиками веб-квеста как учебного задания являются Берни Додж (Bernie Dodge) и Том Марч (Tom March).

Разработчиками веб-квеста определены следующие **виды заданий для веб-квестов**: пересказ (демонстрация понимания темы в формате создание презентации, плаката, рассказа), разработка плана или проекта на основе заданных условий, компиляция (трансформация формата информации, полученной из разных источников: создание книги кулинарных рецептов), творческое задание (создание стихотворения, видеоролика), научные исследования (изучение различных явлений на основе онлайн-источников). Ученые-методисты считают, что выполняя веб-квест, школьник учится критически мыслить, решать сложные проблемы на основе анализа обстоятельств и соответствующей информации, взвешивать альтернативные мнения, самостоятельно принимать продуманные решения, брать на себя ответственность за их реализацию, часто оказывается в ситуации выбора.

Образовательный веб-квест состоит из следующих разделов: *введение* (краткое описание темы веб-квеста), *задание* (формулировка проблемной задачи и описание формы представления конечного результата), *порядок работы и необходимые ресурсы* - описание последовательности действий, ролей и ресурсов, необходимых для выполнения задания, *оценка* (описание критериев и параметров оценки выполнения веб-квеста), *заключение* (краткое описание того, чему смогут научиться учащиеся, выполнив данный веб-квест), *использованные материалы* (ссылки на использованные ресурсы).



Типы веб – квестов

❖ Для кратковременной работы		❖ Для длительной работы
❖ Для работы в мини - группах		❖ Для работы отдельных учеников
❖ Монопредметный		❖ Межпредметный

Web-квесты могут быть краткосрочными и долгосрочными. Целью краткосрочных проектов является приобретение знаний и осуществление их интеграции в свою систему знаний. Работа над кратковременным web-квестом может занимать от одного до трех сеансов. Долгосрочные web-квесты направлены на расширение и уточнение понятий. По завершении работы над долгосрочным web-квестом, ученик должен уметь вести глубокий анализ полученных знаний, уметь их трансформировать, владеть материалом настолько, чтобы суметь создать задания для работы по теме. Работа над долгосрочным web-квестом может длиться от одной недели до месяца (максимум двух). Некоторые дополнения: Web-квесты лучше всего подходят для работы в мини-группах, однако существуют и web-квесты, предназначенные для работы отдельных учеников. Веб-квесты могут охватывать отдельную проблему, отдельную тему или учебный предмет в целом. Они могут разрабатываться как для формирования новых знаний, так и для их

Предлагаем Веб-квест по русскому языку и литературе на тему « Рассказ «Этажи леса» М. Пришвина». (6 класс)

Группа « Биографы» выполняют следующие задания:

1. Познакомьтесь с биографией Пришвина <https://www.youtube.com/watch?v=ftXgSsBhpgc>
2. Найдите фотографии писателя.
3. Расскажите о детстве писателя.
4. Подготовьте презентацию о творчестве поэта.

Группа «Исследователи» выполняют задания:

- 1.Просмотрите видеоматериал «Этажи леса».

https://youtu.be/LTDxb_i9RHo

2. Ответьте на вопросы.
 - Каким вы увидели лес?
 - Какие звуки слышны?
 - Кто живет в лесу?
 - Как живут обитатели леса (звери, птицы, растения)?
 - Что означает выражение «этажи леса»?

3. Представьте результаты работы своей команды в виде буклета.

Группа «Художники» выполняют задания:

- 1.Прослушайте рассказ М.Пришвина «Этажи леса».

<https://youtu.be/xgkLVnsWfSE>

1. Прочитайте рассказ М.Пришвина «Этажи леса».
2. Нарисуйте иллюстрации к рассказу М.Пришвина «Этажи леса».

Рассмотрим Веб-квест по русскому языку и литературе на тему « Рассказ «Хамелеон» А.П.Чехова ». (6 класс)

Группа «Биографы» выполняют следующие задания:

1. Познакомьтесь с биографией Чехова (<https://www.youtube.com/watch?v=HLXarUPxWAA>)
2. Расскажите о семье писателя.
3. Подготовьте презентацию о творчестве писателя.

Группа «Литературоведы»:

1. Прослушайте рассказ А.П. Чехова «Хамелеон».



<https://www.youtube.com/watch?v=1AsHTQPSH5k>

2. Проанализируйте стилиевые особенности юмористических рассказов А.П.Чехова.

3. Проанализируйте на тему «Художественные детали в рассказе «Хамелеон».

4. Проанализируйте на тему «Говорящие фамилии в рассказе «Хамелеон».

3. Представьте результаты работы своей команды в виде буклета.

Группа «Артисты» выполняют задания:

1.Просмотрите отрывок фильма по мотивам рассказа А.Чехова «Хамелеон» (<https://ok.ru/video/275518720712>)

2. Ответьте на вопросы.

- Что означает слово «Хамелеон»?

- С кем вы познакомились в начале рассказа?

-Кто является виновником скандала?

-Почему Чехов не дает ответа на вопрос: виновата ли собака?

-Определите, сколько раз полицейский надзиратель меняет свое отношение к жалуюе Хрюкина?

3. Подготовьте ролевую игру по рассказу «Хамелеон».

Таким образом, веб-квест является уникальной информационной технологией. Выполняя веб-квест, ученик учится критически мыслить, решать проблемные вопросы, приобретает исследовательские навыки, учится работать в команде, учится использовать ресурсы Интернет. Практика показывает, что учащиеся вполне могут самостоятельно освоить навыки работы в Интернете уже в среднем звене. Следовательно, педагогам следует использовать огромные образовательные возможности Интернета, по-новому организовывая процесс обучения, направляя усилия на формирование у учащихся высокого уровня ИКТ-компетентности посредством современных образовательных технологий.

Литература

1. Андреева М. В. Технологии веб-квест в формировании коммуникативной и социокультурной компетенции // Информационно-коммуникационные технологии в обучении иностранным языкам. Тезисы докладов I Международной научно-практической конференции. М., 2004.

2. Быховский Я. С. Образовательные веб-квесты // Материалы международной конференции "Информационные технологии в образовании. ИТО-99". - <http://ito.bitpro.ru/1999>

3. Сердюк Е.В., Канева Д.С. «Использование Web-quest технологии при обучении письменной речи на старшей ступени обучения в школах с углубленным изучением иностранного языка», сборник материалов II межрегиональной научно-практической конференции, Сыктывкар, 2010

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК DAҒДЫЛАРЫН DAМЫТАТЫН ТАРИХИ ДЕРЕККӨЗДЕРДІ ТАЛДАУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

КАЛИЕВА Зауре Сейтхановна, БЕКТАСОВА Гүльназия Елубаевна

Физика-математикалық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебі

Көкшетау, Қазақстан

bektassova_g@kt.nis.edu.kz, kaliyeva_z@kt.nis.edu.kz

Андатпа

Бұл мақалада оқушылардың тарихи дерекпен жұмыс арқылы зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталған оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері мен жұмыс түрлері талданады.

Annotation

This article comprises the analysis of the effective teaching methods, approaches and technologies for developing students' research skills at History lessons while organizing historical documents' study.

Қазіргі таңда білім берудің басты міндеттерінің бірі – дайын білімдермен қамтамасыз ету емес, мектеп оқушыларына өзіндік білім траекториясын құруға, қоғамға бейімделуге үйренуге көмектесетін әр түрлі дағдыларға үйрету. Ол оқушының тұлғалық дамуына ықпал ететін зерттеу негіздерін үйретеді. Тарих сабақтарында оқушыларға осы дағдыларды қалыптастыру тарихи дереккөздермен практикалық іс-әрекеттің арқасында мүмкін болады. Олар оқушыларды нақты оқиғаларға, олардың қатысушыларына жақындатады, белгілі бір тарихи кезеңге тән әлеуметтік, рухани, моральдық проблемалар аясында көрсетеді. Дереккөздерді пайдалану тарихи ойлау негіздерін қалыптастыруға



ықпал етеді. Көптеген зерттеушілер тарихи ойлаудың өзіндік ерекшеліктерін өз зерттеулерінде тұжырымдайды. Лернер И.Я.- оқушылардың әлеуметтік құбылысты немесе оқиғаны фактілерге негізделіп сипаттау; кез-келген әлеуметтік құбылыстың себептерін табу; тарих заңдылықтарының алуан түрлілігін білу; өткен мен бүгінді салыстыру; тарих сабақтардан және т.б. өткен фактілерден үйрену мүмкіндігі деп тұжырымдайды [1]. Никитин А.В.- тарихи ойлау оқушының ақпараттар легінен маңыздысын ала білу, тарихи оқиғаны әртүрлі дерек көзі арқылы сипаттай алу, интерпретация жасай алу дағдысы деп атап көрсетеді [2]. Тарихи дереккөздер - тарихи процесті тікелей көрсететін және адамзат қоғамының өткенін, яғни адам жасаған барлық нәрсені, сондай-ақ оның қоршаған ортамен қарым-қатынасының нәтижелерін зерттеуге мүмкіндік беретін барлық нысандар: материалдық мәдениет объектілері, жазбаша ескерткіштер, әдет-ғұрыптар, рәсімдер және т.б. [3].

Зерттеулер арқылы оқытуда қолданылатын құжаттар үш түрге бөлінеді:

1) актілік құжаттар - бұл құқықтық, экономикалық, саяси қайнарлар, мысалы, хаттар, заңдар, жарлықтар, өтініштер, келісім-шарттар.

2) баяндау және сипаттау құжаттары - жылнамалар, шежірелер, естеліктер, таратылымдар.

3) Өнер сөзінің ескерткіштері - фольклор (аңыздар, ертегілер, келісімдер, мақал-мәтелдер) [4].

Тарихи құжатпен жұмыс істеу әдістемесі туралы бірнеше зерттеулер жасалып, әдістемелік негізі қаланды. Мысалы, М.С. Ерохина және М.В. Короткова тарихи құжатпен жұмыс жасау жадынамасын ұсынған. Бұл жадынама деректің сипаттамасына көбірек көңіл бөліп, мазмұнын талдауға тиімсіз болғандықтан, О.Н.Хохлова жадынаманы толықтырып, бес кезеңнен тұратын дереккөзді талдау алгоритмін ұсынды. Бұл жадынамада көбірек деректің мазмұнымен жұмыс түріне көбірек назар аударған. Ал О.Ю.Стрелова бірнеше кезеңнен тұратын дереккөзбен жұмыс жасаудың күрделенген жадынамасын ұсынды. Бірінші деңгейдегі сұрақтар дереккөздің түрін, авторын, жазылу уақыты, орны және себептерін анықтауға бағытталған. Екінші деңгейдегі сұрақтар дереккөздің мазмұнын, дереккөздің бетінде жатқан ақпаратты, фактілерді логикалық талдауға бағытталған. Үшінші деңгейдегі сұрақтар дереккөзді сыни тұрғыдан талдауға арналған: оқушылар дереккөздің сенімділігін, автордың астарлы ойын анықтауға тырысады. Төртінші деңгейдегі сұрақтар аксиологиялық талдауға әкеледі. Олар әлеуметтік топтардың, саяси ұйымдардың, тарихи тұлғалардың немесе автордың құндылықтар жүйесін талдауға арналған. Бесінші деңгейдегі сұрақтар дереккөздің белгілі бір тақырып немесе мәселені зерттеудегі құндылығын талдауға бағытталған [5].

А.В.Никитиннің пайымдауынша, тарихи дереккөзбен жұмысты шартты түрде үш деңгейге бөлуге болады: сипаттау, түрлендіру, іздену. Сипаттау деңгейі – дереккөзді тану, онда көрініс тапқан фактілерді анықтау, дереккөзге байланысты сұрақтарға жауап беру, дереккөзді мазмұндау. Түрлендіру деңгейінде - деректің басты идеясын анықтау, жоспар құру, деректің шығу мақсаты мен себептерін, салдарын анықтау, тезис құру, сұрақтар құрастыру. Іздену деңгейінде - дереккөздегі ақпаратты өзіндік ой-елегінен өткізу, басқа дереккөздердің арасындағы орнын анықтау: автордың позициясын талдау, басқа дереккөздермен салыстыру, дереккөздегі тарихи оқиғаларға өзіндік көзқарасын білдіру және негіздеу, дереккөздегі ақпараттың шынайылығы мен нақтылығын дәлелдеу[6].

Оқу үдерісін бақылау нәтижесінде біршама оқушылардың дерекпен жұмыс жасауда қиналатындығы анықталды. Сондықтан 10-сыныптарда жұмыс жасайтын әріптестер бірлесіп «Action Research» жобасы аясында зерттеу жұмысы жүргізілді. Зерттеу сұрағы «Тарих пәнінде оқушылардың деректердің құндылығын бағалау дағдыларын қалай дамытуға болады?» деп таңдап алынды. Зерттеудің мақсаты: оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытатын әдіс- тәсілдерді анықтау. Зерттеуге Көкшетау қаласы физика- математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 14- 15 жас аралығындағы 69 оқушысы қатысты.

Жоспар бойынша 4 сабақ өткізілді. Бірінші «Демократиялық үдерістер қоғамдық сананы қалайша өзгертті?» сабағында үш дереккөз берілді: «Невада-Семей» қозғалысының АҚШ-тағы белсенді мүшесі Эберхардт Боббпен сұхбат», «Алаш зиялылары және олардың шығармашылық мұраларының ақталу тарихы» мақаласынан үзінді, «Тіл туралы Заң» (1989 ж. қыркүйек), «Еліміздегі қазақ тілінің мәртебесі» (курстық жұмыс). Оқушыларға О.Ю.Стрелованың әдістемесіне негізделген төмендегі дереккөздерді талдау алгоритмі ұсынылды.

1. Деректің сипаттамасы: түрі, авторы, шыққан мерзімі, не туралы.
2. Деректі тарихи контекстте талдау:
 - Автордың мақсаты қандай?
 - Қандай тарихи оқиғамен байланысты?
 - Дерек жазылған кезеңнің екі ерекшелігін анықтаңыз.
3. Деректің құндылығын бағалау:
 - деректегі ақпарат қаншалықты сенімді?
4. Деректе айтылған оқиға қоғамдық-саяси өмірдің қандай ерекшелігін айқындайды?



5. Деректегі ақпаратты бүгінгі күнмен байланысы қандай?
6. «Невада –Семей» қозғалысы бүгінгі күні өзектілігін сақтап қалды ма?
7. Қазақ халқының бес арысы және олардың шығармашылық мұраларының ақталуы бүгінгі күнде қазақ әдебиеті мен жалпы ұлттық мәдениетке қалай әсер етті?
8. Аталған заң бүгінгі күні жүргізіліп жатқан тіл саясатына қалай әсер етті?

Екінші «Қазақстан Республикасының тәуелсіздік туралы» Конституциялық Заңының қабылдануының тарихи маңызы неде?» атты сабақта оқушыларға екі дерек: «ҚР Конституциялық заңы», «1991 жылғы 16 желтоқсан Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Председателі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы Декларация» ұсынылды. Оқушылар үш топта жұмыс жасады. 1- топқа О.Н.Хохлованың мазмұнын талдауға бағытталған, 2- топқа О.Ю. Стрелованың сыни тұрғыдан талдау, автордың астарлы ойын анықтау және дереккөздің құндылығын талдауға арналған, 3- топқа Н.С.Ерохина және М.В. Короткованың мазмұндау және сипаттауға бағытталған дерекпен жұмыс алгоритмі берілді.

Бірінші топқа ұсынған дереккөзді талдау алгоритмі:

- 1.Деректің түрін, мерзімін, авторын атайды;
- 2.Кім үшін жазылған, неге жазылғандығын білдіретін дәлелдер (деректен цитаталар) келтіреді;
- 3.Дерек жазылған кезеңнің екі ерекшелігін атайды;
- 4.Автор көтерген мәселелердің ішінен маңызды деген үш нәрсені атайды;
- 5.Деректің құндылығына 2 аргумент келтіреді;
- 6.Деректің шектеулігіне 2 дәлел келтіреді .

Екінші топқа ұсынған дереккөзді талдау алгоритмі:

- 1.Бұл құжат қашан, қайда, не себепті пайда болды? (Оның пайда болуының тарихи шарттарын сипаттаңыз.)
2. Құжат мәтініндегі негізгі / жаңа ұғымдарды түсіндіріңіз.
3. Бұл құжаттың баптары кімдердің мүддесін көздейді?
4. Бұл құжатты енгізу мемлекет пен қоғамда қандай нәтижелер алып келді?
- 6.Бұл құжаттың мазмұнын, іс-әрекетін ашатын нақты оқиғаны ойдан құрастырыңыз: сот ісі, мемлекетаралық келісімдер, т.б.

Үшінші топқа ұсынылған дереккөзді талдау алгоритмі

1. Құжаттың сипаты (ресми, хат, күнделік және т.б.).
2. Құжаттың шығу тегі, оның жазылу мерзімі, тілі (түпнұсқа немесе аударма), толықтығы (үзінді немесе толығымен берілген).
3. Құжаттың негізгі мазмұны (оқиғалар, идеялар, кейіпкерлер).
4. Автордың негізгі ойы, оның көзқарасы. Кімнің көзқарасын білдіреді? Оның құзіреті (мәртебесі,білімі, кәсібі).
5. Дереккөздің сенімділігі (дәлдігі мен қателіктері, бұрмалануы).
6. Дереккөздегі түсініксіз мәселелер.

Үшінші «Кеңестік білім беру саласындағы реформалар қандай мақсат көздеді?» тақырыбындағы сабақтың мақсаты тек деректермен жұмыс арқылы ашылды. Оқушыларға алты дерек ұсынылды: «1984 жылы 7 қарашада Қызыл алаңдағы парадтағы транспаранттың суреті», «Республикада халық ағарту ісін одан әрі жақсарту мақсатымен Қ К(б)П Орталық Комитетінің Пленумы қаулысы», «Реформа 1984 года», «Мектептің өмірмен байланысын нығайту және халыққа білім беру жүйесін одан әрі дамыту» туралы заң, «КСРО министрлер Кеңесінің Қаулысы 6 маусым. 1956 ж». Ұсынылған алты дерек бойынша сұрақ-жауап, деректен дәлел келтіру, деректегі аргумент пен дәлелді ажырату, ПТМС әдісі арқылы өзінің негізделген пікірін білдіру тапсырмалары орындалды. 1-тапсырмада оқушылар дереккөздерге сүйене отырып, білім беру саласындағы реформалардың мерзімін, атауын кестеге түсіріп, маңызын ашатын аргументтер келтірді. 2- тапсырмада тоқырау жылдары білім беру саласында жүргізілген реформаларға SWOT талдау жасады. Аргументтер дереккөздерден алынды. 3-тапсырмада оқушылар берілген алгоритмді басшылыққа ала отырып, XX ғасырдың екінші жартысындағы білім беру жүйесіндегі реформаларды зерттейтін тарихшы үшін деректердің құндылығын бағалайды.

Деректі талдау алгоритмі:

- 1.Деректің түрі, мерзімі, авторы;



2. Кім үшін жазылған, неге жазылғандығын білдіретін қандай дәлелдер бар? Деректен цитаталар келтіріңіз.

3. Дерек жазылған кезеңнің екі ерекшелігін анықтаңыз

4. Автор көтерген мәселелердің ішінен маңызды деген үш нәрсені тізіп жазыңыз;

5. Дерекке қатысты жауапсыз қалған сұрағыңызды авторға жазыңыз.

4-тапсырмада ПТМТ әдісі арқылы «Тоқырау жылдары білім саласы қарқынды/төмен деңгейде дамыды» тұжырым бойынша өз пікірін дәлелдеді.

- Позиция (менің ойымша білім саласы....,
- Түсіндіру (....себебі,)
- Мысал (мен мұны мынадай мысал арқылы дәлелдей аламын....)
- Түйіндей келе (айтылған мәселе бойынша мынандай қорытынды жасаймын....)

Оқушыларға тапсырма дескрипторы берілді:

- Өз пікіріне 3 аргумент келтіреді;
- Әр аргументі мысалмен негіздейді;
- Мәселені екі жақты қарастырады;
- Қорытынды жасайды.

Төртінші «Желтоқсан оқиғасы демократия жаршысы бола алды ма?» тақырыбындағы сабақтың басында М.Шахановтың КСРО Халық депутаттарының І съезінде (1989 ж.) сөйлеген сөзі жазылған бейнеролик ұсынылды. Оқушыларға Желтоқсан оқиғасының себептері, салдары, қозғаушы күші, түрткі болған жағдай, автордың көзқарасын айқындайтын дәлелдерді анықтауға тапсырма берілді. Оқушылар алдымен жеке жұмыс жасап, сосын топта талқылады. Тақырыпты бекіту кезеңінде алты деректі ұсынылған алгоритм бойынша талдады. Деректер: «1987 жылғы шілде КОКП ОК-нің «Еңбекшілерді интернационалдық және патриоттық тәрбиелеу жөніндегі Қазақ республикалық және патриоттық тәрбиелеу жөніндегі Қазақ республикалық партия ұйымының жұмысы туралы» қаулысы, «Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Алматы қаласында 1986 жылғы желтоқсанның 17-18-інде болған оқиғаларға байланысты жағдайларға түпкілікті баға беру жөніндегі комиссияның тұжырымдары мен ұсыныстары», Б.Н.Әбдіқадыровтың естеліктерінен үзінді «Желтоқсан оқиғасының баспасөз беттерінде көрінуі», Қайрат Рысқұлбеков өзінің түрмеде жазған хатынан үзінді «Желтоқсан қарлығаштарының» тағылымын кеңірек таразылау біздің парызымыз», «Алматыдан хабар» деп аталатын ТАСС-тың шағын ақпараты». Төртінші сабақта оқушылар үш топқа бөлініп (қабілеттеріне қарай), әр топ өзінің тапсырмасын орындады. Бірінші топ – дереккөздегі салыстырып, ұқсастығы мен айырмашылығын анықтау, дереккөздердегі Желтоқсан оқиғасына қатысты пікірлерді салыстырып, өзіндік пікірін білдіру. Екінші топ – деректерді топтастырып, тарихи контекстте талдау (деректегі мәліметтің тарихи оқиғамен байланысын анықтау, не себепті жазылғанын түсіндіру). Үшінші топ – деректерді топтастырып, сенімділігі мен шынайлығын дәлелдеу. Желтоқсан оқиғасының себебі мен салдарын зерттейтін тарихшы үшін деректің құндылығын бағалау.

Зерттеу барысында сауалнама, сұхбат, бақылау, оқушылардың жазба жұмыстарын саралау, әріптестермен пікір алмасу әдістері қолданып, рефлексивті журнал толтырылып отырды. Бастапқы кезеңінде оқушылардың зерттеушілік дағдыларын анықтайтын кіріс сауалнама алынды. Сауалнаманың қорытындылары бойынша оқушылар көбінде деректегі астарлы ойды анықтау, автордың мақсатын айқындау, жазылу себептерін анықтауда және деректің құндылығын бағалауда қиналатынын атап көрсетті.

Әңгімелесу барысында алынған ақпарат сауалнаманың нәтижелерімен сәйкес келді. Сонымен қатар, кейбір деректердің мағынасын ашуға арнайы терминдердің қолдануы немесе қазіргі уақытта қолданбайтын сөздердің кездесуі қиындықтар туындататындығы айқындалды.

Мұғалімдер «сыни дос» ретінде сабақтарға қатысып, кері байланыс берді. Сабақта жүргізілген бақылау нәтижесінде сабақтарға түзетулер енгізіп, қайта жоспарланды. Тапсырмалар өзгертіліп, басқа сыныптарда өткізілді. Әр сабақ сайын тапсырмалар, құрастырылған критерийлер мен жадынамалар толықтырылды. Сауалнама бірінші жартыжылдықтың соңында қайта алынды. Сауалнаманың нәтижесі мен оқушылармен әңгімелесу барысында алған ақпарат келесі тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді. Біріншіден, оқушылар деректің түрін, авторын, мерзімін, мазмұнын толық сипаттай алады; екіншіден, ұсынылған деректерді маңыздылығына қарай жіктеп, құндылығына баға бере алады. Бірақ, пайымдауға келгенде қиналатыны анықталды. Әңгімелесу барысында оқушылар деректі пайымдау үшін деректе айтылған оқиғалар мен дерек жазылған кезеңнің ерекшелігін анықтау үшін, сол кезеңдегі тарихи оқиғалар туралы білімдері болу керек екеніне көздері жетті. Жыл соңында оқушылардан кері байланыс алынды. Сонымен қатар, оқушылардың тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстары сараланды. Оқушылардың көпшілігінде деректерді талдау, бағалау, пайымдау дағдылары қалыптасқанын байқауға



болады, оған дәлел оқушылардың жазба жұмыстары. Жекелеген оқушылар деректерді бағалап, аргументтей алады, бірақ әлде де деректерді үстірт сипаттап, пайымдауда қателіктер жібереді. Сауалнама нәтижесі бойынша әлі де жекелеген оқушылардың дереккөздегі астарлы ақпаратты анықтау, деректің құндылығын бағалау, мазмұнын пайымдау дағдыларын дамытуды қажет етеді.

Тарихи оқиғалардың маңыздылығын талдау барысында оқушылардың аргументтеу, дәлелдер келтіру, пайымдау, баға беру дағдылары жетілдірілді. Сабақтағы рефлексия бойынша оқушылар аргументтеу мен дәлел келтіруді үйренгенін атап өтті. Жекелеген оқушылар дереккөзді бағалауды үйренгенін, бірақ пайымдау әлі де қиындық туғызатынын жазды. Қиындықтарды жеңу үшін теориялық материалды игеру, сонымен қатар дереккөздерді мұқият оқу керек екені анықталды. Оқушылардың көпшілігі топта талқылау көп көмек көрсеткенін атайды. Оқушылардың дереккөздің құндылығын бағалау, пайымдау дағдыларын дамытуда алгоритмді пайдалану өте тиімді әдіс болды. Оқушылардың бағалау парағы мен кері байланысынан алгоритммен талдау оңай болғандығы көрінеді. Дереккөздің мазмұны мен оны тарихи контекстінде талдаудың арасын ашып алуға көмектесті деген оқушылардың жауаптарынан қолданылған әдістің тиімділігін көруге болады. «Сыни дос» ретіндегі әріптестерімнің пікірінше, оқушылардың барлығы сабақта белсендік танытып, талқылау барысында алгоритмді басшылыққа ала отырып, нақты аргументтер келтіруге тырысты. Оқушылардың жұпта, топта жұмыс жасау дағдылары артты. Жекелеген оқушылардың өзі ғана емес, сол сияқты, жұп және топ үшін жауапкершілігі артып, топ атынан сөйлеп, өзіндік ашылуына, көшбасшылық қабілетінің оянуына әсерін тигізді. Оқушылардың кері байланысы, тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстары мен бақылау нәтижелері қолданылған әдістердің тиімділігін растайды.

Зерттеу барысында ауқымды жұмыс атқарылды. Алғашқыда дереккөздерді табу, ықшамдау, реттеу, бейімдеу қиын болды. Бірақ, дерекпен жұмыс туралы зерттеулермен таныса отырып, оның әдістемесі игеріліп, бір жүйеге келтіріп, әдіс- тәсілдер жүйеленді. Зерттеу нәтижесін саралай келе, дерекпен жұмысты төменгі сыныптардан бастап оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, жүйелі түрде жүргізу керек екені анықталды. Дерекпен жұмыс жасау дағдысы прогрессия түрінде өсіп отыруы тиіс. Оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуда сұрақ-жауап, аргументтеу, деректен автордың мақсатын ашатын дәлел келтіру, деректегі мәліметті тарихи оқиғамен сәйкестендіру, бірнеше деректерді түріне, мазмұнына, автордың мақсатына, жазылу мерзіміне қарай топтастыру әдістері тиімді болды. Зерттеу барысында оқушылардың қабілеттеріне қарай тапсырмаларды түрлендіріп отыру қажет. Мысалы, оқушылардың қабілеті мен қажеттілігін ескере отырып, әр дағдыға байланысты нақты деректі талдау алгоритмін ұсыну қажет. Оқушылардың ойын жүйелеу үшін арнайы сөз тіркестер мен дайын фразалар, толықтыруды қажет ететін сөйлемдерді ұсыну арқылы көмек көрсетуге болады. Сабақта бірнеше деректермен жұмыс жасаған тиімді. Бұл оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытады. Дерекпен жұмыс арқылы оқушылардың болжау, аргументтеу, дәлелдеу, тұжырымдау, пайымдау, бағалау, қорытындылау, өз пікірін білдіру дағдылары дамыды. Сонымен қатар, оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттері, медиа сауаттылығы арта түсті. Дерекпен жұмысты сабақтың барлық кезеңінде қолдану керек. Оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуда жұптық және топтық жұмыс түрлерін қолдану тиімді болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Лернер И.Я. Развитие мышления учащихся в процессе обучения истории: Пособие для учителей. М.: Просвещение, 1982. 191 с.
- 2.Никитин А.В. «Особенности работы с историческими источниками в средней школе»
- 3.(Политическая наука: словарь-справочник [Электронный ресурс]: Авт. и сост.: Санжаревский И. И. Тамбов, Изд.6-е, испр. и доп. URL: <http://glos.virmk.ru/> .)
- 4.Никитин А.В. «Особенности работы с историческими источниками в средней школе».
- 5.Стрелова О.Ю. Ключи к историческому Олимпу // История. Еженедельное приложение к газете «Первое сентября». – 2011. – №15. – С. 52-58.)
- 6.Никитин А.В. «Особенности работы с историческими источниками в средней школе».



ИННОВАЦИОННЫЕ ПОДХОДЫ В РАЗВИТИИ ОБРАЗОВАНИЯ

КАНАЕВА Индира Тастанбеккызы

КГУ «Общая средняя школа №28»

Шымкент, Казахстан

6indi76@gmail.com

Аннотация

Бұл мақалада білімді дамытудың заманауи технологиялары мен оқыту әдістері туралы зерттеу нәтижелері мен сабақтарда қолданысы туралы ақпарат ұсынылады.

Аннотация

В статье раскрываются инновационные подходы в развитии образования. Методы использования приемов и применение их на уроках.

В настоящее время вопросы образования - это тот аспект, который касается всего общества. Эта актуальная тема определяет не только будущее нашей страны, но и всего человечества. Я считаю, что развитие современного образования невозможно без внедрения инновационных идей и цифровых технологий. Инновационные подходы могут дать эффективность и качество образовательного процесса. Для педагога это огромный спектр возможностей применить различные цифровые ресурсы, ведь каждая технология имеет ряд существенных преимуществ. Непрерывно разрабатываются инновационные методы обучения.

Для обеспечения высокого качества образования педагогические работники применяют различные стратегии, методы обучения и воспитания.

Действительно, по мере появления новых технологий, повсеместно внедряемых в образовательные программы, педагоги постепенно начинают переосмысливать учебные стратегии.

Понятие «инновация» определяется по-разному, в зависимости от различных методологических подходов. Технология - это инструмент профессиональной деятельности педагога. Сущность педагогической технологии заключается в том, что она имеет выраженную этапность (пошаговость). Инновационная деятельность - это особый вид педагогической деятельности. Инновации определяют новые методы, формы, средства, технологии, использующиеся в педагогической практике, ориентированные на личность ребёнка, на развитие его способностей. Инновационные технологии - это система методов, способов, приёмов обучения, воспитательных средств, направленных на достижение позитивного результата за счёт динамичных изменений в личностном развитии ребёнка в современных социокультурных условиях. Использование современных образовательных технологий обеспечивает гибкость образовательного процесса, повышает познавательный интерес обучающихся, творческой активности. Благодаря внедрению в образовательный процесс современных технологий обучения дети с ограниченными возможностями здоровья имеют больший шанс приобрести необходимые умения и навыки для дальнейшей жизни и успешной адаптации в обществе, повысить уровень мотивации к обучению.

Информационно-коммуникационные технологии получили свое естественное развитие в наш «продвинутый» век. Ситуация, когда ребенок бы не знал, что такое компьютер, практически нереальна. Дети тянутся к приобретению компьютерных навыков. С помощью увлекательных программ по обучению чтению и математике, на развитие памяти и логики детей удастся заинтересовать «науками». Компьютер имеет ряд существенных преимуществ перед классическим занятием. Анимационные картинки, мелькающие на экране, притягивают ребенка, позволяют сконцентрировать внимание. С помощью компьютерных программ становится возможным моделирование различных жизненных ситуаций. В зависимости от способностей ребенка, программа может быть подстроена именно под него, то есть делать упор на его индивидуальное развитие.

Примеры форм занятий с использованием информационно-коммуникационных технологий:

1. Занятие-визуализация — изложение содержания сопровождается презентацией (демонстрацией учебных материалов, представленных в различных знаковых системах, в т. ч. иллюстративных, графических, аудио- и видеоматериалов).

2. Практическое занятие в форме презентации - представление результатов проектной или исследовательской деятельности с использованием специализированных программных средств.

Практика показывает, что занятие с использованием игровых ситуаций, способствуют появлению активного познавательного интереса школьников. На таких занятиях складывается особая атмосфера, где есть элементы творчества и свободного выбора. Развивается умение работать в группе: её победа зависит от личных усилий каждого. При этом, игры имеют множество познавательных, обучающих функций. Среди игровых упражнений можно выделить те:



- которые помогают выделять характерные признаки предметов: то есть учат сравнивать;
- которые помогают обобщать предметы по определенным признакам;
- которые учат ребенка отделять вымысел от реального;
- которые воспитывают общение в коллективе, развивают быстроту реакции, смекалку и другое.

Задачи педагогов: идти в ногу со временем, стать для ребёнка проводником в мир новых технологий, наставником в выборе компьютерных программ, сформировать основы информационной культуры его личности, повысить профессиональный уровень педагогов и компетентность родителей.

Применение инновационных педагогических технологий способствует:

- повышению качества образования;
- повышению квалификации воспитателей;
- применение педагогического опыта и его систематизация;
- использование компьютерных технологий воспитанниками;
- сохранение и укрепление здоровья воспитанников;
- повышения качества обучения и воспитания.

Использованная литература:

- [1] Е. А. Калюжный, Ю. Тремаскина, Д. Борзенко, Е. Норкина, К. Глаголева, К. Розина, А. Любаев // Современные научные исследования и инновации. 2014. № 10–2 (42). С. 175–179.
- [2] Андреев В. И. Педагогика высшей школы: инновационно-прогностический курс: [учеб. пособие для вузов. — Казань: Центр инновац. технологий, 2005 г.
- [3] «Паспорт здоровья студента» — метод формирования культуры здоровья / С. В. Михайлова, Е. А. Калюжный, Е. Норкина, Ю. Тремаскина // Современные научные исследования и инновации. 2014. № 4 (36). С.81.
- [4] Е. А. Калюжный, В. А. Басуров, Н. В. Жулин, И. Садретдинова, Я. Федосеева, М. Маслова // Современные научные исследования и инновации. 2014. № 7 (39). С. 228–237
- [5] Ягджик, С. С. Виды инновационных технологий и их характеристики / Молодой ученый. 2016 г., № 23 (127). С. 548-551.

ФОРМИРОВАНИЕ У ДЕТЕЙ МУЗЫКАЛЬНОГО СЛУХА

КАНАЙКИНА Анна Валентиновна

КГКП «Школа искусств №1»

Караганда, Казахстан

kanaikina73@mail.ru

Аңдатпа

Осы мақалада музыкалық дамыту мәселелері ашып көрсетілген. Балалармен жұмыстың ерекшеліктері суреттеліп, анықталған. Физиологтар мен психологтардың зерттеулерінің практикалық тәжірибесі пысықталған. Автор балалардың музыкалық қабылдаулары олардың музыкалық қабілеттеріне жетілдіруге негіз болады деген қорытындыға келді.

Аннотация

В данной статье раскрываются проблемы по развитию музыкального восприятия. Выделяются и описываются характерные особенности работы с детьми. Обобщается практический опыт исследований физиологов и психологов. Автор приходит к выводу о том, что развитие музыкального слуха у детей является основой для совершенствования их музыкальных способностей.

На современном этапе этого мало, владеть определенным количеством знаний, умений и навыков, необходимо на данный момент уметь пользоваться своими умениями в повседневной, реальной практике и в последующем для созидания своей жизни. В самостоятельной жизни очень важно, чтобы выпускники были конкурентоспособными, мобильными. Эта задача не из легких и здесь на помощь должен прийти опыт, может даже опыт других регионов, стран.⁴ В этом контексте, очень интересен опыт, зарубежных стран Англии и США, где актуальным становится проблема эффективного преподавания. А само понятие «Эффективное преподавание» связывают с рефлексией, исследованием и непрерывным профессиональным развитием, ростом, это взаимосвязанные аспекты одной проблемы- ежедневного улучшения учебного процесса. С точки зрения рассматриваемой нами проблемы, можно проецировать исследование на нашу практику в колледже и назвать ее «Исследование своей практики». Какова же необходимость исследования своей практики? Ответ на этот вопрос, опять же зависит от учителя. При подготовке к уроку учитель становится сценаристом, а в реальном учебном процессе-режиссером живого процессе учения, т.е. деятельности ученика. Учитель, подбирает учебный материал, продумывает его «подачу» (уровень, объем) учащимся через организацию их деятельности по добыванию новых знаний, отслеживает достижения учащегося по критериальной системе оценивания. При организации деятельности учащегося (самостоятельно отобрать, проанализировать, делать выводы и заключения, аргументировать и т.д.) учителю необходимо учитывать множество факторов, влияющих на ход учебного процесса. В этих условиях творческая деятельность учителя должна быть исследована самим учителем с точки зрения определения эффективности сделанного сценария и режиссёрской работы. Отслеживается ход преподавательской деятельности для выявления удачных и неудачных моментов, для формулирования проблемы, над которыми следует работать в дальнейшем.⁵

Важным моментом является выявление проблемы, которая, обычно, держится в «уме», но не озвучивается. Исследование именно этих маленьких проблем и есть исследование своей практики.

Такого характера мини-исследование позволяет установить эффективность выстроенной методической системы обучения, обеспечивающей успешность обучающегося. Для большинства обучающихся формальное и неформальное образование происходит по месту жительства, а значит, главная ответственность за реализацию непрерывного образования индивида ложится на местные органы власти. Культурное разнообразие является важнейшим богатством нашей страны, и сохранить местные особенности и традиции, в том числе в сфере образования, -задача всех местных сообществ.⁶ При всей свободе передвижения и тех преимуществах, которые она предоставляет, люди не должны быть вынуждены покидать свой родной город или поселок, чтобы получить качественное образование.

Тем не менее, современному человеку на протяжении всей жизни свойственна необходимость обновления своих знаний и компетенций в связи с изменившимися условиями, как в социальном, так и просто в географическом отношении. Сегодня не типична картина, когда человек всю жизнь живет

⁴ Амбалова С.А. Личность и ее приобщение к социальному миру //Азимут научных исследований: педагогика и психология. 2016. Т. 5. №1 (14). С. 9-11.

⁵ Ломакина Т.Ю. Образование через всю жизнь: непрерывное образование в интересах устойчивого развития //Проблемы современного образования. 2013. №3. С. 159-166.

⁶ Гулиева С.А. Вопросы информационного обеспечения управления общеобразовательных школ нового типа //Электронное периодическое издание «Информационная среда образования и науки». 2012. №9. С. 10 -20.



там, где он родился, и занимается тем, чему обучился в юности.⁷ В частности, и знания, полученные в университете, уже не могут оставаться неизменным багажом, эффективно обеспечивающим социальную и профессиональную адаптацию в течении всей жизни. Отсюда необходимость в том, чтобы в течении всей своей жизни человек постоянно учился, совершенствовался, и, возможно, переучивался. Именно это имеется в виду, когда говорят о системе образования в течении всей жизни. Современный человек обречен на необходимость непрерывного общекультурного и профессионального развития как способа быть востребованным в современном социуме.

В связи с этим высшее образование сегодня выступает в качестве ведущего компонента устойчивого развития государства, в котором центральное место отводится университетскому образованию, а формирование универсальной образовательной модели является его главной задачей.

Сегодня цель образования – научить людей создавать новое знание и овладеть технологиями и способами, позволяющими это сделать.

Список используемой литературы:

1. Амбалова С.А. Формирование профессиональной культуры студентов-будущих преподавателей: Учебно-методическое пособие. -М.: Издательский дом «МПА-Пресс», 2014.
2. Амбалова С.А. Личность и ее приобщение к социальному миру //Азимут научных исследований: педагогика и психология. 2016. Т. 5. №1 (14). С. 9-11.
3. Бекоева М.И., Кокаева Ф.А., Кубанцева Г.С. Аудиовизуальные технологии обучения как средство повышения качества педагогического образования //Вестник Северо-Осетинского государственного университета имени Коста Левановича Хетагурова. 2011. № 1. С. 30-33.
4. Бекоева М.И. Интеграция систем общего и дополнительного образования как основа организации непрерывного профессионального образования //Вестник Тверского государственного университета. Серия: Педагогика и психология. 2014. № 3. С. 135-140.
5. Бекоева М.И., Сикоева М.Т. Организация учебного процесса студентов на основе модульного обучения//Вестник Северо-Осетинского государственного университета имени Коста Левановича Хетагурова. 2013. № 3. С. 64-68.
6. Борисов А.В., Борисова Н.И., Мулдашева А.С. Интеграция науки, образования и инновационной деятельности как фактор развития экономики России //NovaInfo.Ru. 2016. Т. 3. № 44. С. 240-248.
7. Бубнова А.М. Непрерывное профессиональное образование (или образование на протяжении всей жизни) //Этносоциум и межнациональная культура. 2008. №3 (11). С. 103-110.
8. Гулиева С.А. Психологический механизм развития качеств личности //В сборнике: Педагогический процесс: проблемы и перспективы. Межвузовский сборник научных трудов. Северо-Осетинский государственный университет им. К.Л. Хетагурова. Под редакцией А.Р. Джигоевой. Владикавказ, 2011. С. 56-66.
9. Гулиева С.А. Вопросы информационного обеспечения управления общеобразовательных школ нового типа //Электронное периодическое издание «Информационная среда образования и науки». 2012. №9. С. 10 -20.
10. Ломакина Т.Ю. Образование через всю жизнь: непрерывное образование в интересах устойчивого развития //Проблемы современного образования. 2013. №3. С. 159-166.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА БЕЙІМДЕУ

МОЛДАШЕВА Лиза Жумабаевна

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті

Ақтөбе, Қазақстан

liza.moldasheva@mail.ru

XXI ғасыр жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті, өзіне сенімді, еліміздің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін көтеруге үлес қоса алатын білікті маман дайындауды талап етіп отыр. Сол себепті Қазақстанда да білім саласында оқытудың ескі мазмұнының орнын жаңасы басуда. Орта және

⁷ Бубнова А.М. Непрерывное профессиональное образование (или образование на протяжении всей жизни) //Этносоциум и межнациональная культура. 2008. №3 (11). С. 103-110.



жоғары оқу орындары оқытушылары үшін дәстүрлі сабақ мотивінен шығып, жаңа заманауи технологияларды қолдану білім алушыға оқу қызметінің субъектісі ретінде өзін-өзі танытуға, өзін-өзі дамытуға ұмтылатын дамушы тұлға ретінде бағытталған. Бұл тұлғалық бағытталған өзара әрекеттің субъектісі – білім алушы мен оқытушы моделі.

Оқытудың инновациялық технологияларын енгізу, халықаралық ғаламдық коммуникациялық байланысқа шығу, білім беруді ақпараттандыру – қазіргі білім беру жүйесінің өзекті мәселелері. Оқытуда заманауи инновациялық технологияларды қолдану – заман талабы.

Ақпараттық технологияларды қолданудың қос бағыты бар:

- Ақпараттық технологиялар білім, білік, дағдыны игеру үшін қажетті ресурс болып, білім алушылардың саналы тәрбие, сапалы білім алуына жағдай жасайды.

- Ақпараттық технологиялар оқу-тәрбие үрдісін қамтамасыз етеді. Ақпараттық және педагогикалық технологиялар негізінде оқытушының рөлін түбегейлі өзгертуге мүмкіндік туды, оқытушы тек қана білім беруші емес, сонымен қатар студенттің өзіндік шығармашылық жұмысының жетекшісі және бағыт берушісі болып анықталады [1;108].

Білім берудегі инновациялық әдістер мен заманауи ақпараттық технологиялардың негізгі мақсаттары мен міндеттеріне тоқталып өтейік:

- Сабақтарды жаңаша ұйымдастыру. Дәстүрлі сабақ моделінен шығып, студентті қызықтыра отырып, шығармашыл ойлау қабілетін дамытып, деңгейлеп, сергітіп, біліктілігін арттыру, теорияны меңгертіп қана қоймай тәжірибе жүзінде үйренгенін қолдануға дағдыландыру.

- Оқытушының рөлі мен қызметінің артуына жағдай жасау. Оқытушы бұрынғыдай түсіндіруші, баяндаушы моделінен шығып, бағыт беруші, кеңес беруші, қажет жерінде сыншы, қажет жерінде мақтаушы, коммуникатордан гөрі бақылаушы қызметін атқарады.

- Теориялық, ғылыми-педагогикалық және психологиялық зерттеулерге сүйене отырып, білім алушылардың құзыреттілігін қалыптастыру.

- Тіл үйренуші білім алушының ойлау қабілеттерін арттырып, ақпараттық технологиялар негізінде ізденушілігін, шығармашылығын дамыту.

- Шынайы дерек көздерінен мәліметтерді жинақтау арқылы ізгілікке, елжандылыққа, саналылыққа, адамгершілікке, имандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Бұқаралық ақпарат құралдарына шолу, әлеуметтік желілерде белсенділік таныту, танымдық, тарихи, әдеби жазбалармен танысу арқылы ойлау қабілетін дамыту.

- Тіл үйренушінің қазақ тілін білу деңгейіне (A1,A2,B1,B2), қабылдау қабілетіне және жас ерекшелігіне қарай қолдану.

Оқытудың заманауи технологияларын қолдану арқылы қазақ тілі сабақтарын жаңаша ұйымдастыру дегеніміз - оқытушының рөлі мен қызметінің артуына жағдай жасау, білім алушының тек тыңдаушы немесе үйренуші ғана емес, өзін-өзі дамытатын шығармашыл тұлға ретінде қалыптастыру, теориялық, ғылыми-педагогикалық және психологиялық зерттеулерге сүйене отырып, тыңдаушылардың құзіреттілігін қалыптастыру, ақпараттық технологиялар мен инновациялық оқыту әдістері арқылы студенттерді ізгілікке, елжандылыққа, саналылыққа, жауапкершілікке, адамгершілікке, имандылыққа, шығармашылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Теориялық білімді меңгерту мен жаңғырту және жаңа жағдайға іс жүзінде лайықтап қолдануға үйреткенде тіл үйренушілердің алған білімі мен біліктілігі шынайы да нақтылы көрініс табады. Осындай бағытпен қалыптасқан білім мен біліктіліктің танымдық та, шығармашылық та маңызы зор. Сабақты түрлендіріп, білім алушыларды шығармашылыққа бейімдеуде өзіміз қазақ тілі маманы ретінде ақпараттық технологияларды, яғни компьютер, интерактивті тақтамен жұмыс, мультимедиялық көрініспен, жаңаша тапсырмаларды пайдалану арқылы өткізуді дәтүрге айналдырдым. Білім алушы студенттермен бірге БАҚ, танымдық, кәсіби журналдар, әлем әдебиеттері мен мәдениетіндегі, медицинасындағы соңғы жаңалықтарға шолу жасап отыруды өз практикама енгіздім. Себебі шығармашыл тұлғаны тәрбиелеу үшін оқыту мен тәрбиелеудің ой елегінен өткен әдістерін жаңашыл педагогтардың тапқан әдістемелерін біліп қана қою жеткіліксіз, оны әркім өз мүмкіндігінше күнделікті сабақта пайдалану қажет. Сонда ғана, сабақ нәтижелі, студент шығармашыл болып білім сапасы арта түседі. Осы орайда Қытай даналығы ойға оралады: «Айтсаң ұмытып кетемін, көрсетсең-есте сақтаймын, ал өзіме істеуге берсең –мен бәрін түсінемін». Сондықтан да, тіл үйренушінің немесе білім алушының белсенділігін арттырып, білім сапасын көтеретін, шығармашыл еркін ойлауға үйрететін инновациялық әдіс-тәсілдер болып табылады.

Заманауи технологиялардың педагогикалық негізгі принциптері:

- Білім алушыға ізгілік тұрғысынан қарау;

- Білім мен тәрбие бірлігі;

- Білім алушының танымдық санасын қалыптастыру және дамыту;



- Студентке өз бетімен әрекеттені әдістерін меңгерту;
- Білім алушының шығармашылық икемділігін дамыту;
- Білім беру үдерісін білім алушының сезінуі.

Оқушыны шығармашылық іс-әрекетке бейімдейтін, ақыл-ой өрісін дамытатын құрал-технология. Мысалы, қазақ тілігі технология әдісімен оқытуда орындалатын тапсырмалар мен жаттығулар оқушының ойлауын дамытатын, есте сақтау қабілетін арттыратын болу тиіс. Бұл орайда деңгейлік тапсырмалардың атқаратын қызметі зор. Деңгейлік тапсырмалардың мақсаты- білім алушыға жеңілден қиынға, қарапайымнан – күрделіге қарай сатылы түрде орындалатын жұмыстар жүйесін ұсына отырып, оқушыны ізденушілікке, шығармашылыққа баулу.

Қазіргі заманауи технологиялар білім алушының теориялық білімін нығайтып, оларды өздігінен іздендіре отырып, шығармашылық жұмысқа жетелейтін деңгейлік тапсырмалар арқылы беріледі [2, 226].

Қазіргі орыс топтарына оқытылатын қазақ тілі пәні «Дамыта оқыту технологиясы» негізінде жасалған. Бұл технология білім алушының жасырын, тіпті тым тереңде жатқан қабілеттерінің ашылуына, өздігінен шығармашылық жұмыспен шұғылдандуына мүмкіндік жасайды. Бүгінгі күннің талабына сай инновациялық әдістер мен ақпараттық компьютерлік технологияларды қолдану, оқу үрдісінде түрлі деңгейлік тапсырмалар жүйесін әзірлеу, оқыту бағдарламалары, оқушы мен мұғалімге арналған зертханалық-практикалық және мәдени практикалық жұмыстар жеке тұлғаның сапасын қалыптастыруға септігін тигізетіні белгілі. Осыған орай сабақ беру үрдісінде инновациялық әдістер оқытудың интерактивті оқыту моделі болып табылады.

Инновациялық әдістер-оқытудың интерактивті оқыту модулі. Интерактивті әдістерге анкета, топпен жұмыс, миға шабуыл, рөлдік ойындар, блиц-сұрақтар сын тұрғысынан ойлау, викториналар, мини зерттеулер, кесте, проблемалық шығарма әдістері, презентациялар, пікірталастар, кейсстадийлер, іскерлік ойындар т.б жатады.

Заманауи ақпараттық технология мен инновациялық әдістерді оқыту-тәрбие үрдісінде пайдалану арқылы біз білім алушыны неге үйрете аламыз?

- Өз бетімен ойлауға. Орыс топтарында оқитын қазақ тілін үйренушілерге қазақ тілінде өз бетімен ойлауға жету – үлкен табыс.

- Жаңа шешімдер табуға баулу. Білім алушыны жауапкершілікке, шешім қабылдауға дағдыландырамыз.

- Ұжымдық өмір сүруге. Командалық оқыту әдістері арқылы «біріміз бәріміз үшін» деген ұранмен бар ынта-ықласын команданың жеңісі үшін сарп етуге қалыптастырамыз.

- Шыдамды болуға. Өз пікірін айту кезінде, дәлелдеу кезінде төзімділік танытуға баулимыз.

- Өзгелердің көзқарас пікірлерін тыңдай білуге. Өзі пікір білдіре алуға және замандастарының пікірлеріне құрметпен қарауға үйретеміз.

- Өзінің жеке болашағын жасақтауға. Өзіндік менін қалыптастыра отырып, өз әрекеттерін өзектендіруге тәрбиелей аламыз.

- Өз бетімен білім алуға. Шығармашыл дамуға, тыңдаушы ғана емес жасаушы, дамытушы болуға тәрбиелеу.

Жаңа ақпараттық технологияларды қолдану арқылы білім алушыларды шығармашылыққа бейімдеу нәтижелері:

- өз бетімен жұмыс істей отырып, шеберлігін арттыра біледі;
- өз беттерімен ізденулеріне, шығармашылықпен жұмыс істеулеріне бағыт беріледі;
- ойлау қабілеті дамиды;
- нәтижелерін керек жағдайда түзетеді және одан қорытынды жасай алады;
- қорытындыны басқа нәтижені өзгелермен салыстырады;
- әр түрлі жағдайда өз шешімін таңдай біледі, мұғалімге жалтақтамайды;
- өзін-өзі бағалай білуге үйренеді;
- жаңа технологияны пайдаланып, интерактивтік тақтада жұмыс жасай біледі.

Соңғы жылдары оқытудың жаңа технологиялары білім беру саласында кеңінен қолданылып келеді. Олардың ішінде отандық әдіскер ғалымдар жасақтаған «Модульдік оқыту технологиясы» (М.Жанпейісова), «Деңгейлеп оқыту технологиясы» (Ж.Қараев), қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарына арналған «Сатылай кешенді талдау» (Н.Оразақынова), «Сын тұрғысынан ойлау» т.б. технологиялары оқытушылардың қызығушылығын арттырып, оқу үдерістеріне кеңінен ендірілуде. Мұндай әдіс – тәсілдер мен оқытудың жаңа технологиялары туралы арнайы еңбектер мен ғылыми – әдістемелік тұрғыдан баяндайтын құралдар, түрлі курстар мен білім сатысы оқулары арқылы мұғалімдердің әдіскерлік шеберліктерін ұштауларына мүмкіндіктер мол. Сондықтан түпкі нәтижені таңдаудың, оны мақсатқа сай ұйымдастыра білудің маңызы зор. Оқыту әдістерінің кез келген түрін белсенді әрекетке



айналдыру – мұғалімнің әдіскерлік шеберлігі мен шығармашылық ізденісіне байланысты болмақ. Оқыту әрекетінде жеке, топтық, ұжымдық жұмыстарды оқу мазмұны мен мақсатқа сәйкес, үйлесімді түрде жүргізудің қажеттілігі осыдан туындайды [4].

Қазіргі заманның әлеуметтік экономикалық жағдайында оқушылардың білім деңгейін көтеру белгілі бір дәрежеде жеке тұлғаның өзін – өзі жан – жақты танып білуі мен қалыптасуына жағдай жасауға бағытталған. Бүгінгі оқыту жүйесінде әртүрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, нәтижелер беруде. Әрбір сабақта оқытудың тиімді әдіс – тәсілдерін енгізіп жүрсе, білім сапасына елеулі әсер етеді. Кез келген сабақты қызықты өткізу үшін әрбір ұстаз жаңалыққа ұмтылып, ізденіс үстінде болғаны абзал.

Қазіргі оқыту барысында қолданылып жүрген көптеген технологиялар жеке тұлғаның жетілуіне, оқытудың тиімділігінің негізін құруға бағытталған.

Өз практикада қолданып, білім алушыларды шығармашылыққа бейімдеуде жаңа әрі пайдалы ізденістердің бірі қазақ тілі сабағында қолданылып жүрген – «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» технологиясы. Бұл технология 18 елдің тәжірибесіне енгізілген. Бұл технология білім алушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады, ойлау белсенділігін, тапқырлығын, өзіне деген сенімділігін, іскерлік дағдысын қалыптастырады. Сыни тұрғысынан ойлау технологиясы бойынша сабақ құрылымы қызығушылықты ояту, мағынаны ажырату, ой толғаныс кезеңдерінен тұрып, әр кезеңдегі тәрбиелік және оқу мақсаттары әр түрлі стратегияларды қолдана отырып, алға мақсат қою, мәселені зерттеу, жауап іздеу, студенттердің өз ойларын ашық айта білуге тәрбиелейді [3;23].

Жалпы айтқанда, «Оқу мен жазуды сын тұрғысынан ойлау» стратегиясы сабақты жоспарлауда өте тиімді. Сын тұрғысынан ойлау әдісі оқушының еркін сөйлеуіне, өз пікірін айтуға, достарының ойын тыңдауға, жағдаяттарды шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге бағытталған бағдарлама. Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз – ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген – білгенін талдап салыстырып, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау[4].

Бұл технологияда бұрынғы білім мен жаңа ұғым ұштастырылады. Соңғы кезеңде білім алушы өз шығармашылық қабілетін таныта алады.

Сонымен, оқытудың озық технологиялары мен инновациялық әдістерді біріктіріп білім беру студенттердің логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға, ақпараттық технологияны пайдалану дағдыларын қалыптастыруға және ақпараттық сауатты болып өсулеріне ықпал етіп қана қоймай, білім алушылардың еркін шығармашыл ойлауына, өз ойын еркін жеткізіп, пікірін қорғай алатын, замандасының пікірін тыңдап құрметтей алатын тұлға болып қалыптасуына әсер етеді.

Білім алушыға білім, білік, дағдыларын игертіп қана қоймай, қабылдауын, ойлауын, қиялын, сезімдерін, яғни жан-жақты, шығармашыл, өз бетімен жұмыс жасай білетін, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны дамыту үшін инновациялық әдістер мен оқытудың ақпараттық технологияларын пайдаланудың маңызы өте зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қалиева Г. Жаңа технологиялардың тиімділігі //Қазақстан мектебі журналы, 2010. - № 2.
2. Бұзаубақова К.Ж. «Жаңа педагогикалық технологиялар» - Тараз, 2003.
3. «Қазақ тілі» ғылыми-әдістемелік журналы, 2012. - №3.
4. Садуова Ж.Н. Жаңа педагогикалық технологиялар арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру //«Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, 2012.

ТАРИХ САБАҚТАРЫНДА ГРАФИКАЛЫҚ ОРГАНАЙЗЕР ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ

МУКУШЕВА Гаухар Бекентаевна, ЖАКЕНОВА Жанаргуль Жетписбаевна

Физика-математика бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебі

Көкшетау, Қазақстан

mukusheva_g@kt.nis.edu.kz, zhakenova_z@kt.nis.edu.kz

Аннотация

Мақалада тарих пәні сабақтарында CLIL технологиясы негізінде оқушылардың айтылым дағдыларын дамыту мақсатында қолданылған графикалық органайзерлердің тиімділігі туралы жазылған. Қолдану мақсаты бойынша олардың түрлері, қолдану алгоритмі және тиімділігі туралы



айтылады. Оқыту үрдісінде тиімділігін көрсеткен графикалық органайзерлердің бірнеше үлгілері берілген.

Қазіргі таңда оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамыту өзекті мәселеге айналып отыр. Мәселен, соңғы тілші, әдіскер мамандардың зерттеу жұмыстарының нәтижесіне сүйенсек, мектеп оқушыларының көпшілігінің сөздік қоры жұтаң, сөз тіркестерін, сөйлем және мәтін құрауда дәрменсіздік танытатындығын, ойын жүйелі түрде жеткізе алмайтындығын, ауызша сөйлеу дағдысының төмендігін байқауға болады деген пікірді тілге тиек етіп отыр[1].

Американдық Рочестер университеті ғалымдарының жүргізген зерттеуінде көрсетілгендей, адамның ақпаратты визуалды қабылдауы басқалардан(аудиалды, кинестетикалық) қарағанда жоғары болып келеді[2]. Осы тұрғыда тарих сабақтарында оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамытудың тиімді жолдардың бірі ретінде графикалық(визуалды) органайзерлерді қолдануды алып отырмыз. Оларды қолдану мұғалімдер үшін де, оқушылар үшін де өте пайдалы, өйткені олар сабақтарды қызықты әрі түсінікті етеді. Графикалық органайзер ақпаратты көзбен көріп, тез қабылдап, ұзақ есте сақтау мен берілгенді жүйелі түрде мазмұндап айтуға мүмкіндік береді.

Мектептерде білім мазмұнын оның құрылымдық жүйесін жаңарту білім реформасының басты талабы. Талапқа сәйкес оқушылардың белсенділігі мен танымдық іс-әрекеттері арқылы олардың сөйлеу дағдысын дамыту, қажетті жағдайларда шешім қабылдайтын жеке тұлғаны қалыптастыру, оқытудың жаңа технологияларын енгізе отырып, білім беру жолдарын қарастыру әр ұстаздың міндеті[3]. Осыған байланысты пән мазмұны мен тілді бірлесе оқытатын CLIL технологиясын қолданғанымызды жөн санаймыз. Бұл технология қарастыратындай сабақтарда графикалық органайзерлер қолдану барысында барлық тілдік дағдылар (жазылым, айтылым, тыңдалым мен оқылым) іске асады. Мәтін мен визуалды элементтерді біріктіре отырып, графикалық органайзерлер ұғымдар, терминдер мен фактілер арасындағы қатынастар мен байланыстарды көрсетеді.

Графикалық органайзерлердің пайдалану артықшылығын айтатын болсақ:

-Үлкен немесе күрделі ұғымдар мен идеяларды кішігірім және қарапайым бөліктерге бөлу арқылы ақпаратты түсінуге оңай болатындай етіп елестетуге немесе ұсынуға көмектеседі;

-Графикалық органайзерлерді құрастыру, толтыру арқылы оқушылар белсенді болады және оқу үрдісіне толықтай қатысуға мүмкіндігі артады;

-Миға шабуыл, сыни және шығармашылық ойлау, мазмұнды сипаттауда жіктеу, талдау, рефлексия және т. б. танымдық дағдыларды дамытуға ықпал жасайды;

-Тақырып туралы алдыңғы білімді жандандыру және оларды жаңа ақпаратпен тез байланыстыруға көмектеседі;

-Жазу, талдау, оқу және т.б. үшін графикалық органайзерлерді қолдана отырып, оқушылар сабақты оңай оқи алады.

Тақырыбымызға сәйкес біздің сабақтарда айтылым дағдысына көбірек назар аударылады. Оқушылардың қызығушылығын үнемі арттыру мақсатында сабақтарда графикалық органайзерлердің алуан түрлерін қолдануға болады.

Қолдану мақсатына қарай графикалық органайзерлер:

- жүйелі (Баспалдақ, оқиғалар тізбегі, циклдік граф, континуум),
- салыстыру мен сәйкестендіру (Венн диаграммасы, Т-диаграммасы, квадранттар, Кэрролл сызбасы),
- иерархиялық (пирамида, желілік ағаш, сэндвич, сюжеттік карта),
- концептуалды (кластер «өрмекші», менталды карта, «алақан»),
- себеп-салдар (фишбоун, тізбектер, эффекттер),
- пайымдау (SWOT, RAFT, «Білемін/ Білгім келеді/ Білемін» кестелері)
- статистикалық (график, гистограмма, торлы мен дөңгелек диаграммалары) топтарға бөлінеді[4].

Сондай-ақ «кітап беті», «қабырғадағы бейне» сияқты органайзерлерді шығармашылық топқа қосқымыз келеді. Сабақтың тақырыбы мен оқу мақсатына байланысты мұғалімге графикалық органайзерлерді түрлендіру мен жаңа түрлерін ойлап табуға болады және оқушыларға да осыны беру олардың сыни ойлауын дамытуға жағдай жасайды. Графикалық органайзерлердің түрлерін пайдалану барысында оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру абзал.

Төменде көрсетілген тарих сабақтарында оқиғалар мен тұлғаларға қатысты жиі, әрі тиімді пайдаланатын органайзерлердің үлгілері:

Sequence Graphic Organizer-Бірізділік диаграммасы

Бірізділіктің графикалық орғанайзері-бұл процестің қадамдарының ретін немесе оқиғалар кестесін және т.б. бейнелеуге көмектесетін құрал.

1-қадам: процестің немесе оқиғаның кезеңдерін анықтау.

2-қадам: реттілік диаграммасын қолдана отырып, осы қадамдарды ретпен орналастыру.

Бұл орғанайзер оқушыға күрделі процесті немесе оқиғаны түсіну және есте сақтау мен оны басқаларға түсіндіруге көмектеседі.

Өмірбаян -графикалық орғанайзері

Тарихи тұлғаны, кейіпкерді тереңірек түсінуге көмектесетін құрал. Ол адам өміріндегі әртүрлі маңызды факторларға назар аударады.

1-қадам: оқып жатқан тұлға/кейіпкер туралы мүмкіндігінше көп ақпарат жинайды.

2-қадам: жиналған ақпаратты талдай отырып, маңызды фактілерді бөліп көрсетеді.

3-қадам: ақпаратты көрнекі түрде көрсетеді және оған сүйеніп мазмұндайды. Оны түсінікті ету үшін суреттерді қосуға болады.


1-сурет. Өмірбаян-графикалық орғанайзері

Тәжірибе көрсеткендей тарих сабақтарында қолданылатын ең тиімді графикалық орғанайзерлер түрлерін ұсынамыз. Мысалы 7 сыныпта Қазақ хандарының ішкі және сыртқы саясатын өткен кезде «қабырғадағы бейне» орғанайзері өте тиімді. Оқушылар орғанайзер ретінде ханның суретін салып, ішіне хан туралы алған ақпаратты жазады. Ал сыртына өздерін қызықтыратын сұрақтар құрайды(3-сурет). Мұндай орғанайзер оқушылардың шығармашылық (креативті ойлау) қабілетін дамыту, сұрақтар құрастыру арқылы сыни ойлау, талдау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Бұл тапсырманы сынып оқушыларын бірнеше топтарға бөліп беруге болады. Кейін топтар «Көшпенділер» интербелсенді әдісі бойынша бір-біріне барып, топтардың жасаған жұмысымен танысады, бір-біріне құрған сұрақтар қойып, жауап алады.



2-сурет. Оқушылардың жұмысы

6 сынып Қазақстан тарихы пәнінен алғашқы адамдардың өмірі мен ежелгі замандағы дәуірлерді өту барысында «Бес саусақ» орғанайзерін қолдану оқушылардың логикалық байланысы бар сөйлемдер мен жүйелі ой-тұжырымды құруға септігін тигізгенін көрсетті. Бұл орғанайзер бойынша оқушыларға көмек ретінде белгілі-бір ойды жеткізу үшін «әр саусақтың тұсында» диалогқа қажетті тіркестер(бастапқыда, одан кейін, содан соң, келесіде, ең соңында) беріледі(4-сурет).



3-сурет. «Бес саусақ» графикалық орғайзердің үлгісі

Ал жоғары сынып оқушылары үшін жоғары деңгейдегі дағдыларды қамтитын SWOT графикалық орғайзері тиімді болып табылады. Мысалы, 11 сынып Қазіргі әлемдегі Қазақстан пәні бойынша «Жаһандану процесі» тақырыбында оның Қазақстанға әсерін бағалап, шешу жолдарын ұсынады. Сынып оқушылары 4 топқа бөлініп, әр топ тапсырма бойынша орғайзердің берілген бөлігіне 3-тен кем емес аргументтер келтіріп, кейін біртұтас SWOT кестесін құрайды. Сабақтарда оқушылар орғайзерге сүйене отырып, екінші кестеде әр топ шешу жолдарын ұсынды(5-сурет). Барлық жұмыс топтық, сыныптық талқылауда өткендіктен, оқушылардың сөйлеу дағдылары іске асқандығы анық байқалды.

S (күшті жақтары)	W(әлсіз жақтары)
O(мүмкіндіктер)	T(қауіптер)

SO Мүмкіндіктер арқылы күшті жақтарды одан әрі дамыту	ST Күшті жақтар арқылы қауіптерді жою
WO Мүмкіндіктер арқылы әлсіз жақтарды дұрыстау	WT Қауіптерді болырмау үшін әлсіз жақтарды жою

4-сурет. SWOT графикалық орғайзерінің үлгісіCLIL технологиясына сәйкес айтылған жұмыстарда алгоритм бойынша жасалған іс-әрекеттер нәтижесінде барлық тілдік дағдылар іске асырылды. Мәселен, оқушылар графикалық орғайзерлермен жұмыс жасаған кезде, бастапқыда, мәтінмен танысып шықты-Marking the Text әдісі (оқылым), алған ақпаратты орғайзердің сәйкес бөлімін -қазақ тілінің грамматика ережелерін ескере отырып,көмекші сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып толтырды (жазылым), өз жұмысын басқаларға таныстырды(айтылым) дағдысын дамытты. Тыңдалым мен айтылым дағдыларын одан әрі бұл орғайзерді қолданып,қосымша сұрақтар арқылы дамытуға,бағалауға болады.

Қазіргі XXI ғасыр техника мен технология дамыған заманда ақпарат көлемінің артуымен байланысты оқушыларға мәліметті қысқартуға, жүйелеуге және жіктеуге тура келеді. Осы орайда технологияның дамуы мұғалім үшін де септігін тигізіп жатқанын айтпай кетуге болмайды. Қазіргі таңда ғаламтор желісінде дайын графикалық орғайзерлердің түрлерін көптеген сайттардан жүктеп ,баспадан шығаруға болады[5]. Соның бір мысалы-Graphic Organaiser Maker сайты. Сонымен қатар оларды Microsoft Word-тағы SmartArt , Paint редакторында,Padlet тақтасында жасауға болады.

CLIL дің пәнді мен тілді кіріктіре оқытуды оқушыға колдау және көмек теріндегі визуалды орғайзерлер тиімді тәсіл ретінде танылды.Бұл тәсіл оқушылардың академиялық сөздік қорын көбейтеді, тілді меңгеру деңгейін арттырады, пәнаралық оқыту проблемаларды шешу арқылы танымдық өндеуді күшейтеді, оқытудың әртүрлі стильдеріне жауап беру арқылы оқуды жеңілдетеді,оқушылардың ынтасы мен белсенділігін, дербестігін арттырады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Шайхиева Г.Н. «Оқушылардың тілін (сөйлеу дағдысын) дамытуда инновациялық технологияларды пайдалану», <http://zkoipk.kz>
2. Рочестер ғылыми сайты, <http://www.rochester>
3. Ашимова Қ.Т. «Сөйлеу мәдениеті», <https://oqu-zaman.kz>
4. «Өрлеу» білім беру каналы, Котвицкая Е.И. «Использование графических орғайзеров в начальной школе», <https://www.youtube.com>



5. Е.Ю. Боронина, «Графические способы организации информации как средство визуализации мышления», <https://www.titul.ru/uploads/journal>

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ DAҒДЫЛАРЫН ҚАЛАЙ ЖАҚСARTУҒА БОЛАДЫ? МУХАМБЕДЬЯРОВА Миранкул Саниевна, ҚҰРМАНӘЛІ Гүлдана Қуантқанқызы

Физика-математикалық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебі
Көкшетау, Қазақстан
Mukhambedyarova_m@kt.nis.edu.kz, Kurmanali_g@kt.nis.edu.kz

Андатпа

Мақалада оқушылардың оқу дағдыларын жақсарту алатын әдіс – тәсілдердің тиімді түрлері анықталды. Мәтінмен жұмыс істеудің теориялық және практикалық жақтарын қарастыра отырып, функционалды оқу дағдыларын оқытудың жаңа әдістері туралы айтылады. Оқушылардың оқылым дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін әр түрлі мәтіндермен ұжымдық және жеке жұмыстардың тиімді әдістерін қарастырады. Бірқатар тапсырмалар мәтіндермен жұмыс жасауға бағытталған, онда ақпарат әртүрлі формада ұсынылады: кестелер, суреттер, карталар, сызбалар, кескіндер т.б. Ұсынылған мақалада оқушылардың танымдық құзіреттіліктерін дамытуға, танымдық ойлау қызметін белсенді етуге, өздігінен білім алу дағдыларын дамытуға қатысты теориялық білім ұсынылды.

Кілт сөздер: функционалды оқыту, оқу дағдылары, тиімді әдістер, мәтін

*Оқу-өмірдегі маңызды сабақ, оның көмегімен сіз өз
біліміңізді жаңарта аласыз. Оқи білу-академиялық үлгерім
үшін маңызды құрал.*

Бүгінгі таңда адамның ақпараттық мәдениетін мақсатты түрде қалыптастыру қажеттілігі туралы жиі айтылады. Бұл мәдениеттегі негізгі дағдылардың бірі – оқу және түсіну. Қазіргі өркениет дамыған кезде бай ақпараттық ортасына еніп, оны белсенді пайдаланғысы келетін адам оқи білуі керек. Оның үстіне, бұл тек әріптерді бір біріне қосып оқу емес, бұл оқуды көп қырлы, күрделі ұйымдастырылған процесс ретінде оқу.

1. Шолу. Болжау. Мәселе.

Бүгінгі таңда оқу, жазу және компьютерлік дағдылармен қатар, нәтижелі жұмыс істеуге және әр түрлі адамдармен еркін сөйлесуге мүмкіндік беретін негізгі дағдылардың бірі болып табылады. Бүкіл әлемде оқу интеллектуалды дамудың технологиясы, мәдениетке жету тәсілі, қарым-қатынастағы байланыстырушы, өмірлік мәселелерді шешудің құралы ретінде қарастырылады. [1]

Оқу көпфункционалы. Бұл оқи отырып жағымды бос уақыт пен күшті эмоцияларды бастан кешіретін мәселені шешудің құралы. Кейбіреулер үшін оқу – «еңбек пен шығармашылық» (философ В.Ф. Асмус), ал басқалары үшін «интеллектуалды шым-шытырық оқиға» (философ және математик А.Н. Уайтхед). Оқусыз, интеллектуалды даму және өзін-өзі тәрбиелеу мүмкін емес, ол өмір бойы жалғасады. Оқу – ата-бабаларымызбен бүгінгі ұрпақты жалғастырушы немесе біріктіруші. Бұл мейірімділікті, әділеттілікті, төзімділікті дамытуға көмектеседі. Сонымен, кітап оқу – адамдардың қоғамдық санасын қалыптастырудың бір тәсілі және қоғамның зияткерлік жағдайының көрсеткіші. [2]

Оқу - мәтіндік форма арқылы жазбаша қатынас құралы. Бұл өмірдің көптеген аспектілері, соның ішінде ғылым мен техника туралы ақпарат алудың ең тиімді әдісі. Оқу арқылы адамдар белгілі бір ақпаратты игере алады. Оқу өте маңызды рөл атқарады және кез-келген қажетті ақпаратты алғысы келетін әр адамның күнделікті қажеттілігіне айналады. Оқу – қабылдау, есте сақтау, ойлау, зейін, қиял және ерік процестерін қамтитын мидың күрделі көп қырлы қызметі. Орыс психологтары оқу мәселелерін зерттеуде айтарлықтай үлес қосты. Өткен ғасырдың 60-жылдары Л.С. Выготский психологияның күрделі мәселелерінің бірі – тілдің, сөйлеу мен ойлаудың, ой мен сөздің арақатынасын қарастырды. Ол мәтіннің мазмұны әрдайым көптеген еркіндік дәрежесіне ие деген тұжырымға келді: әр адам бір мәтінді жеке ерекшеліктері мен тәжірибесіне байланысты әртүрлі жолмен түсінеді. Психологиялық оқу теориялары мәтінді түсінудегі оқырманның белсенді рөлін атап көрсетеді. Адам оқыған кезде не болатынын түсіну көптеген зерттеушілер оқу психологиясының шыңы деп санайды, өйткені бұл адам миының кейбір ішкі механизмдерін ашуды білдіреді. Қазір жаңа деп танылған әдістемелердің көпшілігі Ахмет Байтұрсынов еңбектерінен бастау алады.



Оқу процесі үш кезеңнен тұрады. Біріншісі – мәтінді қабылдау, оның мазмұны мен мағынасын ашу, жеке сөздерден, сөз тіркестерінен, сөйлемдерден жалпы мазмұн пайда болған кезде өзіндік ой тұжырымдау. Бұл жағдайда оқу мыналарды қамтиды: көру, сөздердің мағынасын анықтау, сәйкестікті табу, фактілерді тану, сюжетті талдау және қайталау.

Екіншісі – мағынаны алу, қолда бар білімді тарту арқылы табылған фактілерді түсіндіру, мәтінді түсіндіру. Мұнда тапсырыс беру және жіктеу, түсіндіру және жинақтау, ажырату, салыстыру және салғастыру, топтау, талдау және жалпылау, өз тәжірибеңізбен байланыстыру, контекст пен тұжырымдар туралы ойлау бар.

Үшіншісі – өзінің жаңа мағынасын құру, яғни алынған жаңа білімді рефлексия нәтижесінде "иемдену". Оқу гипотезалар мен болжамдарды ұсынуды, пайымдауларды тұжырымдауды, модельдеу мен жалпылауды, өмірде, оқуда және кәсіби қызметте практикада қолдануды қамтиды. Оқығанға жауап ретінде оқырманның өз сезімдері, ойлары, бейнелері бар. Бұл көптеген мәселелер бойынша әртүрлі көзқарастардың қатар өмір сүруінің бір түсіндірмесі.

Оқылған мәтінді меңгерудің тәсілдері

Оқу – адам өміріне үлкен өзгеріс әкелетін керемет әдет. Ол бізді қызықтырады, көңіл көтереді және айтылған білім мен тәжірибемен байыта алады. [3]

Тізбектей оқу техникасы

Мәтінді сканерлеу - бұл бүкіл мәтінді оқу арқылы белгілі бір көзқарастарға қол жеткізу үшін қолданылатын оқу стратегиясы. Кітаптың маңызды тұстарын көрсету үшін оқырмандар оның қысқаша мазмұнын немесе алғы сөзін немесе осы кітаптың бастапқы және соңғы тарауларын тез көре алады.

Бұл тәсіл телефон анықтамасынан адамдардың есімін іздегенде қолданады.

Жүгіртіп оқу тәсілі

Бұл оқу әдісі бүкіл мәтіннің мәнін түсіну үшін қолданылады. Әдетте біз бұл әдісті газет немесе журнал оқу кезінде қолданамыз. Бұл техниканың көмегімен егжей-тегжей оқып жатпай, біз негізгі ғана ойларды түсініп тез оқып шығамыз. Бұл жалпы мәтін не туралы екенін тез түсінуге, мәтінді қайтадан оқығанда кейбір күрделі тұстарын түсінуге пайдалы тәсіл.

Белсенді оқу тәсілі

Белсенді оқу мәтінді терең түсінуге бағытталған. Осы техникаға сәйкес оқырман мәтінді оқу кезінде мәтінмен белсенді өзара әрекеттеседі.

Толық (егжей-тегжейлі) оқу

Бұл әдіс бүкіл мәтіннен ақпаратты нақты алу үшін қолданылады. Осы техниканың көмегімен мәтіннің мағынасын түсіну үшін әр сөздің мағынасын түсініп оқимыз. Осы мұқият оқылымда алдымен жалпы түсінік алу үшін мәтінді қарап, содан кейін толық оқуға оралуға болады. Әр таныс емес сөздің мағынасын табу үшін сөздікті қолдана аламыз.

Жылдам оқу

Жылдам оқу-бұл әр түрлі оқу әдістерінің жиынтығы. Жылдам оқудың мақсаты-мәтінді түсінуге зиян келтірместен оқу жылдамдығын арттыру.

2. Әдіс - тәсілдер.

Дәстүрлі оқулық ең жиі қолданылатын - мұғалім мен оқушының қолындағы әдістемелік құрал ретінде белгілі. Оның көмегімен ресми түрде белгіленген оқу бағдарламасы қарастырылады.

Көптеген жағдайларда химия оқулықтарының құрылымы күрделі, себебі пәнді оқу кезінде оқушыға белгісіз техникалық құралдар, терминдер, жаңа идеялар мен күрделенген ақпараттар жетерлік. Пәнді оқыту кезінде оқушы үшін түсінуге және түсінген білімді қалыптастыруда қиындықтар көптеп кездеседі.

Әрине, химияны тиімді зерттеу арқылы оқылым дағдысын жақсы меңгеру қажет. Оқушылар тақырыпты оқу кезінде ғылыми тілде жазылған, шұбалаңқы терминдер мен анықтамалар, мағынасы қиын жазбаша мәтіндермен жиі соқтығысады, одан әрі оны түсініп алуға және зерттеуге деген оқушы бойынша құлшыныс азаяды. Өкінішке орай, қазіргі таңда түсінікті етіп берілген ғылыми оқулықтар мен мұғалімдер үшін нақты пәндерді оқытуға арналған назар аударатындай әдістемелік құралдардың тапшылығы - ғылымның зерттелуіне кедергі келтіреді. Нәтижесінде, оқушыларға оқу үшін қажетті дағдылар мен стратегиялар жетіспейді, сондықтан оқушыларда оқуды түсінуде қиындықтар кездеседі. Осы мәселелердің кейбірін шешуге көмектесу үшін және жас мамандарға көмек болу мақсатында химия пәнін оқу бойынша қажетті дағдыны ұсынамын.

Оқуды түсіну оқу мәтінінің құрылысына байланысты барлық процестерді қамтиды, яғни жазбаша тілдің мағынасы (оқулықтар, оқушыларға арналған нұсқаулық және жазбаша тілдің басқа түрлері). Оқу мәтіндерін құру кезінде автор мәтін мағынасына өз тәжірибесімен қоса қосымша мәліметтерді қоса отырып, мәтінді оқылымға әзірлейді. Тиісінше бұндай мәтінді түсіну үшін іштей автормен байланыс немесе ішкі түйсік арқылы байланысты да қарастыра отырып, түсіну



карастырылады. Бұл нейросенсорлық қарым – қатынастың бірі. Сонымен жазбаша мәтін мазмұны дәстүрлі кітаптардан бастап, ғаламтор желісі немесе компьютер мониторы арқылы оқып қолданатын мәтіндерді айтуға болады.

Жалпы, оқуды түсіну – бұл мағынаны құру процесі. Оқу кезінде химиялық стратегиялық мәтіндерді түсінуді дамыту жаратылыстану пәндерін оқитын оқушылар үшін өте маңызды, себебі ғылыми терминдерді түсінудің өзі оқуды жақсартудың дағдылары десек болады. Бұл сөзімізге дәлел ретінде, американдық ғалымдардың пікірін келтіруге болады. Олар өз еңбектерінде «Оқушыларды жаратылыстану пәндерін оқуда тиімді қарым-қатынасқа үйретудің маңыздылығын ғылыми материалдар жинақтап, жазумен айналысқан жаратылыстану ғылымдарының оқытушылары бұрыннан біледі...» (Муллин, 1989; Becker, 1995; Kalman, 1996). Алайда, жоғары сыныптарға арналған химия бойынша оқу жоспарында орта мектеп дәстүрлі түрде ғылыми-зерттеу мен пәннің математикалық аспектілерін қарастырады. Дегенмен, оқылым арқылы түсінуді қалыптастыру, ғылыми білімді қалыптастыруды қажет ететін мәндік мәтіндердің тақырып мазмұнына сәйкес дайындау қажеттігін ескертеді.

Оқылым дағдылары өмірдің барлық салаларына енетін әртүрлі дағдыларды қамтиды. Оқушының күшті оқу қабілеті өзі үшін оқығанның бәрін түсінуге және мағынасын табуға мүмкіндік береді және осы оқылым дағдыларды үнемі жетілдіріп отыратын болса, жазу арқылы оқылыммен тиімді байланысын қалыптастыру қабілетін де дамытады.

Сонымен, оқылым дағдысын жақсартудың маңызды қадамдарына тоқталып өтсек, оқылым дағдысы - бұл адамның жазбаша сөйлеуі мен мәтіндерді оқу, түсіну, түсіндіру және декодтау қасиеттеріне негізделген қабілеттер.

Ақпараттық технологиялардың даму дәуірінде мұғалім оқушының күнделікті өмірі мен өмірлік мәселелерін шешуге байланысты ақпаратты іздеу, түсіну, түрлендіру және пайдалануға байланысты білім беру тапсырмаларын құрастыруы қажет. Осы мақсатта оқу тапсырмаларын құрастыруда өмірден алынған мысалдарды, сонымен қатар оқу тапсырмалары материалдары ретінде - хабарландырулар, жарнамалар, нұсқаулар, мәзірлер, кіру билеттері және т.б. ұсынуға болады. Осы материалдардың негізінде функционалды оқу сауаттылығын тексеруге арналған тесттер мен тапсырмаларды ғана емес, сонымен қатар викториналар, рөлдік ойындар жасауға болады. [4] Соның ішінде өмірмен байланыстыра оқытуға арналған оқудың үрдістерін келтірсек,

- 1) Мемлекеттік органдардағы, жастар орталықтарындағы, жұмыспен қамту орталықтарындағы және т.б. жұмыс туралы ақпарат іздеу «Жұмыс және жұмыссыздық», «Мамандық таңдау»;
- 2) Электрондық сауалнамаларды, сауалнамаларды, тіркеу сауалнамаларын толтыру;
- 3) Барлық көлік түрлеріне билеттер іздеңіз. Тасымалдау кестесі (Бөлім тақырыбы: «Саяхат және көрікті жерлер»); т.б

Нақтырақ айтқанда, еркін сөйлеу, таныс емес лексиканы шеше білу және мәтіннің негізгі ерекшеліктерін анықтау үшін мәнмәтіндік оқылымды пайдалану - оқылымды тиімді түсінудің құрамдас бөлігі бола алады.

1. Оқуды талдау

Оқуды түсіну кезінде ұсынылған тақырыптық мәтінді тек мәтін түрінде емес түрлі графикамен, мәтіндік редакторлық суреттермен, қызығушылығын тудыратын жетелеуші сұрақтармен, сонымен қатар практикалық зерттеулермен берілуі маңызды. Нәтижесінде мәтін оқуы кезінде оқушы оны талдауы керек. Талдаудың оқылымды арттыруда маңызы алдыңғы орында.

2. Тапсырманың нақты мақсаттарын көрсету

Оқушыларға оқылымды түсінуді жақсарту үшін олардың механикалық есте сақтауын көрсететін тест тапсырмаларын көрнекі құрастыру маңыздырақ. Механикалық есте сақтау тесті кері ойлаумен тікелей байланысты. Олай болса, оларға эссе сынақтарын беріп, есептер жазуға тапсырма ұсыну көзделесі. Бірақ мұғалім тарапынан оқушыға тапсырманы ұсыну кезінде **тапсырманың нақты мақсаттары** егжей тегжейлі көрсетілуі тиіс.

3. Әр оқылым бойынша тақырыпты талдау

Әр оқу тапсырмасының алдында мұғалімнің оқушыларға мәтін не тарау бойынша не оқитынын, не білетінін хабарлауы маңызды. Оларға мұғалімнің бірнеше сұрақтар қоюы мен келесі сабақта жауаптарды талқылағысы келетінін айтады. Сондай-ақ, олар мұғалім сұрақтарын жазып, оларды топтық пікірталастарда қолдануы керек.

4. Оқудан бұрын ойлануға шақыру

Студенттер оқуды бастамас бұрын мұғалім ұсынған сұрақтарды оқып шығуы керек. Бұл оларға мәтінге қалай назар аудару керектігін түсінуге көмектеседі. Басқаша айтқанда, оқудан бұрын ойлау оларға әр сөйлемді түсінуге тырысудың орнына таңдаулы болуға көмектеседі. Сұрақтар оларға оқуды бастамас бұрын өз сұрақтарын тұжырымдауға көмектеседі.



5. Мақсат қоюды үйрету

Оқушыларға оқу алдында мақсат қоюға үйрету де жақсы идея. Бастапқыда мақсат мұғалім сұрақтарына жауап болуы мүмкін. Ал соңында, олар " мен неліктен металдардың химиялық белсенділік қатарында алтын басында емес екенін түсінгім келеді . Оқу алдында оқушылар түсініп, жақсы оқуға мақсат қояды, зерттей отырып оқу, түсіну және түсінуге үйрену қалыптасады. Оқушылар мәтіннің оқу мақсаттарымен тығыз байланысты бөліктеріне көбірек назар аударуы мүмкін.

6. Оқу кезінде ойлануға шақыру

Мұғалім оқушыларға оқылым кезінде беретін кеңесі – оқуды тоқтату кезінде не оқығаны туралы өз ойларын еске қайта түсіру олардың оқылым дағдысын қалыптаструға көмектеседі. Оқушыларды аз кідіріс жасатып, ойлануға үйрету оларды жаңа оқыған нәрселерін қайта оқуға немесе әлі оқымаған материалда сұрақтарына жауап іздеуге әкелуі мүмкін.

7. Жазбалар жасауды тапсыру

Оқушылар үнемі маңызды материалдарды астын сызу, шеңберлер және қажетті жазбалары бар жерлерді бөліп қарастыру маңызды. Олар оқулықтарда емес, дәптерлерде де жазбалар жасай алады. Оқушыларға маңызды нәрсені оқығаннан кейін оқуды тоқтатып, сол фактіні, көзқарасты немесе дәлелді жазып алу керек. Тапсырманы оқымас бұрын олар мұғалім сұрақтарына жауап жазуы керек.

8. Оларға алдын-ала жоспарлауды ұсыну

Мұғалім оқушыларды қандай да бір тақырыпты талдау не презентациялау кезінде оқуды тоқтату арқылы алғашқы білімін сыныппен бірге талдау жасау керек не болмаса сызбалар арқылы жазуы керек. Осылайша оқушының оқылым дағдысына машықтанғанын байқауға болады.

Оқылым бойынша сабақтарда қолданылатын әдістердің қаншалықты оқушы үшін берері бар, ол қаншалықты пайдалы не маңызды? Қандай әдістердің мектеп практикасында оқушымен жасалатын жұмыстар барысында көбірек нәтижелі деген сұрақтар төңірегінде жауаптардың табылуы – нәтижелі әрі жемісті еңбек деп білуге болады. Жалпы оқылым жайында шетелдік ғалымдардың да өзіндік пікірлерін қарастырсақ, Стрикленд, Галда және Куллинг (2007) Оқу дегеніміз - белсенді оқырман мағынаны қалыптастыру үшін мәтінмен өзара әрекеттесетін динамикалық процесс. Бұл мағынаны құру оқырманнан көп жұмысты қажет етеді. Оқу-бұл визуалды процесс. Көру-бұл объектіні немесе символды көрудің және оны идеяға немесе кескінге айналдырудың символдық процесі. Суреттер тұжырымдамаларға және ойдың барлық өлшемдеріне айналады (Беннетте, 2001). Браун (2004) Оқу - бұл мағынаны сәйкестендіру процесі дейді. Оқырман оны түсіну үшін мәтінге схемалар жиынтығын енгізеді және ол осы өзара әрекеттесудің нәтижесін алады. Ричардс пен Шмидт (2002) тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу әдетте тілдік дағдылар деп аталады. Мәтінді оқудың артықшылықтары өте жоғары, яғни тілдік қарым қатынасты дамыта отырып, мидың ойлау қабілеті мен жаттығуын қамтиды. Кітаптар, журналдар, газеттегі т.б. оқу материалдары ең арзан білім алу көздері және өмірді жақсарту құралы болып есептеледі. [5]

Оқушылар үшін оқылымның артықшылықтары:

Қанағаттандырады. Оқу адамдарды қызықтырады, басқа әлемге алып кеткендей болады, рахат сезімге бөлейді. Тіпті ата-аналар балаларының кітап оқығанын көргенде рахаттанды.

Ойынды жинақтайды. Оқығанда мәтіндегі оқиғаларға назар аударып, ойды жинақтайды. Бұл ақыл-ой жаттығуларын қажет етеді. Мәтінді немесе бүкіл оқиғаны түсіну үшін оқырман нақты мәселеге назар аударуы керек. Осылайша, оқу біздің зейінімізді жақсартады.

Білім береді. Оқу оқырмандардың білімін кеңейтеді. Оқу дағдыларын дамыта отырып, оқырмандар өздерінің білім алу мүмкіндігін жан жақты кеңейтеді, бұл оларға әр түрлі пікірталастарға қатысуға, кез келген жағдайда шешім қабылдай білуге мүмкіндік береді.

Миды жаттықтырады. Оқу миға арналған жаттығу болып саналады. Оқу кезінде миымыздың жасушалары мәтіннің мағынасын түсіну үшін жұмыс істей бастайды және оқылған нәрсенің әртүрлі аспектілерін байланыстыруға тырысады. Осылайша, оқу миды ынталандырады және оны мағынаны түсінудің барлық мүмкін аспектілері туралы ойлауға итермелейді.

Күйзелісті азайтады. Оқу-бұл адамдардың өмірін түбегейлі өзгерте алады. Ол көңіліңді көтеріп, біліммен байытады. Бұл күйзелісті азайтуға, шиеленісті жеңілдетуге және осылайша күш-жігерімізді арттыруға көмектеседі. Ол бізді нақты күрделі әлемнен алыс арман мен қиялдан тұратын ғажап әлемге алып кетеді.

Аналитикалық ойлауды жақсартады. Оқу сіздің біліміңізді байытып қана қоймайды, сонымен қатар өмірді кездесетін кез келген нәрсені жақсы талдап, бағалауға көмектеседі. Осылайша, оқу аналитикалық ойлауды жақсартады.

Сөздік қорды көбейтеді. Жаңа және таныс емес сөздер және сөз тіркестерімен үнемі таныстыра отырып, оқырмандардың сөздік қорын байытады. Бұл сөздік қорын байытып қана қоймайды, өз ойын нақты білдіруге үйретеді.



Жазылым дағдысын жақсартады. Оқу сөздік қорын біртіндеп жақсартуға көмектеседі, бұл өз кезегінде оқырманның жазбаша дағдыларын жақсартады. Бұл ойлау қабілетін арттыратындықтан, жазбаша дағдыны да жақсартады. Оқуға әдеттену өміріңізді күрт өзгертеді. Егер сіздің оқу дағдыңыз жақсы болмаса, кейбір мәселелер туындауы мүмкін.

3. Нәтижелер мен шешімдер.

Бұл аталған қадамдар бір сөзбен айтқанда тәжірибе деуге де болады. Десе де шешім мен оң нәтижеге жету үшін жүргізген сабақтардың зерттеулері ең алдымен ортақ тақырыптарға негізделді, Себебі, оқушылар үшін дайындалған оқылым бойынша материалдарды әзірлеу маңызды орында тұрды. Олай болса,

- Ортақ тақырыптарды шынайы өмірмен байланыстыра оқыту;
- Функционалды оқу дағдыларын дамыту үшін қолдануға болатын материалдардың мысалдарын келтіру

Ортақ тақырыптар	Өмірде кездесетін мәселелер	Тапсырмаларды әзірлеуге арналған материал / ақпарат көзі
1.Қоршаған орта және тұрақты даму	тұрмыстық қалдықтар проблемасы	https://www.azattyq.org/a/kazakhstan-recycle-problems/29743138.html https://egemen.kz/article/183702-qaldyqtardy-dgoyu-auqymdy-dgumys http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400000634
	тағамның құнын есептеу	өнімнің баға белгілері
	тамақ дайындау технологиясы; киімнің экологиясы: этикеткалардағы анықтамаларды оқу; тұрмыстық химиядағы белгілерді оқу; қаланы аралау	аспаздық рецептер; тауарларға жапсырмалар; тауарларға арналған нұсқаулық, жарнама, тауарлардағы жапсырмалар, қала картасы, туристік компаниялардың веб-сайттары, YouTube-тегі бейнематериалдар

Әрине, оқушылар оқу кезінде сұрақтар қою және жауап беру, жазбалар жасау, мақсат қою, оқылған түйіндеме жазу және тағы басқаларды қолдана отырып, оқуды түсіну дағдыларын жетілдіре алады. Оқуды түсіну дағдыларын жетілдіру өте қиын жұмыс екендігі туралы оқушылармен мұғалім шынайы болуы керек.

Біздің зерттеуімізде пәнді оқыту әрбір топтық жұмыс жүргізілуі барысында, мүмкіндігінше топ мүшелерінің бірі өздеріне ұсынылған мәтінге сәйкес зерттеуді жасай отырып, лабораториялық жұмыс бойынша мәтінді ашу мақсатында оны суреттеп салады, ал енді бірі оқылым негізінде оны концептуалдық кесте, диаграмма, сызба не кестелер түрінде түрліше формаға келтіреді. Осылайша, мәтіндік талдау кезінде оңай пікірлер алмасып, сұрақтар мен оған жауаптарын да таба білуге жол ашады. Сабағымда қолданған осы әдістер негізінде «Металдардың белсенділік қатары», «Иондардың түзілуі», «Химиялық байланыс түрлері» секілді тақырыптарды айтуға болады. Оқушылар оқылымды визуалды елестету арқылы әрекет етсе, енді бірі оны постер ретінде суреттеді, қалғандары өз пікірлерін ортаға салып, карта, сызба, кестелер құруға атсалысты. Әрине, оқылым дағдысының қалыптасуына қажетті ұсынылған қадамдар не кеңестер басқа оқушылар мен жас мамандар үшін де көмегін берері сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Нұрақаева Л.Т., Шегенова З.К. Пән мен тілді кіріктіріп оқыту әдісін (CLIL) қолдану туралы мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулық. Астана, 2013. - 52 б.;
2. «ОТКРЫТЫЕ ЗАДАНИЯ PISA -2015» материалдары
3. ТРИЗ Педагогика Международная Лаборатория «Образование для Новой Эры» Москва, 2015

Электронды дереккөздер тізімі

1. «Веб сервисы для учителя» <https://sites.google.com/site/tkvgelearning/>
2. «Курс «Развитие навыков функционального чтения» <https://sites.google.com/site/kursusfunctreading/>
3. <https://www.waterford.org/resources/tips-to-help-students-build-better-reading-skills/>



ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ: ТАЛАНТТЫ ЖӘНЕ ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ МОДУЛІН МЕҢГЕРТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

НАБУОВА Роза Абдрахмановна

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Алматы, Қазақстан

nabuova@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада оқушылардың таланты мен дарынын анықтаудан гөрі талантты және дарынды балалармен жұмыс жүргізуде оқытудың әртүрлі стилінің талаптарына сәйкестігін анықтау мәселесі туралы жазылған.

Талантты, дарынды, дарындылық ұғымдарына ғалымдардың берген ой-тұжырымдары сипатталады. Студенттерді талантты және дарынды оқушылардың қажеттілігін инклюзивтік ортада қанағаттандыру мақсатында құзырлылық, кеңейтілген тапсырмаларды дайындау әдістемесін меңгерту жолдары қарастырылады. Сонымен қатар мақалада проблемалық, құзырлылық, кеңейтілген, дидактикалық, танымдық, логикалық сынды тапсырмаларды құрастыруға қойылатын талаптарды басты назарда ұстай отырып, меңгерту және күрделенген тапсырма түрлерін кең ауқымда қолдану мүмкіндігі жөнінде айтылған.

Кілтті сөздер: дарынды, талантты, инклюзивті, визуал, аудиал, кинестиктер.

Қай мемлекеттің де негізгі тірегі - білімді де білікті, іскер де белсенді адамдар. Сондықтан қоғам талабына сай ол қоғамды көркейтетін, дамытатын жастар тәрбиелеу ең маңызды мәселе екені даусыз. Жас өркеннің бойындағы табиғат берер ерекше қабілетті, дарындылықты тани білу, оның ары қарай дамуына бағыт-бағдар бере білу ерекше күрделі іс [1, 67 б.].

Дарынды оқушымен жұмыс істейтін әрбір мұғалім, тәрбие жетекшісінің көкейінде мынадай сұрақтар тұрады сөзсіз. «Дарындылық, данышпандық, қабілеттілік дегеніміз не? Дарындылықтың пайда болу негізінде қандай себеп жатыр: қоршаған орта ма, тұқым қуалаушылық па, әлде тәрбие ме?», «Дарындылықты анықтайтын психодиагностикалық әдістемелердің қайсысы нәтижелірек?». Бұл сұрақтардың жауабын міндетті түрде ғалымдар зерттеулерінен іздеу қажет.

«Талантты және дарынды балаларды оқыту» модулі жеті модульдің ішінде маңызды болып табылады. Себебі болашақ бастауыш сынып мұғалімі өз оқушыларының бойынан таланты мен дарынын анықтаудан гөрі талантты және дарынды балалармен жұмыс жүргізуде оқытудың әртүрлі стилінің талаптарына сәйкестігін анықтау маңыздырақ.

Осыдан келіп шығатыны – сабаққа дайындалу барысында болашақ мұғалім оқушының алдында тұрған мәселелер мен жағдаяттарды анықтап алу керек, сосын, оқушыға мәселелерді өзі шешуге ықпал жасалуы аса маңызды болып есептеледі.

Талантты және дарынды оқушыларға сабақ беруді дамытудың инклюзивті тәсілі негізінде осындай балаларды анықтау туралы зерттеулер және ой-пікірлер жатыр. Аталған тақырып оқушылардың қажеттіліктерін түсінуге қатысты ой-пікірлерді, барлық оқушыларды кеңінен оқытуға ықпал ететін оқу бағдарламаларын кеңейту және барлық оқушылардың осындай қажеттіліктерін қанағаттандыратын оқу мен оқытудың сараланған стратегияларын таңдау жөніндегі идеяларды қамтиды [2, 16 б.].

Орыс ғалымы Ожеговтың сөздігінде: «Әр түрлі іс-әрекеттер аймағына қажет білім, ептілік дағдылар бірлігін жеңіл әрі нәтижелі игеруді қамтамасыз етуші жалпы қабілеттер ерекшелігін дарындылық» деп атайды. Ожеговтың сөздігінде дарындылық - «табиғаттан берілетін ерекше қабілет» деп түсіндіріледі. Педагогикалық энциклопедияда: «Дарындылық дегеніміз – адамдардың қабілеттерін жете жақсы дамуының жоғары сатысы»-деп атап көрсетіледі. Осы қабілеттілік арқылы адамдар көптеген жақсы жетістіктерге жете алады. Дарындылық – сапалы қабілеттердің өзіндік бірлесуі: оның арқасында іс-әрекет жақсарады [3, 89 б.].

Бұл жөнінде атақты Ресей ғалымы А.И.Савенковтың «Дарындылық – бұл жеке тұлғаның қандай да бір әлеуеті және мүмкіндіктері. Олар белгілі қажетті жағдайлар жасалмаса, іске аспауы да мүмкін» - деген. «Дарындылық тұжырымдамасының анықтамасында «Дарынды бала – бұл белгілі бір салада жетістіктері айқын көрінетін немесе сондай жетістіктер әлеуеті мол бала» (Лейтис Н.С) - деп айтылған [4, 117 б.].

«Қабілеттілік деп – белгілі бір іс-әрекетте ең тәуір нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін адамның жеке-дара психологиялық ерекшеліктері айтылады». Қабілеттілік жалпы ақыл қабілетті және арнайы қабілет болып бөлінеді. Жалпы қабілет негізінен ойлауға қатысты болып келіп, оның



аңғарғыштық, ойланғыштық, дербестік, сыншылдық, икемділік т.б. қасиеттерінен көрініп отырады. Жалпы қабілет адамның өзін ой-әрекеттерінің түрлі салаларынан көрсете білуге мүмкіндік жасайды.

Талантты және дарынды балалармен жұмыс жүргізуде оқытудың әр түрлі стилі талаптарына сәйкестігін айқындауды қажет етеді. Оқытудың әр түрлі стилдері туралы айтарлықтай жеткілікті жазылған. Бірнеше үлгілер бар, мысалы, Колба жұмысында және оның ұжымдары оқушыларды төрт топқа жіктеуді ұсынады: *белсенділер, рефлектор теорияшыл және прагматик. Белсенділер* тәжірибелік жұмысты жақсы көреді және танымдық ақпарат ретінде көзбен шолып байқау дереккөз материалын қолданады. *Рефлекторларға* кейін өздерінің бақылау нәтижелерін ойланып, басқаларды бақылау арқылы оқу ұнайды. *Теорияшыл* өздерінің теориялық білімдерін тереңдете отырып және оларға ұқсас нәрселерді қатыстыра отырып, «сарапшыларды» тыңдауды жақсы көреді. *Прагматиктер* көрсету және материалдар үлгісінде оқуды артық көреді [1, 1 б.].

Басқа үлгі, айтарлықтай кеңінен таралған және және қарапайым – бұл «ВАК». Ол оқытудың үш стилін белгілейді: визуалды, аудиалды және кинестикалық. Визуал -оқушылар мағыналық карта, диаграммаларды, дискрептивті тілді, яғни блок-сызбаларды, түстерді пайдаланады. Аудиал - оқушылар есту арқылы қабылдайтын оқушылар басқаларға қарағанда көбінесе талқылауды, ауызша түсіндірмелерді есту арқылы қабылдауды, күлкілі оқиғалар мен әзіл-оспақты пайдалануды ұнатты. Кинестик - оқушылар үлгілер, объектілерді пайдаланып, сабақ уақытында қозғалыс-қимылдарды жасай отырып, топ қатысушылары ретінде үнемі практикалық сабақтарды жақсы көреді.

Мұғалімнің шеберлігі оқушылардың әр типін танып, анықтай отырып, оқушылардың бабын қалай таба білуінде.

Оқушылардың ерекшеліктеріне бейімделуіне қаншалықты қажет және оларға басқа да стратегияларды дамытуға қандай дәрежеде көмек көрсетуге болады деген сұрақ үнемі туындайды.

Иэн Варвик London Gifted & Talented Аға басқарушысы, London Challenge бөлімшесі болып табылады. Мэтт Дикенсон REAL Project жүргізе отырып (оқушылардың теңдігін және жетістігін түсіну) London Gifted & Talented теңдігі мен жетістігі жөніндегі директор болып табылады. Ең қабілетті оқушылар үшін ерекше тәсілдердің қажеттілігін растайтын жауап қатарын ұсыну үшін «күрделі тапсырмаларды» қолданудың артықшылығын зерттеді [7, 9 б.].

“Дарындылық - адамның өз бейімділігі арқылы, шығармашылықпен жұмыс істеу арқылы қалыптасатын қасиет”. Әр баланың бойында табиғат берер ерекше қабілеті, дарындылығы болады. «Бұлақ көрсең көзің аш» - дегендей, осындай баланың бойындағы

дарындылық қасиетін дамыту көбіне мұғалімдердің кәсіби біліктілігіне байланысты екендігі айдан анық.

Күрделі тапсырмалардың басты ерекшеліктері, яғни 12 негізгі аспектілеріне мүмкіндіктерді беру болып табылады: білімдер немесе дағдылардың ортақ түйінін дамыту; тақырыптың шынайы зерттелуіне мүмкіндік туғызу; «сәйкестендіру» құзырлығын дамыту; бастапқы және шекті нүктелер аралығында жұмыс істеу; шектелмеген элементпен зерттеу; бастапқы қабілеттіліктерге қарамастан әртүрлі кезде тапсырмаларға қол жеткізу; қолайлы қоршаған ортада айтарлықтай жоғары деңгейде ойлауды дамыту; сыни ойлау дағдыларын жетілдіру; өз жауаптарында айтарлықтай шығармашылық жолды таңдау; таңдау элементтері арқылы өз өзін жетілдіруді жүзеге асыру; айтарлықтай қызықты және ынталы болу; қандай нәтижеге жете алатындығын көрсету. Осыдан келіп шығатыны – сабаққа дайындалу барысында мұғалім оқушының алдында тұрған мәселелер мен жағдаяттарды анықтап алу керек, сосын, оқушыға мәселелерді өзі шешуге ықпал жасалуы аса маңызды болып есептеледі.

Мұғалімдерге талантты және дарынды оқушылар үшін зияткерлік тапсырмаларды енгізуге арналған тапсырмаларды өзгерту әдістемесін қалай дамытып, меңгертуге бағыттауға болады? Осы сұрақтар төңірегінде жауап іздей отырып, осыған дейінгі топтарда кездескен қиындық күрделендірілген тапсырмаларды құрастыру, яғни: проблемалық, құзырлылық, кеңейтілген, дидактикалық, танымдық, логикалық тапсырмаларды құрастыруға қойылатын талаптарды басты назарда ұстай отырып, меңгерту.

Мұғалімдерге оқушылардың осындай санатын анықтауға қалай көмектесуге болады?

Білім беру саласын жетілдіру зерттеулері жөніндегі АҚШ кеңсесі (1993) мектептерге дарынды және талантты оқушыларды анықтауға көмектесетін бес тапсырма ұсынған:

1) талантты оқушылардың әртүрлі қабілеттерінің өрісін белгілеу; 2) мәдени және басқа наным-сенімдеріне қарамастан барлық оқушыларға бірдей мүмкіндіктерді қамтамасыз ету. Бейімділігі: 3) оқушылардың тек көрсетіп жүрген ғана емес, сонымен бірге көрсетуі мүмкін әлеуетті жетістіктерін анықтау; 4) ерекше қабілетті оқушыларды анықтау үшін бағалаудың түрлі жүйелерін пайдалану. Таланты: 5) ынталандыруды оқушылардың жетістігі үшін түйінді маңызы бар әрекеттік және эмоционалдық тұрғыдан бағалау.



Мұғалімдерге сыныптағы барлық оқушылардың оқу қажеттіліктерін анықтауға көмек көрсету мақсатында Малс сауалнамасын алу және талдай алуға бағыттай отырып жүргізілді.

Эйр (2001) Выготский мен Катцтың еңбектерінен дәйексөздер келтіре отырып, теория мен зерттеулерді табиғатты зерттейтін «міндеттер» ретінде қарастырады. Міндет қоя отырып жұмыс істеу оқушыларды жайлылық аймағынан аздап шығатын деңгейде жұмыс істеуге міндеттейді. Ол, Выготский бойынша, тым күрделі жұмыс балаларға орындалмайтын, ынтасын жоятын жұмыс болып көрінетіндігін дәлелдейтін «Жақын арадағы даму аймағы» теориясы негізінде балалардың өзекті қабілеттерінің деңгейлерін бағалаудың тиімді екендігін баса айтады. Эйр ойлаудың, білікті дамыту және міндеттерді шешудің аса жоғары деңгейін ұсына отырып, дарынды балаларға арналған оқу жоспарына өзгеріс енгізу жөніндегі ұсынымдарда теорияның осы бөлігін пайдаланады [1, 70 б.].

Мұғалімдерге талантты және дарынды оқушылардың білім алуын арттыруда кеңейтілген тапсырмаларды қолданудағы 12 басты ерекшеліктерін меңгертуді бағыттай отырып таныстырылым дайындату арқылы талдау жүргізілді.

I Бетпе-бет кезеңнің 3 апта 3-ші күніндегі «Күрделенген тапсырмалармен таныстыру» ресурсында мұғалімдерді мектеп тәжірибесінде оқушылардың жеке қажеттіліктеріне сай кеңейтілген тапсырмалар құрастыру дағдысын қалыптастыру, сондай-ақ, Блум таксономиясын қолдануда ойлау ерекшеліктері бойынша мұғалімдерді сұрақтар жүйесі мен тапсырмаларды дайындай алу дағдысына машықтандыруды қажет етеді.

Бүгінгі күні көкейтесті болып отырған білімнің құзырлылық ұстанымын жүзеге асыру құралы ретінде педагогикалық технологиялар мен белсенді оқыту әдістерінің алар орны ерекше. Әрекетке негізделген технологиялық оқыту танымдық белсенділігі жоғары, өмірдің әртүрлі мәселелерінен хабардар, кез келген тапсырманы орындауға қабілетті, қолынан іс келетін (құзырлы) азаматтарды қалыптастырады.

Құзырлылықтың (латын тілінде «competens») тікелей аудармасы белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде *беделді түрде* шешім шығара алады дегенді білдіреді. Соңғы жылдары ғылыми-педагогикалық еңбектерде кәсіби құзырлылық дайындық сапасына қойылатын талап немесе кәсіби теориялық білімдері мен практикалық біліктілігі, тәжірибеден өткізілген кәсіби маңызды сапа ретінде қарастырылып жүр [4, 47 б.].

Мұғалімдерге талантты және дарынды оқушылардың қажеттілігін инклюзивтік ортада қанағаттандыру мақсатында құзырлылық, кеңейтілген тапсырмаларды дайындау әдістемесі меңгертілді.

Талантты және дарынды балаларды оқыту модулі идеяларының бірі - дарынды оқушыны дамытуға бағытталған күрделендірілген оқу тапсырмаларын дайындау болып табылады.

Сабақтың практикалық бөлімінде студенттер бастауыш сынып оқулықтарын басшылыққа ала отырып, екі топ Блум таксономиясы, екі топ құзырлылық тапсырмалар жүйесін әзірледі.

Мақсат студенттерді күнделікті сабақ барысында сұрақты біртіндеп күрделендіріп қоюға (Блум таксономиясы бойынша) және сыни ойлауы мен күрделендірілген тапсырмаларды практикада қолдана алу дағдыларын қалыптастыруға бағытталды.

Сурет 1.

Апрельдің 3-ші күні
«Шежірме мен ауылда»

Сұрақтар мен тапсырмалар	Сұрақтар мен тапсырмалар
Білу Менесандық автор кім?	Авторы: Иван Крылов Айырылған А. Бумалиев
Түсіну Менесандық автор кім? Менесандық автор кім? Менесандық автор кім?	Менесандық автор кім? Менесандық автор кім? Менесандық автор кім?
Қолдану Менесандық автор кім? Менесандық автор кім? Менесандық автор кім?	Менесандық автор кім? Менесандық автор кім? Менесандық автор кім?
Талдау Менесандық автор кім? Менесандық автор кім? Менесандық автор кім?	Менесандық автор кім? Менесандық автор кім? Менесандық автор кім?
Жинақтау Менесандық автор кім? Менесандық автор кім? Менесандық автор кім?	Менесандық автор кім? Менесандық автор кім? Менесандық автор кім?

Студенттердің Блум таксономиясына құрастырған тапсырма

Студенттердің бойында сыни ойлауы мен күрделендірілген тапсырмаларды практикада қолдана алу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған сұрақтар тізбесін құрып алу арқылы нақты мақсатын айқындап алынды.



- Студенттерге сыныптағы барлық оқушылардың оқу қажеттіліктерін анықтауда қандай көмек, бағыт-бағдар беруге болады?

- Студенттерге инклюзивтік қағидат негізінде талантты және дарынды оқушылар үшін қандай күрделендірілген тапсырмаларды ұсынуға болады?

- Студенттерге талантты және дарынды оқушылар үшін зияткерлік тапсырмаларды енгізуге арналған тапсырмаларды өзгерту әдістемесін қалай дамытып, меңгертуге бағыттауға болады? Осы сұрақтар төңірегінде жауап іздей отырып, проблемалық, құзырлылық, кеңейтілген, дидактикалық, танымдық, логикалық сынды тапсырмаларды құрастыруға қойылатын талаптарды басты назарда ұстай отырып, меңгерту және күрделенген тапсырма түрлерін кең ауқымда қолдану мүмкіндігін ашу болып табылады.

«Дарындылық даралықтың дамуы» Блум таксономиясына құрылған тапсырма жеке жұмыс ретінде алынды. Кесте 1.

Ойлау деңгейлері	Тапсырмалар	Студент жауабы
Білу	Инклюзивті тәсіл дегеніміз не?	
Түсіну	Қабілетті (үздік) қалай анықтауға болады?	
Қолдану	Мектептегі тәжірибе кезеңінде аталмыш модуль идеяларын қалай ықпалдастырасыз және қандай тиімді стратегияларды қолданасыз?	
Талдау	Мектептегі тәжірибе кезеңінде қолданылатын күрделендірілген тапсырмаларды (құзырлылық, Блум таксономиясы) маңыздылығын салыстырыңыз.	
Жинақтау	«Дарындылық даралықтың дамуы» ой толғау жазу	
Бағалау	Дарынды және талантты балаларды оқыту қаншалықты маңызды?	

«Дарындылық даралықтың дамуы» Блум таксономиясына құрылған тапсырма

Мұғалімдерге талантты және дарынды оқушылар үшін зияткерлік тапсырмаларды енгізуге арналған тапсырмаларды меңгертуде Блум таксономиясы бойынша тапсырмалар әзірлеу әдістемесін меңгертуге бағытталған жұмыс түрлері жүргізілді. Біріншіден, Блум таксономиясын меңгерту үшін тиімді сұрақтар қою үшін, сұрақтарды ойлау қабілетінің дамуын (прогрессия) көрсетіндей етіп қоюға бағытталуы қажет. Ол үшін көрсетілген жұмыс білім игеруге бағытталған 6 қадамды басшылыққа алынды: 1) білу – нақты мәліметті еске түсіру; 2) түсіну – оқығанын түсіну; 3) қолдану – абстрактілі ұғымдарды нақты мысалға айналдыру; 4) талдау – өз тәжірибемізбен салыстыру; 5) жинақтау – мазмұннан ой, идея және мәліметтерді жинақтау; 5) бағалау – түсіну үшін кейіпкерлерді, іс-әрекеттерді, нәтижені талдау және бағалау.

Дарындылықты анықтауда және дамытуда оқытудың әр түрлі жаңа технологияларын тиімді қолдана білгенде де ғана қоғамдық өмірге бейімделген интеллектуалды жеке тұлға қалыптасады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасының негізінде әзірленген педагог кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарының бітіруші курс студенттеріне қосымша білім беру бағдарламасы, Студентке арналған нұсқаулық, «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015 ж.

2. Тренерге арналған нұсқаулық, (үлестірме материалдар) Үшінші басылым «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015 ж. 122 бет

3. Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Макаренко А.С. Толковый словарь русского языка. М., 2004.

4. Советский энциклопедический словарь. М., Издательство «Советская энциклопедия», 1984.

5. Дәріс материалдары, бірінші бетпе-бет кезеңі, 3 апта 3 күн. Талантты және дарынды балалармен жұмыс: оқытудың әртүрлі стилі талаптарына сәйкестігі. Issue 1, Date: 09/12/2011.

6. Дәріс материалдары, бірінші бетпе-бет кезеңі, 3 апта 3 күн. Талантты және дарынды оқушыларды жалпы мектептік қолдау: білім беру бағдарламасын жедел игеру. Issue 1, Date: 09/12/2011.

7. Bloom B.S. (ed.). Taxonomy of Educational Objectives: The Classification of Educational Goals. Handbook.



В ДИАХРОНИЧЕСКОМ АСПЕКТЕ РАЗВИТИЕ ВРЕМЕННЫХ ГЛАГОЛЬНЫХ ФОРМ В АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ

КУРМАНГАЛИЕВА А.К., САГИНДЫКОВА А.С.

Казахский агротехнический университет имени Сакена Сейфуллина

Нур-Султан, Казахстан

kurmangali1996@mail.ru

ANNOTATION

The object of research this article are evolutionary changes within one of the grammatical categories of the English language, namely within the time category.

The purpose of this work is to identify the specifics of the process of development and change of this grammatical category, the analysis of the processes that led to the formation of this category in its modern form. To achieve this goal, it is necessary to build a methodology for using temporary verbal forms in the English language in the diachronic aspect.

Thus, this paper describes the process of qualitative changes in time as a grammatical category in the light of the evolutionary theory and the emergence within it of new entities.

KEYWORD

Grammatical category, verbs, diachronic aspect, development of language happens under the influence of the methodological processes, formalizations, idealizations, modellings, analogies, system and structural approaches.

Категория времени с эпохи Аристотеля считается наиболее характерной особенностью глагола в отличие от имени. Проблеме определения и трактовки сущности категории времени уделяли внимание многие исследователи языковых и речевых феноменов и инноваций. Эта категория присутствует в большинстве языков мира. Проблема эволюции в различных сферах бытия привлекала внимание ученых с самого начала становления науки. Изменение и развитие являлось предметом исследований ученых, занимавшихся проблемами практически всех областей знаний и желающих установить закономерности этих процессов. Особую актуальность изменение и развитие приобретают в теории языка, поскольку в этой сфере проследить их достаточно сложно, принимая во внимание тот факт, что язык изменяется очень медленно и процессы, происходящие в нем, не могут быть определены на протяжении даже достаточно длительного периода наблюдений.

По сути категории времени в различных языках являются различного рода дискретизациями временного континуума. Как правило, временная система состоит из двух или трех частей - настоящее / прошедшее / будущее времена или настоящее-будущее / прошедшее время. Некоторые языки располагают несколькими прошедшими и будущими временами, а иногда и несколькими настоящими. Во многих языках категория времени развивается в тесной взаимосвязи с категорией вида. Данная взаимосвязь в определенной степени способствовала тому, что в отдельных языках категории времени и вида, начиная с исторических времен и до настоящего момента, рассматриваются как единое целое. При этом временная система различных языков обычно бывает представлена как абсолютными, так и относительными временами, формирование которых началось в древнейшую эпоху XVIII-XIX вв до н.э. (>еттский язык) и продолжается до настоящего времени.

Объектом исследования данной статьи являются эволюционные изменения в рамках одной из грамматических категорий английского языка, а именно в рамках категории времени.

Целью данной работы является выявление особенностей процесса развития и изменения данной грамматической категории, анализ процессов, которые привели к становлению этой категории в ее современном виде. Для достижения поставленной цели необходимо построить методологию использования временных глагольных форм в английском языке в диахроническом аспекте.

Таким образом, в данной работе характеризуется процесс качественных изменений времени как грамматической категории в свете эволюционной теории и возникновения в ее рамках новых образований.

Использование временных форм глагола в диахроническом аспекте чаще всего рассматривается как развитие форм вида и времени английского глагола на протяжении традиционно выделяемых исторических эпох, отмеченных конкретными изменениями в глагольной системе английского языка. В связи с этим различают древнеанглийский, среднеанглийский, новоанглийский и современный периоды развития английского языка.

Развитие категорий и глагольных форм в английском языке на протяжении всего периода развития языка происходит под действием методологических процессов, протекающих по мере их развития в речи, а именно:



- 1 формализации – перевода реального качества в символы – слова;
- 2 идеализации – создания идеального образа будущего с помощью глагольных форм для выражения символизации;
- 3 моделирования – копирования свойств с помощью моделей;
- 4 аналогии – построения структур со сходной формой, имеющих сходное содержание;
- 5 системно-структурного подхода – упрощения структур, приводящего к их стабилизации и большей распространенности в употреблении. 1

В течение письменной истории глагольная система английского языка расширилась не только за счет создания новых грамматических категорий; внутри существовавших категорий времени и наклонения возникли новые категориальные члены, которые обеспечили более универсальное, грамматически формализованное обозначение будущих, а также потенциальных и нереальных действий. Отношения категорий будущего времени и сослагательного наклонения в современном английском языке являются крайне спорным вопросом, так же как и развитие данных аналитических форм.

Будущее время и сослагательное наклонение часто передают сходные оттенки значения и имеют общие источники: сочетания древнеанглийских глаголов *willan* (хотеть) и *sculan* (быть должным), в современном виде *will* и *shall* с инфинитивом [2]. Разные по сути значения передаются одинаковыми формами, что говорит о формализации этих сочетаний на протяжении периода их развития. Изменения внутренних отношений между компонентами, ведущие к изменению содержания этих сочетаний не имели сколько-нибудь заметных внешних проявлений: внешний облик конструкций остался почти таким же, как был. Своеобразным было и их семантическое развитие: оно заключалось не столько в приобретении новых значений, сколько в частичной утрате старых.

“I'll graff it with you, and then I shall graff it with a medlar: then it will be the earliest fruit in the country: for you'll be rotten ere you be half ripe; and that's the right virtue of the medlar” (значение будущего времени). “For this ye knowen al as so wel as I, Whose shal telle a tale after a man, He moot reherce as ny as evere he kan” (значение сослагательного наклонения).

Еще одним доказательством действия метода формализации является то, что в связи с отсутствием специальных грамматических средств со значением будущности в древнеанглийском языке, будущие действия передавались формами настоящего времени, а также сочетаниями глаголов модальных значений намерения, возможности, долженствования с инфинитивом [2], например, форма настоящего времени *getimbrige* в значении будущего времени:

OE: “Ic secge þe, þu eart Petrus, and of erpiscne stan ic getimbrige mine cyrcan.” – NE: “...and over this stone I will raise my church.”

О формализации выражения будущности свидетельствует также его передача в древнеанглийском языке с помощью глаголов модального значения. В сочетании с инфинитивом *sculan* и *willan* они выражают свойственные им модальные значения и могут относить действие к будущему при определенном лексическом наполнении инфинитива, с временными указателями или в указанной ситуации, например

OE: “Hwaet sceal ic singan?” – NE: “What should I sing?”

Важным, хотя и косвенным, доказательством того, что модальные сочетания в древнеанглийском языке часто были формальным средством обозначения будущих действий, является высокий удельный вес форм настоящего времени в значении будущего [2], например:

OE: “Ponne þu bringst, he ytt and bletsæppe” – NE: “when you bring them, he will eat and bless you”. При передаче будущего времени глагол «shall» даже в английском языке современного периода сохраняет некоторые модальные оттенки. Будущим действиям вообще присущи семы «потенциальность», «нереализованность», в связи с чем они легко сочетаются с семами «желательности», «необходимости», «возможности». Сочетание глагола «shall» с инфинитивом создает символический образ будущего времени, что говорит об идеализации данных конструкций, например:

OE: “gif ge will aþ minum be bodum ge hyr sumnian” – NE: “if you want to obey my orders.”

На идеализацию значения будущего времени указывает также то, что в данный период развития языка «чистого» будущего без модальных оттенков еще практически не существует, глагол «shall» обладает такими потенциальными модальными значениями, как принуждение, угроза, обещание, а модальный глагол «will» – волеизъявление либо намерение, при этом распределение этих значений может быть обратным [3]:

“Indeed. Begging your pardon, sir, I shall not. I shall just go on with it as usual” (волеизъявление, намерение).



“I warn you, though, that any repetition of that fact will be a criminal, not an ethical offence” (угроза, принуждение, обещание).

Семантический анализ не может доказать полной неразложимости или идиоматичности конструкции. Модальные сочетания и конструкции со значением действия в будущем образуют непрерывный континуум без резких переходов.

Можно заключить, что сочетания *shall* и *will* с инфинитивом не стали аналитическими формами, несмотря на постепенную формализацию их употребления, которая, однако, еще не успела привести к десемантизации – утрате лексического значения служебного глагола и полностью обособить их от сходных конструкций. Тем не менее, как показывает смысл этих конструкций и место, которое они заняли в глагольной системе благодаря идеализации значения будущего времени, предоставившей им единообразные семантические свойства, эти аналитические конструкции стали категориальными членами глагольной парадигмы.

Методологические процессы прослеживаются также в развитии перфектных форм английского языка. Высокая степень грамматизации – образования неизменной грамматической формы и полная парадигматизация перфекта в современном английском языке не вызывает никаких сомнений. Перфект – идеальная аналитическая форма, состоящая из вспомогательного глагола и причастия прошедшего времени, обозначающая завершённое действие и образующая в противопоставлении с неперфектными формами категорию временной отнесенности. Однако у историков нет единого мнения по поводу времени образования аналитической формы перфекта и становления новой категории. Так, некоторые лингвисты полагают, что формы перфекта в современном понимании полностью сложились уже в древнеанглийский период. Одни датируют становление перфекта в его современном значении XI веком, другие называют период XII-XIII веков. Ряд лингвистов относит окончательное структурное и семантическое формирование перфекта к еще более поздним периодам развития английского языка.

Десемантизация глагола, изоляция от сходных образований, возросший лексический охват перфектных конструкций в среднеанглийский период говорят о моделировании конструкций *have/be* (глаголы «быть» и «иметь») с причастием прошедшего времени, которое привело к полной грамматизации этих конструкций к концу XIV века. Например, у Чосера перфект настоящего времени употребляется в стилистических целях, для эмфатического выделения события в контексте прошедших времен:

OE: The holy blissful martir for to seke, that hem hath holpen whan that they were seeke.

NE: To seek the holy blissful martyr who has helped them when they were ill.

При этом вхождение перфекта в парадигму и образование новой глагольной категории – временной отнесенности – произошло не ранее эпохи Шекспира, так как только тогда перфектная модель приобрела свой специфический семантический инвариант, основное значение, которое стало бы его категориальным дифференциальным признаком. Например, у Шекспира перфект прошедшего времени имеет значение действия, предшествующего другому действию в прошлом:

The day had broke before we parted.

Можно считать, что применение метода моделирования привело к завершению грамматизации перфекта к XIV веку, а новая глагольная категория, которая возникла в процессе парадигматизации перфекта, сформировалась во времена Шекспира. Однако, иногда действие, предшествующее другому действию в прошлом, передавалось простым прошедшим временем, например, у Шекспира:

...and Jhesu Crist bisog the foryeve his wikkid werkes that he wroughte.

Нормы употребления этих форм стали более строгими в XVII-XVIII веках, когда создавались общеупотребительные грамматики английского языка. В современный период развития английского языка перфект настоящего времени выражает действие, совершившееся к настоящему моменту, результат которого имеется налицо в настоящем времени:

“I have made my little observations of your English nation – said Poirot dreamily, – and a lady, a born lady, is always particular about her shoes”.

Английские длительные формы, в развитии которых также можно проследить действие некоторых общенаучных методов, представляют собой уникальное явление в грамматическом строе германских языков. Уже в древнеанглийском языке сочетания *beon* (глагол «быть») с причастием настоящего времени были достаточно частотным явлением и никогда полностью не выходили из употребления в среднеанглийский период, особенно в текстах северных регионов Англии. Распространение данной конструкции по всей территории датируется XV-XVI веками [2]. В связи с этим одни лингвисты прямо возводят длительную форму к древнеанглийской конструкции, другие считают единственным источником современной длительной формы среднеанглийский герундиальный оборот с предлогом, состоящий из формы глагола «быть», предлога и отглагольного существительного – герундия, например *beon huntinge* – быть на охоте – упрощенное *bea-hunting* –



охотиться – to be hunting. Здесь можно проследить действие системно-структурного метода в употреблении сочетаний с синонимичным значением, так как со временем сохраняются и начинают преобладать более простые структуры, которые более функциональны в своем применении.

Действию метода аналогии создало предпосылки к превращению сочетания *beon* с причастием настоящего времени в устойчивое и к его грамматизации в древнеанглийский период.

OE: ... *on dealle pa woruld on hioraagege will on wenden dewæron folneahcwintra*. NE: And they all were destroying the world at their own will for nearly fifty years.

Аналогия в создании конструкций такого типа обусловила их семантическую неразложимость, которая подтверждается как древнеанглийскими, так и среднеанглийскими примерами. Необходимость в построении однообразных, аналогичных конструкций с этим значением привела к утрате глагола *weorðan* – «становиться», универсализации суффикса *-ing* и повышению стабильности модели.

В современном английском языке длительные и недлительные формы часто взаимно заменяемы, и выбор длительной формы может диктоваться стилистической направленностью, поскольку она имеет «усилительно-эмоциональные» потенции. Известно также, что эта наиболее поздняя по времени образования категориальная форма до сих пор остается наименее стабильной. Например, в современном английском языке возможны два варианта фразы со значением будущего действия, однако в первом имеется оттенок модальности, выражается намерение совершить действие, либо уверенность в его совершении [3]:

He will be meeting us at the station. He will meet us at the station.

Таким образом, объединение перечисленных форм в категориальные ряды основывается не столько на их противопоставлении противоположным по значению формам, сколько на их собственном семантическом и формальном сходстве и на методологических процессах, протекающим по мере их развития в речи. История языка, по Эдуарду Сепиру [4, с.128-129], имеет отдаленное отношение к «биологической», или эволюционной истории, так как изменения, которые постепенно преобразуют форму нашей речи и постепенно придают ей совершенно другой облик, проходят медленно и отнюдь не параллельно какой-либо схеме культурной эволюции.

Литература:

1. Иванова И.П. Вид и время в современном английском языке. - Л., Изд-во Ленинградского университета, 1961. – 200 с.
2. Расторгуева Т.А. Очерки по исторической грамматике английского языка. – М.: Издательская группа URSS, 2000. – 168 с.
3. Смирницкий А.И. Лекции по истории английского языка - М.: Книжный дом Университет, 2011. – 236 с.
4. Сепир Э. Статус лингвистики как науки // Языки как образ мира / сост. Королев К.А. – СПб.: Terra Фантастика, 2003. - 568 с.
5. Lerer S. History of the English Language. - Columbia University Press, 2007. – 316 с.э

ОНЛАЙН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ДЕНГЕЙЛЕП ОҚЫТУ МҮМКІНДІКТЕРІ

ОНГАРБАЙ Жанасыл

Физика-математикалық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебі

Көкшетау, Қазақстан

Ongarbay_z@kt.nis.edu.kz

Әлемдегі белең алған пандемия жағдайы елімізді де айналып өтпегені мәлім. Сондықтан халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында елімізде енгізген төтенше жағдай аясында көптеген мектептеріміз қашықтан оқытуға көшкен.

Алдымен «қашықтықтан оқыту» деген ұғымға тоқталатын болсақ, қашықтықтан оқыту – адамның білім алуға және ақпарат алуға деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі нысандарының бірі ретінде мамандардың негізгі қызметін атқара жүріп білімін, біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың 3 түрлі формасы бар: онлайн (синхрондық), оффлайн (асинхрондық) және вебинар.


Онлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта мұғалім экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы.



Оффлайн режимдегі оқыту дегеніміз - интернет ресурстарының көмегімен (электрондық пошта) мұғалім мен оқушы арасындағы ақпарат алмасуды қамтасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың формасы.


Вебинар дегеніміз – интернет желілерінің көмегімен семинарлар мен тренинтер өткізу формасы [1].

Өз тәжірибемде осы оқыту режимдердің ішінен онлайн оқыту формасын қолданылудамын. Әрине, онлайн оқу ұстаз бен оқушының құрал-жабдықтарының техникалық талаптарға сай болуын қажет етеді. Сонымен қатар, математика, физика пәндері сияқты жаратылыстану пәндерін қашықтықтан оқытуда және оқу барысында оқушы да, мұғалім де біршама қиыншылықтарға кез болары сөзсіз. Оқушы мен мұғалім монитор алдында бір-бірін көріп отырса да, оқушының есепті қаншалықты дәрежеде дұрыс шығарып отырғандығын бақылау мұғалім үшін қол жетімсіз. Оқушыларды деңгейлеп саралап оқыту - оқытудың өзекті мәселелердің бірі. Қашықтан оқыту барысында бұл мәселенің өзектілігі одан сайын арта түсті. Дегенмен ақпараттық технологияның дамыған заманында қашықтықтан оқыту үрдісін тиімді ұйымдастыруға арналған ресурстар мен платформалар баршылық. Онлайн оқыту ресурстарының ішінде «миро» онлайн тақтасын өз тәжірибемде тиімді қолданудамын (1-сурет). Көптеген онлайн тақталардың ішінде мен «миро» онлайн тақтасын таңдап алуымның басты себебі, бұл тақтаның математика, физика сияқты пәндерді оқытуға қолайлы болуында. Есеп шығару барысында формулалар мен шығару жолын пернетақтадан теру күрделі әрі ұзақ уақытты алады, ал бұл тақтада қалам арқылы дәптерге жазғандай еркін жаза беруге болады.




1-сурет. Тақтаның жалпы көрінісі

Онлайн оқыту барысында оқушылардың үлгерім деңгейлеріне қарай күрделі және жеңіл тапсырмаларды саралап беруге «миро» онлайн тақтасының көп көмегі бар екендігіне көзім жетті. Онлайн тақтаның мүмкіншіліктерін айта кетер болсам, есептің берілгенін және тұрақты шамалардың кестесін, суреттер мен графиктерді қою мүмкіндігі бар. Белгілі бір оқушыға жекелей тапсырма беру үшін осы онлайн тақтаның сілтемесін көшіріп алып (2-сурет) оқушының жеке чатына (whats app, teams, skype) жіберу керек (3-сурет). Оқушы сол сілтемені басып тақтаға кіреді. Оқушы мұғаліммен тең дәрежеде тақтаға жазу мүмкіндігіне ие болады.



2-сурет. Сілтемені көшіріп алу.



3-сурет. Оқушыға жіберілген сілтеменің көрінісі

Оқушының жұмыс істеу үрдісін мұғалім толық бақылап отыра алады, яғни қажет болған жағдайда бағыт-бағдар беріп ескертулер мен түзетулер енгізе алады. Сонымен қатар тақтада смайликтер мен түрлі стикерлерді қолдану арқылы оқушыны ынталандыруға, тапсырманы орындау деңгейін бағалауға, қызығушылығын арттыруға болады. Бір сабақтың барысында бірнеше тақтаны ашып бірнеше оқушыға қажеттіліктеріне сай әр түрлі тапсырманы бірдей уақытта беруге болады және мұғалімнің өзі осы тақталардың барлығын бір мезгілде бақылай алады. Сабақ аяқталған соң оқушы өзі шығарған есебін дәптеріне көшіріп алу үшін тақтадағы есепті компьютеріне жүктеп алу мүмкіндігі бар. Суреттерде оқушылардың тақтада шығарған есептерінің мысалдары көрсетілген.

1. 6.36. Массасы 5 кг, температурасы 10°C суды -30°C температурадағы мұзға ийналдыру үшін қанша жылу мөлшерін бөліп алу керек?

$m = 5 \text{ кг}$
 $t = 10^\circ \text{C}$
 $t = -30^\circ \text{C}$
 $Q = ?$


$Q = c_{\text{мұз}} m + \lambda m + c_{\text{суд}} m \Delta t$

$Q = 4200 \cdot 5 \cdot 10 + 3,4 \cdot 10^5 \cdot 5 + 2100 \cdot 5 \cdot 30$

$Q = 2,1 \cdot 10^5 + 1,7 \cdot 10^5 + 3,15 \cdot 10^5$

$Q = 22,25 \cdot 10^5 \text{ Дж}$

4-сурет. Оқушы жұмысы



5-сурет. Оқушы жұмысы

Осындай және одан басқа да электрондық ресурстарды қолдану арқылы біз, мұғалімдер, осындай төтенше жағдайлар орын алған кезеңде де оқушыларымыздың оқуына дұрыс бағыт-бағдар беріп, жол сілтеуге мүмкіншілігіміз бар.

Дереккөздер:

1. <http://edunews.kz/shcollnews/1803-ashytytan-oytu-zaman-talaby.html>
2. <https://miro.com/>



ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТІЛДІК БІРЛІКТЕР МЕН СЕМАНТИКАЛЫҚ ӨРІС ОРАЗБАЕВА Айтбибі Сұлтанқызы, КАБДЕНОВА Салтанат Қалижанқызы

Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Қостанай, Қазақстан

kabdenova_s@kst.nis.edu.kz

Шәкәрім XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында өмір сүріп, шығармашылықпен айналысты. Бұл кезең жалпыхалықтық тіл негізінде қазақ ұлттық жазба әдеби тілінің қалыптаса бастаған кезеңі болды. Шәкәрім өз шығармаларын Абай негізін қалаған ұлттық жазба әдеби тілде жазумен бірге, оның одан ары дамуына да үлесін қосты. Шәкәрім тілінің лексикалық қабатын, қазақтың байырғы сөздері, әдеби тілде актив қолданылатын араб-парсы тілінен енген кірме сөздер, аз мөлшерде орыс тілінен, орыс тілі арқылы Еуропа тілдерінен енген сөздер құрайды. Сондай-ақ Шәкәрім тілінде қолданылатын окказионализмдер де бар. Кітаби лексика, діни лексикаға жататын, жалпыхалықтық тілде сирек қолданылатын араб-парсы сөздері де ұшырасады. Шәкәрім көркем әдебиеттің поэзия, проза жанрларында, публицистикалық стильде, ғылыми стильде шығарма жазғандықтан, лексикасы стильдік қабаттардың барлығын қамтыды.

Шәкәрім шығармаларындағы байырғы төл сөздер сөздік қорының ең молы болып табылады. Олардың қатарында жер, су, ана, әке, ата, алу, беру, көру, ақ, қызыл, жол, ар, сын, жақсы, жаман сияқты т.б. туа түбір сөздермен бірге, әнші, жылқышы, түндік, елші, бүркітші, тепкілеу, сынау, сыйлау, жақсылық, ерттеу, байлау, қарулы, тақпақтау сияқты т.б. туынды түбір сөздер де бар. Сондай-ақ қарабет, итаяқ, ата-ана, алауыз, ар-ұят, жолкесер, бау-бақша, бозбала, алтыатар сияқты т.б. күрделі сөздер де қолданылады. Араб-парсы тілінен енген кірме сөздердің басым көпшілігі әділ, иман, диуана, адал, халық, патша, дін, дос, алла, пайда, сопы сияқты т.б. жалпыхалықтық тілде қолданылатын сөздер болып келеді. [4]

Шәкәрімде туыстық қатынасқа, отбасы, жынысқа байланысты тілдік бірліктер кездеседі: ұрғашы, қатын, қыз, кемпір, ата-ана, бәйбіше, тоқал, еркек, жігіт, бала, ұл, әже, нағашы, жиен, күйеу, құда, әйел, қарындас, бауыр, құдағи, құда болу, некелесу, құда түсу, жеңге, тетелес, өгей, ұрын келу сияқты т.б. Ұрғашы сөзі тұрмыстық қарапайым лексика қатарына жатса, қатын сол дәуір үшін тілдік норма болып табылады. Қарындас сөзі жалпы туыс, бауыр деген көне мағынасында да қолданылған. Шәкәрімде салтаң, сектену, еркекшора, анда сияқты т.б. көнерген сөздер де ұшырасып отырады. «Салтаң» сөзі бойдақ орнына жұмсалған. Қазақ тілінде сыбай-салтаң деген қос сөз құрамында кездеседі.

Шәкәрім философиялық лирикасында сопылық поэзия өкілдері сияқты астарлап айту тәсілін қолданған. Бұл ретте ауыспалы мағынада қолданылған сөздерге түсініктеме беріп кетеді. Мысалы,

«Арақ – ақыл, жастық – ой, жар – хақиқат,

Жан – нәпсі, шатақ – иман, дін – қиянат,

Маскүнем, әйел сүйгіш, дінсіз ғой деп,

Сырын білмей сыртымнан қылма ғайбат. [1]

Шәкәрім материалдық дүниеге қарағанда, рухани болмысқа баса назар аударғандықтан да арам, адал, ар, ұят, еріншек, жалқаулық, көңіл, талап, ындын, махаббат, асық, зұлымдық, достық, сабыр, пейіл, ниет, құмарлық, ашу, өтірік, мақтан, хайуандық сияқты дерексіз зат есімдерді жиі қолданған. Сонымен бірге әрқайсысын кенінен талдап, саралап, түсінік беріп отырған. Жүрек зат есімі де тек дененің бір мүшесі мағынасында ғана емес, жанның орны, жан, сезім сияқты дерексіз ұғымды да білдірген.

Шәкәрімнің өлеңдеріндегі жүрек сөзінің қолданыс жиілігі Абайдан да жоғары (70-тен аса). Олардың ішіндегі жүрек кірі, жүректегі тат, жүректі нұрмен жуу, жүрекке ірің төгу т.б. – авторлық окказионал қолданыстар.

Көріп отырғанымыздай, ақынның ақиқатты түйсінудің, оны өзгеге танытуының, жеткізуінің өзекті тілдік құралы ретінде «жүрек» сөзінің қолданысын ерекше атап өтуге болады: Жүрегі таза – жүрегі кірлі (қара), жүрегі мінді, жүрегі дертті, жүрегі Аллада, жүрек таты, жүрегіне у құйылды, т.б.

Шәкәрімнің танымы мен көркемдік әлеміне сәйкес құрылымдық өзгерістерге ұшыраған сөздер мен тұрақты сөз тіркестерін, перифраздарды зерттеуші Бағдат Момынова ақынның тілдік тұлғасын дәйектейтін айрықша сөз қолданыстары деп санайды: кірсіз ақыл, үміттің үйі, жүрек ымдалы, күнше бату, ой жемісін теру, т.б. [2]

«Өріс» ұғымы тіл ғылымында тілдің әртүрлі деңгейіне жататын, бірақ бірыңғай мағыналарды білдіретін тіл бірліктерінің жиынтығы ретінде түсіндіріліп, сол бірліктердің өзара байланысын көрсетеді. Ол туралы кеңес және израиль ғалымы В.А.Москович «Өріс – мағына ортақтығының негізінде біріккен және білдіріп отырған құбылыстарының ұғымдық, заттық немесе қызметтерінің



ұқсастықтарын бейнелейтін тілдік бірліктердің жиынтығы болса, лексика – семантикалық өріс екі жолмен – ұғым және сөз арқылы анықталады», - дейді. [3]

Осы тұрғыдан алғанда, Шәкәрім поэмаларының тіліндегі бір ерекшелік – өзіне дейін барлық қазақтың ортақ қазынасына қосылып үлгермеген жаңа сөз тіркестерін жасаған ақын екендігі, ұғымдарды жаңа қырынан танытуы. Мәселен, ақын поэмаларында жай ермек үшін емес, ұйқасқа үйлестілікті сақтау, тармақтың өлшемінен ауытқымау мақсатында өңделген, өзгертілген қолданыстар бар. Миым, ақылым жетпей тұр деп екіншісі бірі айта беретін ұғымды ақылым шақ ("Сол арасын білуге ақылым шақ") түрінде, кешірім өтіну, сұрау дегенді - кешу сұрау ("Алдыңа кешу сұрай келіп тұрмын") деп, баласы жоқ, балаға мұқтаж дегенді - баладан кем ("Малы көп, бірақ еркек баладан кем") деп жаңғыртқан, өрісін кеңейте түскен.

Шын көңілден ұнату, қалтқысыз сүю деген фразеологизмдерді - ындынымен ұнату ("Ындыныңмен ұнатсаң, бер қолыңды") деп, жара байлауыш, жара таңғыш дегенді - таңу ету ("Аузына жарасының таңу етті"), оққа ұшты дегенді - садаққа ұшты ("Бабаның бес баласы садаққа ұшты") деген тіркес түрінде берген. Адамның, не жануарлардың тұтас денесі деген ұғымды ұлы дене ("Әйтеуір ұлы дене аман қалды") деген тіркес арқылы бейнелеген. Келтірілген қолданыстардан мағынаға келген кінәрат жоқ, оның есесіне естілу әуенінде жаңалық, өзгешелік бар.

Шәкәрімнің философиялық лирикасын түсіну үшін, дүниетанымын айналып өте алмаймыз. Философиялық лирикасының кілті сөзсимволдардың мағынасына үңілу болып табылады. Ал сөзсимволдардың сипаты термин сөздерге жақын болғанмен, қосымша мағыналық бояуы, коннотациясы барынша қанық. Мысалы:

*Уайым жоқ, табылды арман,
Түсіп сәуле асық Жардан.
Көтерді пердесін әбден,
Қызыл гүлім ашылған шақ.*

Егер асық Жар, қызыл гүл сөздерінің Шәкәрім тіліндегі мағынасын білмесек, өлең сұлу қызға арналған деп жаңсақ түсінер едік. Сонымен бірге сөздер экспрессивті-эмоционалды бояуын жоғалтпай, өлеңнің әсерлі де, бейнелі болып шығуына үлес қосқан. Лирикалық тұлғаның ынтықтығы, махаббат сезімі көлеңкеленбей, толайым көрініс тапқан. Сопылық поэзияда қызыл түс жүрекпен байланысты, яғни қызыл гүлдің ашылуы жүрек көзінің ашылуы деп қабылдауға болады. Ал жасыл түс хақпен, хақиқатпен байланыстырылады. Шәкәрім де жасыл түске ерекше мағына беретіні байқалады:

*Жасыл күмбез ішінде
Жан-тәнімен кім азат?
Бұл тіршілік тұсында,
Бола алмайсың, шын азат.*

Жасыл күмбез — сыр күмбезі не хақиқат күмбезі деп қарасақ та, қателесе қоймаймыз. Жазба әдебиетке тән белгінің бірі мәтін түзілісінен байқалады. Эстетикалық құрылым ретіндегі көркем мәтінде басы артық шашау шыққан бірде-бір сөз, бірде-бір тұлға болмауы керек. Тілдік бірліктер өзара тығыз астаса келіп, көркемдік мақсатқа қызмет етіп тұрады.

Шәкәрім шығармашылығында мәтін түзілісінің мінсіз де көркем үлгілері молынан кездеседі.

Мысалы:

*Шедірейіп, шекиіп,
Қасын керіп, кекиіп,
Қолдан пішін жасаған,
Біреу келер секиіп.
Шырт түкіріп шынтақтап,
Жүз құбылып, қылтақтап.
Сұлуын-ай шіркіннің
Дегізбекші жұрт мақтап. [1]*

Өлеңде шедірейіп, шекиіп, кекиіп, секиіп, қылтақтап бейнелеу етістіктері мәтіннің жағымсыз экспрессивті-эмоционалды реңін белгілеген. Сол арқылы әдетте экспрессивті бояуы жоқ қасын керу, шырт түкіру, жүз құбылу сияқты т.б. сөздер де бірыңғай жағымсыз реңкке ие болған. Ақынның сәнқойға берген бағасы, шығарған үкімі мәтінде айқын таңбаланған. Сәнқойдың барлық қимыл-әрекеті, мінезі, қылығы қаз қалпында көз алдымызға келе қалады. Шәкәрім оның барлығын суреттеп отырған жоқ. Нақты лексемалар, бір-екі детальдар арқылы көрсетіп береді. Бейнелеу етістіктері, -ып көсемше тұлғасы өзара көркем үйлесім тауып, динамизм, суреттілік тудырады, өлең жолдары жанданып жүре береді. Ақынның шығармашылық ойы логика-сементикалық байланыстарды ширата отырып, тосын тіркестер арқылы сөзді ойната, құбылта қолданып, көп қырлы, сан салалы байланыстар



нәтижесінде мағыналық құрылым ұлғаяды. Мәтіндегі сөздердің семантика стильдік әсерлесуімен мағына сыйымдылығы артады.

Шығармашылықпен әрекет жасаушы тұлға зиялылық және эмоционалдық белсенділік, тұлғаның өз белсендігі және танымдық мотивтер арқылы қалыптасады. Оқыту барысында шығармашылық үшін тек білімалушы мен оқытушы арасындағы диалог ғана емес, түрлі кәсіби және оқу әрекеттері барысында білімалушылардың өзара қарым қатынасы, білімалушының өздігінен білім алу мен берудің ұйымдастырушылық құрылымының деңгейінде өздігінен жұмыс істеуге, жауапкершілікке және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған тәрбиелеу үрдісі арқылы іске асады.

Оқу үрдісі екі жақты үрдіс болғандықтан, білім алушылардың өзіндік жұмысты міндетті түрде оқытушының басшылығын, оның көрсететін көмегін керек етеді. Осыған байланысты атақты педагогтар мен психологтар білімалушылардың өзіндік жұмыстарының негізгі ерекшелігі - олардың ықыласы мен өз еркімен әрекет жасауына байланысты деп санайды.

Өзіндік жұмысты ұйымдастырғанда, оқытушы білім алушылардың дара ерекшелігін ескере отырып, соған қарай беретін тапсырмаларды өзгертіп отырғанын жөн санайды, орындалған жалпы жұмыстың қорытындысын, нәтижесін тексеру керек. Өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру үшін, оқытушы келесі үш жағдайды ескерген жөн:



1. Білім алушылардың өзіндік жұмысының мазмұнын анықтау (берілетін білім мен оның міндеттері).
2. Өзіндік жұмысты ұйымдастырудың жоспарын жасау, қолданылатын амал-тәсілдерді белгілеу.
3. Білім алушыларға жұмысты ойдағыдай аяқтауға бағыт беріп көмектесу (жұмыстың барысына жүйелі басшылық ету, тиісті түзетулер жасап отыру).

Оқытушылар бір сабаққа екі-үш өзіндік жұмыс қосады. Осыған байланысты білім алушылардың бәрінде жұмыс жасау қарқыны әр түрлі екенін ескеріліп, тапсырмалар алдын ала тақтаға немесе карточкаларға жазылу қажет. Бұл жерде баспадан шыққан жұмыс дәптерлерінің (білім алушылардың өзіндік жұмысына арналған) көмегі зор екенін айта кеткен жөн.

Өз бетімен жұмыс оқытушының ұйымдастыруымен дидактикалық мақсаттарды орындаудағы білім алушы кез келген белсенді қызметін көрсетеді. Яғни арнайы берілген уақытта оқушының материалды игеруі, оны түсінуі, бекітуі, білім, білік және дағдыларының дамуы мен қалыптасуы. Өзіндік жұмысты ұйымдастыру формалары мыналар:

- фронталды жұмыс;
- жеке жұмыс;
- топпен жұмыс.

Өз бетімен жұмыстың негізгі түрлері:

- ақпарат құралдарымен, оқулықпен жұмыс;
- тәжірибиелік жаттығулар;
- тәжірибиелік және зертханалық жұмыстарды орындау;
- өзіндік, бақылау жұмыстары, диктант, шығарма;
- тәжірибе, бақылаулар және т.б [10].

Колледждің оқу үдерісінде білім алушыларының өзін-өзі бағалауы, яғни өз іс-әрекетін қорытындылауы тиімді болады. Біріншіден, мұғалім уақыты үнемделеді. Екіншіден, оқушылардың өзін-өзі бағалауы, өзінің мүмкіндіктерін білуі, орындалған жұмысты жүйелеу мен түзетуі, іс-әрекет бағытын анықтауы, өзіне талап қойғыштық сияқты бағалау белгілері қалыптасады.

Білім алушылардың өздігінен орындайтын жұмысты еркін әрі ұзақ істеуі нәтижесінде өзін-өзі басқару, шығармашылыққа талаптану, өз күшіне сену сияқты психологиялық қасиеттері нығая түседі.

Әр білім алушының сабақта өздік жұмыс істеуі, оның қабілетінің дамуы мен танымдық мүмкіндіктері әрекетінің жоғары деңгейлі сипаттамасы материалдарды игеруде кеткен кемшіліктердің орнын толтыруда білімді тереңдетудің ең тиімді түрі болып табылады.

Білім алушылар өзіндік жұмыс орындағанда жетістікке жетуі үшін тапсырмалар сараланып іріктеледі, үнемі мұғалімнің бақылауымен орындалады және туындаған қиындықтарды шешу үшін уақытында көмек көрсетіледі. Жеке оқыту тұрғысында мұғалім әрбір білім алушыға ықыласпен және қамқорлықпен қарайды, оқуға деген оң көзқарасты және білім алушының жетістігін көтермелейді.

Ойлау әрекеті арқылы білім алушылар шығармашылыққа ұмтылады, материалды дайын күйінде жаттанды қабылдамай, оны жеке зерттеу немесе бақылау жүргізе отырып, өз сұрағына жауап таба алады. Сабақта мұғалім білім алушылардың тек интеллектуалдық дамуына назар аудармай, тұлғалық қасиеттерінің де дамуына басшылық жасауы қажет. Оқу оқуға күштемей, танымдық қызығушылықтарын, ерік-жігерін, талпынысын оқу жұмысына бағыттағанда ғана тиімді болады.

Міне, осы сияқты жұмыстар колледждегі оқу үдерісіндегі сабақты тиімді ұйымдастыруға жағдай жасайды. Және білім алушылардың ақпараттық, коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға, ойлау, шығармашылық, өзіндік шешім қабылдау қабілеттерін дамытуға, білімге деген қызығушылығын тәрбиелейді.

Білім алушылардың оқу-танымдық, шығармашылық әрекеттерін, яғни олардың өздігінен білім алуға кәсіби құзыреттіліктерін олардың пәнге деген қызығушылықтарын арттырумен, өздігінен білім алуға деген дағдыларын қалыптастырумен, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеумен байланысты.

Білім алушылар тұлғасының психологиялық моделін жасаудағы зерттеу жұмыстарына талдау жасау, зерттеу іс-әрекетін жүзеге асыра алатын білім алушы дайындауда келесідей психологиялық-педагогикалық талаптарды ескеру қажеттігін көрсетті:

1. білім алушы зерттеу іс-әрекетін жүзеге асыра алуы үшін оның оқу дайындығының жоғары деңгейде болуы; зерттеушілік және практикалық даярлығының ұштастырылуы; өз білімін үнемі жетілдіріп отыруына, зерттеу іс-әрекетін ұйымдастыру ұстанымын практикада қолдана білуге ынталы болуы қажет.

2. білім алушыларда келесідей қасиеттер қалыптастырылуы тиіс: байқағыштық; жоғары дәрежедегі танымдық белсенділік, ізденімпаздық, зерттеушілік қызметке қызығушылық; сыншылдық;



шығармашылық-ізденуде бағыттылық, жаңашылдық, адамгершілік, сезгіштік, мақсаткерлік, шешімпаздық.

3. «Зерттеуші студент» зерттеу логикасын, әдістерді меңгеруі; ұстанымдарды жүйелей және жалпылай алуы; ғылыми ақпараттарды қолдана білуі тиіс. Сонымен қатар ол:

а) игерген білімі мен біліктерін оқу, зерттеу міндеттерін шешуге қолдана алуы; өзінің және замандастарының тәжірибелерін талдай, жалпылай алуы; ғылымның теориялық ақпаратының элементтерін, формалары мен негізгі танымдық әрекеттерді (суреттеу, түсіндіру, қайта өңдеу) білуі; өз бетімен зерттеу мәселесін табуды, әдістерін меңгеруі; тиімді ізденіс тәсілдерін таңдауды, сақтауды және ақпаратты қолдануды білуі; қосымша әдебиеттерді қолдана алуы, кітапхана қорымен жұмыс істей білуі қажет;

б) ғылыми ізденісте өзінің әрекетін жалпы эвристикалық ізденіс ережелерімен сәйкес құра отырып, келесідей мәселелерді жүзеге асыра алуы керек: талдау жасауды (диагноз қоя білуді); бастапқы мәліметтерді нәтижемен салыстыра отырып жобалай, болжай алуды; білімді игеру үрдісін жүзеге асыра алуды; алынған мәліметтерді бағалай білуді; жаңа міндеттерді қоя алуды.

Сонымен, білім алушының өзіндік белсенділігін, ізденімпаздығын және шығармашылық қабілеттерін бағытты өз бетінше дамыту олардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырумен тығыз байланысты.


«Техникалық механика негіздері» сабағында білім алушылардың зерттеу жұмысын ұйымдастыруда проблемалық ахуал туғызу басты мәселе болып табылады.

Біздің зерттеулерімізде негізгі колледжде «Техникалық механика негіздері» курсын оқыту арқылы білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға танымдық іс-әрекеттің деңгейлік – репродуктивтік – ізденушілік – зерттеушілік (шығармашылық) – жүйесіне (2-сурет) сүйене отырып әдістемелік тұрғыдан өңдеу арқылы қол жеткізілді.

Білім алушылардың «Техникалық механика негіздері» курсын оқыту арқылы кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруды ұйымдастырудың нақты мысалын қарастырсақ.

1-мысал. 1 курс, мамандығы «Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)». Тақырып: Кинематиканың негізгі түсініктері.

Бұл тақырып материалдарын зерттеу тұрғысынан игертудің мақсаты: білім алушылардың бағдарламалық материалды саналы меңгеруін (соның ішінде формулалармен жұмыс барысын жеңілдететіні туралы түсінік қалыптастыруды), пәнішілік байланыс негізінде жаңа білім алу тәсілдерін игерту арқылы олардың білімдерін тереңдетуді қамтамасыз ету, ал жалпы алғанда, білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру.



Сурет 2 - Танымдық іс-әрекет деңгейлері.

1. Проблемалық ахуал тудыратын сұрақтар беріле отырып білім алушылардың іздеу жұмыстары ұйымдастырылды.

2. Келесі кезекте білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру мақсатында өз бетінше орындауға ұсынылды (әрине мұғалімнің бақылаумен, бағдар беруімен).

3-кезең. Білім алушыларға осы тақырып бойынша игерген білімдері арасындағы заңдылықтарды анықтата отырып, жалпылау әдісі негізінде жаңа ой қорытындыларын жасауға үйрету.

Тапсырманы орындауды аяқтау үй тапсырмасы ретінде беріліп, қорытындысы келесі сабақта талқыланды.

Сонымен, аталған тақырыптың жаңа материалдарын білім алушыларға саналы игерту (білімнің қажеттігін түсінулері; оларды қолдана алу арқылы жаңа мәліметтерді табу тәсілдерін игерулері; ізденіс тәсілдерін, ғылыми таным әдістерін қолданудың білімдер арасындағы байланыстарды, жаңа заңдылықтарды айқындаудағы тиімділігіне өздерінің іс-әрекеттері арқылы көз жеткізулеріне және т.с.с.) танымдық іс-әрекеттің деңгейлік сатыларының (репродуктивтік-ізденушілік-зерттеушілік



(шығармашылық)) арасындағы сабақтастық негізінде проблемалық сұрақтарға жауап іздеуді ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылды.

Жүргізілген зерттеу негізінде келесі қорытынды жасауға болады:

1 Колледж білім алушылардың құзыреттілігін қалыптастыруда өзіндік жұмыс ерекше орын алады, өйткені оларда теориялық және практикалық білімнің интеграциясы жүргізіледі, өндірістік қатынаста қажетті еңбек операцияларын орындау дағдылары қалыптасады.

2 педагогикалық практикада қолданылатын арнайы пәндер бойынша тәжірибелік сабақтарды өткізу әдістемесі формалды сипатқа ие.

3 әзірленген әдістемені кең педагогикалық тәжірибеде қолдану мүмкіндігі бар.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Сабыров Т. Оқыту теориясының негіздері. Алматы 1998 ж.
- 2 Кенжебеков Б.Т. Болашақ педагогтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері – Алматы: ТОО «Стандарт», 2006. – 260 б.
- 3 А. Демеуов. Особенности планирования, организации и контроля внеаудиторной самостоятельной работы студентов // Высшая школа Казахстана. – 2004. – №3. – С. 52-54.
- 4 Равен, Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация / Дж.Равен. - М., «Когито-Центр», 2002., с. 253 (англ. 1984).
- 5 Хуторский А.В. Определение общепредметного содержания и ключевых компетенций как характеристика нового подхода к конструированию образовательных стандартов [Электронный ресурс] / А.В. Хуторской // Интернет-журнал Вестник Института образования человека – 2011. – №1. - Режим доступа: <http://иоч.рф/journal/2011/Eidos-Vestnik2011-103-Khutorskoy.pdf>
- 6 Маркова, А.К. Психология профессионализма / А.К.Маркова. - М.: Международный гуманитарный фонд «Знание», 1996.
- 7 Зимняя, И.А. Единая социально-профессиональная компетентность выпускника университета: понятие, подходы к формированию и оценке / И.А. Зимняя, Е.В. Земцова. - М.: 2008. - 54с.
- 8 Ж.Е.Сарсекеева. Педагогические условия организации самостоятельной работы студентов в процессе изучения педагогических дисциплин: автореф. ... канд.пед.наук: 13.00.08.– Караганда, 2005. – 29 с.
- 9 Пидкасистый П. И. Самостоятельная познавательная деятельность школьников в обучении. Теория экспериментального исследования. – М.: Педагогика, 1980. – 146 с.
- 10 Әбдікәрімұлы Б., Андасова Б.З. Кредиттік оқыту жүйесі бойынша болашақ экономистердің өздік жұмысының педагогикалық шарттары. – Астана: Еуразия гуманитарлық институты, 2007. – 258 б.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІКТІ САҚТАУ РАХЫМБЕКОВ Айтбай Жапарович, ИКЛАСБАЕВА Г.А., АДЫЛКАН А.Е., НУҒМАНОВ А.А.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті
Талдықорған, Қазақстан
rahim_tal@mail.ru

Аннотация

Мақалада "Өмір сүру қауіпсіздігінің негіздері" пәні мысалында оқытудың өзекті мәселелері қарастырылады. Ағзаның қоршаған ортаның өзгеретін жағдайларына бейімделу процесі, шын мәнінде, адамның табиғи, өндірістік және әлеуметтік жағдайларға бейімделу мүмкіндігін білдіреді.

Түйінді сөздер: тәрбие, көзқарас, адам өмірі, халықты қорғау, төтенше жағдай, психология, қауіпсіздік, еңбек.

Аннотация

В статье рассматриваются актуальные вопросы обучения студентов на примере дисциплины "Основы безопасности жизнедеятельности". Процесс адаптации организма к изменяющимся условиям окружающей среды, по сути, представляет собой возможность адаптации человека к природным, производственным и социальным условиям.

Ключевые слова: воспитание, взгляд, человеческая жизнь, защита населения, чрезвычайная ситуация, психология, безопасность, труд.



Abstract

The article deals with current issues of students' education on the example of the discipline "Fundamentals of life safety". The process of adaptation of the organism to changing environmental conditions, in fact, is the possibility of human adaptation to natural, industrial and social conditions.

Keywords: education, view, human life, protection of the population, emergency situation, psychology, security, labor.

Кіріспе

Осы тұжырымдама өмір сүру қауіпсіздігі "ӨСҚ" негіздерінің оқу пәнін сапалы дамыту жағдайларын қамтамасыз ету, жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігі саласында өзі қалыптастыратын құзыреттердің маңыздылық дәрежесіне, мемлекеттік тапсырысқа, халықтың қажеттіліктеріне және қоғам дамуының перспективалық міндеттеріне сәйкес оның білім беру мәртебесін өзгерту болып табылады. Өмір сүру қауіпсіздігі саласында білім, білік және дағдыларды игеру мағыналы және ішкі келісілген процесс болуы керек. ӨСҚ-н оқытудың мақсаты, С.В. Беловтың [1], айтуы бойынша білімді игеру келесі шарттарды міндеттейді:

- табиғи, техногендік және әлеуметтік сипаттағы қауіпті және төтенше жағдайлардағы адамның қауіпсіз мінез - құлқы туралы;

- салауатты және маңызды өмір салты туралы;
- халықты қауіпті және төтенше жағдайлардан қорғаудың мемлекеттік жүйесі туралы;
- азаматтардың мемлекетті қорғау жөніндегі міндеттері туралы;
- адам өмірі мен денсаулығына құндылық қатынасын тәрбиелеу туралы;
- батырлық мұраға және оның мемлекеттік рәміздеріне құрмет сезімі туралы;
- патриотизм және Отанды қорғау жөніндегі борыш туралы;
- төтенше жағдайларда қауіпсіз жүріс - тұрыс үшін қажетті жеке қасиеттердің дамуы туралы;
- әскери қызмет өткеру кезінде және бейбітшіліктегі жағдайларды;
- терроризм актілерін болдырмау бойынша қырағылық туралы;
- салауатты өмір салтын ұстану қажеттілігі туралы;
- өмір мен денсаулыққа қауіпті жағдайларды бағалау дағдыларын игеру туралы;
- төтенше жағдайлардағы адам әрекеттері туралы;
- жеке және ұжымдық қорғану құралдарын пайдалану туралы;
- зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету туралы.

Қазіргі студенттер жеке адам мен қоғамның өміріне, денсаулығына және қауіпсіздігіне қауіп төндіретін әрекеттер мен әсерлерге төзбеуі керек, сонымен қатар оларға өз мүмкіндіктері шегінде қарсы тұра білуі керек.

Мұндай байланыстарды пайдалану студенттің ӨСҚ-не оқуға деген оң ынтасын арттырып қана қоймай, әр студенттің жеке ерекшеліктері мен мүдделерін ескеріп қана қоймай, сонымен қатар студенттерді қазіргі жағдайда өмір сүруге жан - жақты дайындауға мүмкіндік береді, өйткені қазіргі білім беру бағдарламалары адам қызметінің барлық аспектілерін аз немесе өте аз қамтиды.

Жалпы, ӨСҚ пәні және басқа пәндердегі қауіпсіздік фрагменттері "өмір қауіпсіздігі негіздері" жалпы білім беру саласын құрайды, барлық компоненттер тақырыптық және хронологиялық жағынан тығыз байланысты [2-4].

Қазіргі заманның ең өзекті мәселелерінің бірі Төтенше жағдайлар (ТЖ) туындаған жағдайда халықты қорғауды қамтамасыз ету болып табылады. Соңғы бірнеше онжылдықта мұндай жағдайлардың құрылымы мен сипаты айтарлықтай өзгерді: салыстырмалы түрде тұрақты қайталанатын табиғи апаттар аясында, бір жағынан, жаппай қырып - жою құралдарын қолдана отырып, дүниежүзілік соғыс қаупі бұрынғы нәрсе болып табылады, екінші жағынан, террористік және диверсиялық актілердің, техногендік және ерекше апаттардың саны мен көлемінің өсу тенденциясы мазаламайды.

Жоғарыда баяндалғанды назарға ала отырып, ТЖ зардаптарының алдын алу және жою жөніндегі іс-шаралардың жалпы мемлекеттік жүйесі шеңберінде халық арасында тіршілік қауіпсіздігі мәселелерін насихаттауды кеңейтудің орындылығын мойындау қажет. Халықпен жұмыс бірнеше деңгейде жүргізілуі тиіс. Бұл жұмыстың маңызды құрамдас бөлігі студенттер мен оқу орындарының студенттерін қазіргі заманғы IT бағдарламалары бойынша оқытуды ұйымдастыру болып табылады.

Нәтижелер және оларды талқылау:

Қазақстан Республикасының жаңа экономикалық және әлеуметтік саясаты өнеркәсіптің барлық салаларының қарқынды дамуына кең жол ашты. Еліміздің жер қойнауы минералды және мұнай-газ қорына өте бай болғандықтан республикамыздағы тау-кен, химиялық, қара және түрлі-түсті



металлургия, сирек және асыл затты метал, алтын, алмас өңдеу және тағы басқа өндірістерді әлем экономикасының озық қатарына қосылуда.

Өнеркәсіптің әр саласының дамуымен бірге оны қауіпсіздендіру міндетті өзекті мәселеге айналуға. Осы орайда төтенше жағдайлар зор көлемді зиян келтіруі мүмкін екеніне көз жетерлік. Төтенше жағдайлар, белгілі түрде, табиғи, техногендік және жаппай қыру құралдарын пайдалану кезіндегі төтенше жағдайлар өнеркәсіп орындарын қирату мен істен шығаруға, жергілікті халықты зардап шегуге, ал жалпы алғанда, елдің экономикасына зор нұсқан келтіруге әкеліп соқтырады.

Сондықтан төтенше жағдайлардың алдын алу, оның салдарын азайту, сондай-ақ ең бастысы түрлі әдістерді пайдаланып, халықты төтенше жағдайлардың жойқын күштерінен сақтау, үйрету және құтқару жұмыстарын кешенді түрде ұйымдастыру - алдағы тұрған басты мақсат. Техносфераны жасай отырып, адам баласы тіршілік жағдайларын әр жақты жоғарлатуға тырысты. Дегенмен бұл прогресс адамзатты ең жоғарғы деңгейге шығарды, бірақ ол өзінің кері әсерін, яғни жер қойнауының кедейленуіне әкеліп соқтырды.

Технологиялық үрдістерде қолдан ылатын аппараттардың қуаты артып, соған сәйкес қауіпті заттардың мөлшерлері де көбеюде. Энергия көздері болып табылатын мұнай және газ саласы 70 процентке өсті. Заманауи нысандардың да энергия тұтыну қуаты да қатты өсті. Жылына қуаты 10-15 млн/ тонналық мұнай өңдеу өнеркәсіптері аймақтарда 300 - 500 мың тоннаға дейін көмірсутекті отын қоры жинақталады. Бұл қордың энергиясы эквивалентті түрде 3-5 Мт тротил мөлшеріне тең. Қолданылатын технологиялардың қарқынды дамуынан температура, қысым, қауіпті заттардың мөлшері сияқты көрсеткіштер де артып отырады. Бұл жағдай қазіргі заманғы өндірістік кәсіпорындардың апаттық жағдайларын жоғарылатады.

Студенттерге жаппай қирату қаруларының салдарынан, табиғат құбылыстарының, техногендік апаттардың себебінен туындайтын төтенше жағдайларда қабылдайтын шешім, жүзеге асыратын іс - қимылдар, жүріп - тұру тәртібін үйрету, оларды құтқару жасақтардың басшылары ретінде дайындау ең маңызды проблемалар болып табылады.

ОСҚ оқытуда заманауи ақпараттық технологиялар үлкен көмек көрсете алады. Мультимедиялық бағдарламалар жиынтығымен жабдықталған компьютер оң мотивацияның қуатты көзі, тиімді дидактикалық құрал болып табылады, сонымен қатар интернеттен осы білім беру саласындағы жаңа әзірлемелер мен құжаттаманы уақтылы алуға мүмкіндік береді.

Студенттерді кенеттен болған авариялар, апаттар, дүлей және өзге де зілзалалар нәтижесінде қалыптасқан төтенше жағдайдағы іс - қимылдарға дайындау сапасына қойылатын талаптарды арттыру, халықты және аумақтарды техногендік және табиғи сипаттағы ТЖ-дан қорғау жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және жүзеге асыру, Қауіпсіздік техникасы, жеке және ұжымдық қорғау қағидаларын меңгеру дағдыларын тұжырымдау қажет.

Студенттердің дені зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсетуге теориялық және практикалық дайындығына назар аудару керек. Сонымен бірге, ӨСҚ оқыту қазіргі заманғы жағдайға жан - жақты көзқарас қалыптастыру үшін қазіргі заманғы ғылыми - техникалық деңгейде жүргізілуі керек, бұл ӨСҚ өркениеттің жаһандық проблемасы ретінде қамтамасыз етуге көзқарасты анықтайды. Студенттердің сабақта алған білімдері мен дағдыларын бекіту үшін халықты және аумақтарды қорғау мәселелерін дипломдық және курстық жұмыстарға және өндірістік практикаға тапсырмаларды қосуды қарастыруға болады.

Интерактивті оқыту құралын қосу нәтижесінде оқушы мен мұғалім арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл қалай өзгередінін қадағалаймыз. Білім беру мақсатының ақпараттық өзара әрекеттесуінің дәстүрлі схемасы білім алушы мен білім алушы арасындағы екі жақты байланыс сияқты. Осыған сүйене отырып, ӨСҚ әдістемелік тұрғыдан дұрыс оқыту кезінде бұл курс университет пен мектептің болашақ түлектеріне қазіргі қоғам жағдайында өмір мен қызметке дайындалуда, белсенді өмірлік ұстанымды дамытуда айтарлықтай көмек көрсете алады деген қорытынды жасауға болады [5,6].

Өмір қауіпсіздігі негіздері бойынша толық курсты оқып, жоғары оқу орнын бітірген жастар:

- * салауатты өмір салтының негізгі дағдыларын меңгереді;

- * үйде, көшеде қауіпсіз жүріс - тұрыс ережелерін, қауіпті жағдайларда көмек көрсету немесе табу тәсілдерін меңгереді;

- * күнделікті өмірдегі, табиғи, әлеуметтік және техногендік сипаттағы қауіпті және төтенше жағдайлардағы жеке қауіпсіздік шараларымен; халықты қорғау бойынша мемлекет өткізетін іс - шаралармен танысады;

- * адамзат үшін өз тіршілігінен туындайтын жаңа қауіптердің пайда болу себептері және ауқымымен танысады;



* төтенше жағдайларда (Отанды әскери қорғауды қоса алғанда) халықты қорғау саласындағы мемлекеттік ұйымдардың міндеттерімен, құрылымдарымен және қызметімен танысады);

* азаматтық жауапкершілік шарасын, жаһандық және ұлттық деңгейлерде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жеке қатысу қажеттілігін және қоғамдық ұйымдардың рөлін түсінуді меңгереді.

Қорытынды:

Бұл бағыттағы білім беру іс - әрекетінің түпкілікті нәтижесі - түлектердің портретіндегі салауатты өмір салтының құндылығы мен қажеттілігін терең түсіну; күнделікті өмірде және өндірісте қауіпсіз мінез-құлық; физикалық жетілуге ұмтылу, сондай-ақ өзін-өзі шешім қабылдауға қабілетті толыққанды тұлға ретінде тану және олар үшін жауапкершілік алу сияқты белгілерді өзіне және басқа адамдарға көрсете алады.

Сондықтан бұл жерде жұмыс нысандары мен әдістерін жетілдіруге, оқушылардың бойында тиісті практикалық дағдыларды қалыптастыруға міндетті бағдарлана отырып, олардың оқыту сапасы мен білімін арттыруға бағыт алған жөн.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

Кітаптар:

1. Белов С.В. Тіршілік қауіпсіздігі ғылым ретінде // "Тіршілік қауіпсіздігі", 2003, № 2., Б. 11-18.
2. Власова Л.М. Өмір қауіпсіздігі. Қауіпсіздік проблемаларының заманауи кешені. М., Ғылым, 2004.

3. Білім беру процесінің мазмұны мен ұйымдастырылуын қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар./ Под ред. Т. В. Расташанской. Томск: 2009, 116 б.

4. Останко Л. П., Ресей білімін модернизациялау жағдайында өмір сүруді оқытудың өзекті мәселелері және әскери-патриоттық тәрбиені оңтайландыру, 2009. Линченко с. Н., Грушко г. в., Горина и. И. білім беру реформаларын жүзеге асыру аясында өмір қауіпсіздігін оқытудың заманауи мәселелері // іргелі зерттеулер. – 2007. – № 9. – Б.106-108.

5. Приходько а. Н., Денсаулық педагогикасы – педагогикалық ғылым мен практиканың жаңа деңгейі, 2009.

Интернет көздері:

6. URL: <http://www.fundamental-research.ru/ru/article/view?id=3664>

ОРЫС ТОПТАРЫНА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

САБИТБЕКОВА Майраш Муратовна

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті

Ақтөбе, Қазақстан

nurmai_66@mail.ru

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі –қазақ тілі. Еліміз тәуелсіздік алғалы бері қазақ тілін оқыту әдістемесін жетілдіру күн тәртібінен түспей келе жатқан мәселелердің бірегейі. Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілін сақтай отырып, ұлт бірлігін нығайтудың маңызды факторы ретінде саналатын мемлекеттік тілді балабақша, мектеп, жоғары оқу орындарында, мемлекеттік қызмет пен қоғамдық- саяси, әлеуметтік кәсіпкерлік саласында батыл қолданысқа енгізіп, қазақстандықтардың өмірлік қажеттілігіне айналдыруды мақсат еткен «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы» да кезең-кезеңмен іске асып, өз нәтижесін беруде. Әсіресе орыс тілді мектептерде, орта, жоғары оқу орындарының орыс топтарында жүйелі оқыту үрдісін қалыптастыру маңыздылығы арта түсті. Мемлекеттік тілді оқытудың тиімді де ыңғайлы моделі мен жүйесін қалыптастыру мұғалімдер мен оқытушылардың шығармашылығы мен кәсіби шеберлігіне тікелей байланысты. Орыс сыныптары мен топтарында оқытатын қазақ тілі пәнінің мұғалімдері үшін білім алушылардың сөйлеу дағдысын дамыту мен коммуникативтік біліктілігін арттыру басты назарда. Сондықтан тіл үйретуде орта және ЖОО грамматикамен қатар берілетін лексикалық мәтіндер білім алушылардың мемлекеттік тілді меңгеруіне және қазақ тілінде ауызекі сөйлеуіне бағытталады. Осы орайда орыс топтарына қазақ тілін оқытудың тиімді әдістері мен заманауи озық технологияларын меңгерудің маңыздылығы зор.

«Қазіргі заман жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай жаңа білім беру өте қажет-ақ» -деп елбасымыз атап көрсеткендей инновациялық оқыту әдістерін енгізу – жаңа білім берудің бірден-бір шарты болмақ. Сондықтан жаңа ғылыми әдебиеттерде қолданылып



жүрген бірқатар оқыту әдістеріне тоқталып өткенді жөн көрдік. Орыс тілді аудиторияда қазақ тілін оқытудың тиімді жолдары:

- Түсіндіру әдісі. Бұл әдіске ауызша баяндау, тақырыпты түсіндіру, сұрақ-жауап, әңгіме, дәріс түрлері, жаңа тақырып туралы ақпарат беру, сөздікпен жұмыстар жатады.
- Кітаппен жұмыс әдісі. Оқулық немесе әдістемелік құралдан мұғалім түсіндірген ақпаратты қарау, анықтамалар, теория, түсініктер, глосарийлер, жоспар, конспект, тезис, газет, журнал, тірек сөздермен жұмыстар осы әдістің негізін құрайды.
- Көрнекілік әдісі. Кестелер, үлестіріме кеспелер, экскурсиялар, буклеттер, альбомдар, схемалар пайдалану.
- Техникалық құралмен жұмыс істеу әдісі. Мультимедиялық құралдарды қолдану, тұсаукесерлер, диафильм, бейнефильмдер, аудио мәтіндер, кинолардан фрагменттер қолдану, компьютермен жұмыс арқылы тіл үйретуді қызықты әрі жеңіл ету.
- Жаттығу әдісі. Жазылым түрлері: дәптермен, тақтамен жұмыс, суретке сөйлем құру, қайталау, пысықтау сұрақтарын құру, сөйлем құруда өз ойын еркін жеткізу дағдыларын қалыптастыру [1;261].

Оқыту технологиясы – бұл, бір жағынан, оқу – ақпаратын дайындау, өңдеу, әдіс - тәсілдерінің жиынтығы, екінші жағынан, ұстаздың шәкіртіне оқыту үрдісінде қажетті технологиялық және ақпараттандыру құралдарын пайдалана отырып ықпал ету тәсілдері. Оқытудың мазмұны мен оқыту әдістері өзара тығыз байланыста болу керек.

Қазіргі ғылым мен техника дамыған заманда қазақ тілін үйретудің заманауи әдістері дамып келеді. Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқытудың мақсаты – коммуникативтік, тілдік, мәдени-танымдық біліктілігі дамыған дара тұлға даярлауға мүмкіндік туғызу. Қазақ тілін оқыту барысында тіл үйренушілердің пікір айту, ауызша, жазбаша сауатты сөйлеу, қоғамның өзге өкілдерімен дұрыс қарым-қатынас жасау, яғни әрбір адамға керекті коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру мәселелерін шешуге міндеттіміз. Тілді мазмұнсыз, мағынасыз меңгеру мүмкін емес. Тіл арқылы қазақ халқының тарихы, әдебиеті, мәдениеті, ұлттық салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, болмысы танылады. Орыс тілді топтарда немесе сыныптарда білім алушылардың тіл үйренуінде қазақ тілінде қарым-қатынас жасау маңызды. Коммуникацияға түсу үшін тілдік нормалар мен сөздік қорды байыту қажет. Бұл туралы ғалым Ф.Ш.Оразбаева өзінің «Тілдік коммуникация негіздері» атты еңбегінде: «Коммуникация – қарым - қатынас, араласу, хабарласу, байланыс деген сияқты мағыналарды білдіре келіп, адамдардың тіл арқылы сөйлесу процесін, тілдесу ерекшеліктерін, тілдің әлеуметтік мәні мен қоғамдық қызметін, адамдар арасындағы қарым - қатынасты, өзара түсінушілікті көрсетеді», - деп атап өтті.

Тілді оқытып, үйретудің сапасын арттыру әр түрлі жағдайларға байланысты. Орыс топтарында оқытылатын қазақ тілі пәнінің түпкі мақсаты – оқушыларға қазақ тілін меңгерту, ойлау қабілеті мен сауаттылығын арттыру, қазақ тілінде сөйлеп, жаза білетін дәрежеге жеткізу, қазақ халқының әдет-ғұрпын, тарихын танып талаптандыру, тілін құрметтеуге тәрбиелеу, сонымен қатар Отанды, табиғатты, айналадағы құбылысты, тыныс – тіршілігімен жан-жақты терең таныстыру [2].

Орыс топтарына қазақ тілін үйретуде өзін ЖОО оқытушысы ретінде алдыма мынадай міндеттер қойдым:

- Тілдің практикалық жағын меңгерту арқылы орыс топтарына мемлекеттік тілді оқытуды жеңілдету;
- Білім алушының жоғарыдағы әдістер арқылы ауызша ғана емес сонымен қатар сауатты жазбаша сөйлеу тілін қалыптастырып, сөй байлығын молайту.
- Шығармашылық ізденіске баулу, білім алушының тіл үйренуге қызығушылығын арттыру.

Аталған міндеттерді шешу үшін төмендегі әдістерді ұсынамын:

- Орыс сыныптары болсын, орыс топтары болсын дәстүрлі сабақтардан гөрі заманауи инновациялық технологиялармен өткізілген сабақтар қызықты болады. Әрі тіл үйренушінің тіл үйренуге деген қызығушылығын арттырады. Ол үшін көрнекіліктер қолданудың да маңыздылығы зор. Себебі сөзбен көріп, қолмен ұстаған жылдамырақ, әрі ұзақ есте сақталады. Сондықтан тиімді әдіс-тәсілдердің бірі – ол көрнекілікпен жұмыс. Бұл орайда қазақ тілін А1,А2,В1,В2 деңгейлеріне бөліп оқыту да тиімді. Себебі әр деңгейге байланысты берілген жаңа сөздер мен мәтіндерге орай суреттер, пазлдар құрау, шағын тақырыптарға мәтіндер құру, қысқаша мәтіндерді әңгімелеу тіл үйренушіге ерекше әсер қалдырады.

- Және ауызша-жазбаша тіл дамытуда келесідей кешенді әдіс-тәсіл түрлерін ұсынамын:
- Шығармашылық тапсырмалар – әр деңгейге байланысты қарапайымнан күрделіге дейін;



- Проблемалық сұрақтар
- Ситуациялық тапсырмалар
- Ойын элементтері: сергіту сәттері
- Деңгейлік тапсырмалар

Енді осы әдіс-тәсілдерге кейбіріне тоқтала кетсек: шығармашылық әдіс түрлеріне, мысалы А1 деңгейімен оқитын топтарда жыл мезгілдеріне, жеміс атауларына, азық-түлік, жануарлар аттарына тірек сөздер беріп, сол арқылы ауызша немесе жазбаша мәтіндер құру. Ал В2 деңгейінде білім алушының ой-қиялын дамытатын күрделі әңгімелер жаздыру, диалогтар құру, ребустар, тест сұрақтарын құрғызу. Яғни әдіс-тәсілдің қай түрінде де деңгей қарапайымнан күрделіге бағытымен өрбиді. Білім алушылардың есте сақтау қабілеттерінің дәрежесін анықтау мақсатында жаңа сөздермен жұмыс ұсынылып, бір минут ішінде қанша сөз есте сақтағанын абақылауға болады. Әр лексикалық мәтінмен жұмыс жасап болған соң, осы тапсырманы қайталау тіл үйренушілердің қазақ тіліндегі сөздерді есте сақтап, күнделікті өмірде кең қолданысқа енгізуіне мүмкіндік береді.

Ситуациялық тапсырмалар бағытында Амонашвилидің ситуациялық-рөлдік ойындары әдісінің маңызы зор. Кез келген тақырыпта, мәселен, «Дүкенде», «Кітапханада», «Автобуста», «Саябақта», «Емханада» т.б тақырыптарда диалог түріндегі ауызекі сөйлесу мәтіндерді өткізу де тиімді. Себебі бұл күнделікті тұрмыс-тіршілікті де тілді кеңірек қолдануға таптырмайтын мүмкіндік. Әр сабақта осы әдіспен екі жұм білім алушыдан сұрап тұрған артық етпейді, ол тіл үйренушілердің тілдерін жаттықтырып, оларды қазақ тілінде жүйелі сөйлеп, жүйелі ойлауға дағдыландыра түседі.

Сабақта ойын элементтерін пайдалану да білім алушылардың тілге деген қызығушылығын арттыратын әдістердің бірі. «Кім жылдам?», «Тізбек» ойындары арқылы тіл үйренушілердің сөздік қорын байытамыз. Ойын элементтері арқылы оқытудың да тиімділігі – білім алушы бар ынтасымен беріліп, алуан мәлімет пен дағдыны бір мезгілде меңгере алады. Бұл әдіс көбіне қайталау, қорытынды сабақтарда қолдануға таптырмайтын тәсіл. Өтілген лексикалық тақырыпқа байланысты немесе грамматикалық категорияға байланысты «Тізбек» ойынын алайық. Мәселен, сын есімді өтсек, бірінші бала қара деп бастайды, келесі бала сол сөздің соңғы дыбысынан басталатын сын есім табуы керек. Бұл білім алушыны әрі сергітеді, әрі сөздерді жатқа айтуға дағдыландырады.

Деңгейлік тапсырмалар әдісіне тоқталайық. Деңгейлік тапсырмаларды әр тақырыпты өткен кейінгі жұмыстарда, бекіту сәттерінде де пайдалануға болады. Білім алушының жаңа тақырыпты меңгеру деңгейін анықтай аламыз.

1 деңгей. Барлығына бірдей міндетті деңгей. Мұнда жаңа тақырып бойынша жеңіл, қарапайым сұрақтар беріледі. Мысалы: «Терминдер» тақырыбы бойынша.

1 деңгей. Әр салаға қатысты терминдердің атын жаз.

2 деңгей. Терминдерді қатыстырып, 10 сөз тіркесін жаз. (қызықты арифметика, нарықтық экономика, лингвистикалық жүйе, медициналық көмек) 2 деңгейдің тапсырмасының өзіне барлық білім алушы толық жауап жаза алмауы мүмкін.

3 деңгей. «Терминдердің ерекшелігі» тақырыбына 3-4 сөйлем құра. Сабақтың соңында 15-20 минуттық тапсырма ретінде беріледі. Дәптерлері жиналып алынып тексеріледі. Бұл әдіс барлық кластарда, барлық топтарда да сабақ тақырыптарына байланысты қолданыла беріледі. Мұнда білім алушылардың сауаттылығы, нақтылығы, өзіндік ойы аңғарылады. Жаңа тақырыпты қаншалықты игергені және жалпы білім деңгейі қаншалықты екені де байқалады. Оқушыларды есту арқылы қабылдаған ақпаратты түсініп, жинақтап, соған сәйкес сөзінің жауабын айта білуге үйрететін тілдік қатысымның күрделі түрінің бірегейі тыңдалым. Тыңдалымда оқушының есту дағдысы ескеріледі. Әдіскерлер тыңдалымды меңгерудің мынадай қағидаларын ұсынады: «Тыңдалымды жете меңгеру оған қатысты мынадай белгілерді үйретумен байланысты: 1. Басқа дыбыстардан тілдік дыбыс толқынын, олардың ерекшеліктерін ажырата білу; 2. Аудиолық тілдік тұлғалардың мағынасы мәнін дұрыс қабылдай білу; 3. Мәтіннен қажетті деректі тауып, пайдалана білу; 4. Тыңдалымға қатысты негізгі көрсеткіштерді жан-жақты меңгеру» [3;15]. Жоғарыдағы әдіс-тәсілдер тіл үйренудегі тиімді әдістердің бірқатары. Бұл әдістерді қолдану арқылы орыс сыныптарында немесе орыс топтарында тілді меңгертуді жеңілдетуге болады.

Қазақ тілі — әлемдегі алты мыңға жуық тілдердің ішіндегі қолдану өрісі жағынан жетпісінші, ал тіл байлығы мен көркемдігі, оралымдығы жағынан алғашқы ондықтар қатарындағы тіл. Сондай-ақ, ол дүние жүзіндегі ауызша және жазбаша тіл мәдениеті қалыптасқан алты жүз тілдің, мемлекеттік мәртебеге ие екі жүз тілдің қатарында тұр [4;141].

Біздің мақсатымыз орыс топтарында оқитын өзге ұлт өкілдерін қазақ қылып шығару емес, оларға ана тілімізді түсініп, әдет-ғұрпымызды сыйлап, алған білімдерін іс-жүзінде іске асыра білуге тәрбиелеу, дағдыларын қалыптастыру. Үйренушіге жалаң сөздермен сөз тіркестерімен жаттанды



сөйлеуге қалыптастырмай, үйренген сөздерін сөйлеуде, әңгімелескенде дұрыс қолдана білуге жаттықтыру.

Қазақ тілінің жаңа оқыту әдістері мен тәсілдері арқылы біз білім деңгейі, ой өрісі дамыған, тіл арқылы өз ойын еркін, сауатты жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін, шынайы өмірге бейім жаңашыл ұрпақ тәрбиелейміз.

Білім алушылар оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым дағдыларын қалыптастыра отырып, еркін қарым - қатынас жасауға, сын тұрғысынан көзқарасын білдіруге, өз ойын жеткізіп, шешім қабылдауға дағдыланады. Қазақ тілінде қажетті мәліметті алу үшін өзі оқыған ақпараттарды тиімді қолданысқа енгізе алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бейсембайқызы З. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. –Алматы, 2002.
2. Мейрманқұлов А, Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы: Фолиант, 2010
3. Оразбаева Ф.Ш. Рахметова Р.С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: Оқу құралы. –Алматы: Print-S, 2005.
4. Мизанбаева Г.Ш. Қазақ тілін оқытудың тиімді жолдары. Қарағанды хабаршысы №1.
5. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы /Қазақстан жоғары мектебі №1, 2004. 5-20-66.

ПРАКТИКО-ОРИЕНТИРОВАННАЯ ПОДГОТОВКА СТУДЕНТОВ ЭКОНОМИЧЕСКИХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ В ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЯХ РЕСПУБЛИКИ БЕЛАРУСЬ **САВЕНКО Светлана Викторовна**

УО «Белорусский государственный экономический университет»

Минск, Беларусь

Savenkovs@yandex.ru

Аннотация

Мақалада Беларусь Республикасы жоғары оқу орындарының экономикалық мамандықтары студенттеріне тәжірибеге бағытталған білім беру қажеттілігі туралы айтылады. Кәсіпкерлік университет тұжырымдамасы талданады («Университет 3.0»). Университеттер мен іскери қоғамдастық өкілдері арасындағы өзара әрекеттесудің әртүрлі формаларын қолдану туралы ұсыныстар негізделген.

Аннотация

В статье рассматривается необходимость практико-ориентированного обучения студентов экономических специальностей высших учебных заведений Республики Беларусь. Анализируется концепция предпринимательского университета («Университет 3.0»). Обосновываются предложения по использованию различных форм взаимодействия университетов и представителей бизнес-сообществ.

Современные реалии диктуют необходимость достижения сбалансированного спроса и предложения в кадрах экономического направления на рынке труда. В этой ситуации основным условиям образовательного процесса в высшем учебном заведении является его практико-ориентированная направленность. Активная организация практико-ориентированной подготовки студентов должна проявляться, в первую очередь в рамках текущего учебного процесса и посредством прохождения производственной практики.

Неоспоримо значение образовательных услуг в экономической, политической и социальной жизни населения. Все больше актуальны нестандартные методы обучения, основой которых становятся ежедневно развивающиеся технологии, быстрыми темпами растет мобильность студентов в условиях трансграничного образования.

Получение высшего образования – это, в первую очередь инвестиции в человеческие ресурсы, а высокое качество образовательных процессов и услуг имеет важное значение для развития культурного, социального и экономического статуса любой страны. Поэтому качественная подготовка специалистов напрямую влияет на престиж и конкурентоспособность высшего учебного заведения.

Вместе с тем, будущие студенты во всем мире для получения высшего образования все чаще выбирают иностранные вузы. На данный момент, принимая общее количество обучаемых за границей



за 100%, более половины всех иностранных студентов обучаются в четырех англоязычных странах: США (18,6%), Великобритании (8,2%), Австралии (7,2%) и Канаде (4%) [1].

В глобальных масштабах Европа остается регионом, принимающим наибольшее количество иностранных студентов. Северная Америка, хотя и принимает меньшее число студентов в абсолютном выражении, занимает первое место по количеству стран-поставщиков, из которых азиатские страны составляют почти две трети. Азия возглавляет список регионов, направляющих студентов для получения высшего образования за рубеж. Самыми крупными по «экспорту студентов» традиционно являются Китай (17,5%), Индия (6,3%) и Республика Корея (2%).

После азиатских стран в списке располагаются Европа, Африка, страны Северной и Южной Америки, Азиатско-Тихоокеанский регион [2].

Такой большой приток иностранных студентов в США обусловлен высоким уровнем качества образовательных услуг и практической направленностью в подготовке будущих специалистов. Теоретической части уделяется не более 20-30% времени обучения дисциплине, при этом большая часть аудиторного времени уделяется наработку практических навыков.

Все больший интерес на постсоветском пространстве вызывает распространение концепции «Университет 3.0» или «предпринимательский университет».

В литературе все больше можно встретить различные значения данной дефиниции:

- высшее учебное заведение использующее инновационные методы обучения;
- учреждение, имеющее четкую практико-ориентированную направленность;
- учреждение высшего образования, направленное на привлечение дополнительных финансовых ресурсов для обеспечения своей деятельности,
- университет, внедряющий научные разработки при тесном взаимодействии с бизнесом;
- ВУЗ, который готовит специалистов в соответствии с четко заданными критериями, при полном взаимодействии с нанимателями;
- высшее учебное заведение, основанное на развитии предпринимательского потенциала у студентов [3].

Учитывая несколько разные направления данной концепции, очевидным становится тот факт, что многие из них так или иначе направлены на тесное взаимодействие университета и бизнес-сообществ для подготовки специалистов, соответствующих современным реалиям.

Принимая во внимание необходимость практической ориентации и качественную подготовку специалистов, Министерством образования Республики Беларусь был разработан приказ «О совершенствовании деятельности учреждений высшего образования на основе модели «Университет 3.0». На основании приказа начал реализовываться экспериментальный проект. В реализации данного проекта принимают участие 7-мь учреждений высшего образования: БГУИИР; БГУ; БНТУ; БГЭУ; БГТУ; ГрГУ имени Я. Купалы»; ГУ высшего профессионального образования «Белорусско-Российский университет».

Экспериментальный проект направлен на реализацию стартапов в бизнес-инкубаторах и выполнение высокотехнологичных проектов. А также повышение эффективности научно-исследовательской и инновационной деятельности, с последующей коммерциализацией результатов данной деятельности.

Вместе с тем, по данным официальной статистики, в Республик Беларусь функционирует 51 учреждение получения высшего образования и только 7 учреждений как было сказано выше принимают участие в реализации проекта «Университет 3.0», только 5 учреждений высшего образования вошли в 4000 лучших университетов мира на основе данных вебометрического рейтинга университетов «Webometrics Ranking of World Universities» (WRWU): БГУ, БНТУ, ГрГУ имени Я. Купалы, БГУИИР, Гомельский государственный университет имени Франциска Скорины. И только 2 вошли в 1000 лучших университетов мира по рейтингу «Quacquarelli Symonds Ranking» (QS): БГУ и БНТУ [4].

Таким образом, для повышение эффективности практической, научно-исследовательской и инновационной деятельности в условиях взаимодействия университетов и бизнес-сообществ для подготовки специалистов может проявляться, в первую очередь за счет привлечения специалистов-практиков для проведения семинарских и практических занятий. Более опытных специалистов целесообразно привлекать в качестве председателей государственной экзаменационной комиссии.

Стремление к научным достижениям стало главным условия образовательной программы ВУЗов. Таким образом, участие представителей бизнес-сообщества в проведении студенческих научных конференций, совместной разработке тематики курсовых и дипломных проектов позволяет в последующем осуществлять научные исследований по актуальным вопросам, в первую очередь



интересных для предпринимательских структур. А в будущем данное направление может привести и к коммерциализации знаний.

Проведение круглых столов с участием профессорско-преподавательского состава и руководителей предприятий, среди которых следует выделить производственные экспорто-ориентированные предприятия, транспортно-логистические компании, банковский сектор, таможенный комитет и других позволит в последующем более гибко реагировать на изменения, происходящие в мировой экономике.

Приобретение опыта практической деятельности, направленную не только на закрепление полученных теоретических знаний, но и на раскрытие своего мнения и позиции по решению практических задач, путем моделирования конкретных практических ситуаций, где в группах студенты самостоятельно осуществляют весь процесс по организации внешнеэкономической деятельности, а также проведения круглых столов для решения конкретных экономических проблем, решение практических задач, осуществление деловых игр, выполнение творческих заданий, написание эссе - все это инновационные формы обучения будущего специалиста, умело сочетающего в себе практическую и научную ориентацию.

Что касается прохождения производственной практики, то здесь все более актуальным становится совместная разработка индивидуальных задания для прохождения практики с представителями предпринимательских структур.

Таким образом, в любой стране университетское образование рассматривается как важный фактор, влияющий на формирование высококвалифицированной рабочей силы, которая с учетом использования научной и практической составляющей станет двигателем экономического, социального и культурного развития любой нации.

Литература

1. Global Flow of Tertiary-Level Students [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <http://uis.unesco.org/en/uis-student-flow> - Дата доступа: 25.10.2020
2. О. Ф. Малащенко, А. С. Мовсесян. Тенденции развития международного рынка образовательных услуг [Электронный ресурс].-Режим доступа: <https://elib.bsu.by/bitstream/123456789/195991/1/57-68.pdf> - Дата доступа: 25.10.2020
3. Савенко, С.В. Предпринимательский университет в экономике знаний Республики Беларусь /С.В Савенко// Актуальные проблемы образования и общества: сборник научных трудов по материалам III Международной научно-практической конференции. Ярославская государственная сельскохозяйственная академия. Ярославль, 2020, с.79-84
4. Беларусь в цифрах. Статистический справочник // Национальный статистический комитет Республики Беларусь, 2020 [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.belstat.gov.by/> (Date of access: 24.10.2020)

НАҚШИ ТАЪРИБАОМЎЗИИ ПЕДАГОГӢ ДАР ТАШАККУЛИ ОМУӢЗГОРОНИ ОЯНДА

САИДОВ Сафарали Абдураимович, АШУРОВА Барно Эргашевна

Таджикский государственный институт языков имени Сотима Улугзода

Душанбе, Таджикистан

saidov_s@inbox.ru, barnoi-vorukh@mail.ru

Аннотация

В статье рассматриваются способы подготовки высококвалифицированных специалистов во время педагогической практики. Было отмечено, что методисты и кураторы практики не только уделяют особое внимание реализации программы педагогической практики, но, прежде всего, относятся к каждому студенту как к личности, внимательно, целенаправленно и последовательно оценивают возникающие личные и профессиональные аспекты; стараются помочь в преодолении недостатков.

Авторы определяют педагогическую практику как «решающий» аспект подготовки учителей, считая важность периода практики.

При этом они предоставляют информацию об организации педагогической практики в вузах США, Германии, а процесс организации и проведения практики рассматривают как проверку теории, практики, навыков и умения вести воспитательную работу в школе.



В статье отмечается, что продолжительность практики будущих учителей в Великобритании составляет в среднем 25% от общего времени обучения (от 18 до 32 недель). В частности, было отмечено, что в Великобритании используются две основные формы организации школьной практики: традиционная (долгосрочная) и последовательная (краткосрочная, может составлять полдня, день или неделя).

Авторы приходят к выводу, что во многих высших учебных заведениях в других странах непрерывная практика учителей сопровождает студентов с первого по третий год, и в расписании есть «школьный день», в течение которого студентов освобождают от занятий. Однако в некоторых других высших учебных заведениях «школьные дни» заменяются «школьными часами» после школы.

В заключение резюмируются основные различия в организации практики в отечественной и зарубежной системах образования.

Annotation

This article discusses ways to train highly qualified specialists, including in the field of internships. It was noted that methodologists and internship supervisors not only pay special attention to the implementation of the internship program, but, above all, address each student as a unique person, carefully, purposefully and consistently assess the emerging personal and professional aspects; assist in overcoming deficiencies.

The authors define pedagogical practice as a «decisive» aspect of teacher training in order to demonstrate the importance of the internship period in the US professional education standards.

At the same time, they provide information on the organization of internships in German universities, and consider the process of organizing and conducting internships as a test of theory, practice, skills and ability to conduct educational work at school.

